

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9 қазанда № 35238 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 21) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2024 жылғы 9 қазандағы
№ 687 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары

1. Осы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң),

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібіне сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидаларда Заңның 3-бабында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткіші – осы Қағидалардың 275-тармағында айқындалған тәртіппен қолданылатын Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес интеграциялау жолымен алынған мемлекеттік кірістер органдарының немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің тиісті уәкілетті органының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-порталда автоматты түрде айқындалатын әлеуетті өнім берушінің кірістері, төленген салықтары және еңбегіне ақы төлеу қоры бойынша көрсеткіштердің жиынтығы (бұдан әрі-Мемлекеттік кірістер органдары);

2) бастапқы баға – әлеуетті өнім беруші аукцион өткізілгенге дейін ұсынған, аукционға қатысуға өтінімге қоса берілетін, аукцион нысанасының бөлінген сомасынан бес пайыздан аспайтын баға;

3) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып алудың және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

4) веб-порталға қатысушы – Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 22), 23) және 25) тармақшаларға сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі өнім берушілерді қоспағанда, веб-порталда тіркеуден өткен тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, әлеуетті өнім беруші;

5) веб-порталда тіркелу – мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектісін веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберу;

б) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың үлестес тұлғалары – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғалар. Жанама тиесілілік өзге заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (

жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызының әрбір кейінгі үлестес тұлғаға тиесілі болатынын білдіреді;

7) демпингтік баға – осы Қағидаларда айқындалатын шекті мәннен төмен болып табылатын әлеуетті өнім беруші ұсынған баға;

8) жеке кабинет – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін, сатып алуға қатысуларын, сондай-ақ веб-порталда орналастырылған автоматтық хабарламалар мен мәліметтерді алуды жүзеге асыруға арналған пайдаланушының веб-порталдағы автоматтандырылған жұмыс орны;

9) конкурстық комиссия (аукциондық комиссия) – Заңда көзделген конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу үшін ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы құратын алқалы орган. Конкурстық комиссия (аукциондық комиссия) тақ саннан, бірақ кемінде үш адамнан тұруы тиіс;

10) қазынашылық сүйемелдеу – құрылыс объектілері бойынша құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын, қазынашылық органдарындағы шоттар арқылы жүргізілген төлемдердің барлық кезеңдерінде жобаның барлық қатысушыларының – бас мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің салықтарды төлеуінің толықтығын қамтамасыз етуді бақылау;

11) құжаттың электрондық көшірмесі – түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

12) құнның ірілендірілген көрсеткіштері – конструктив пен жұмыс түрлерінің өлшем бірлігіне конструктивтік элементтердің сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері;

13) мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс тәжірибесінің тізілімі (бұдан әрі – жұмыс тәжірибесінің тізілімі) – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35143 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары) айқындалған тәртіппен веб-порталда қалыптастырылатын, әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды қамтитын электрондық деректер базасы;

14) мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) – осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында веб-портал арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт;

15) толық бітіріп берілетін құрылыс туралы шарт – жобалау, іздестіру, құрылыс-монтаждау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, реставрациялау, күрделі жөндеу) жұмыстарын және басқа да

жұмыстарды орындауды, сондай-ақ жобалар мен көрсетілетін техникалық қадағалау қызметтеріне ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді қоспағанда, көрсетілген жұмыстарға ілеспе тауарларды беруді және қызметтер көрсетуді қамтитын, объектіні салу және оны пайдалануға беру жөніндегі кешенді жұмыстар нысанасы болып табылатын, шарт;

16) төленген салықтардың көрсеткіші – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша, осы Қағидалардың 57-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес есептелетін алдыңғы жылдың алдындағы үш жылдың ішінде әлеуетті өнім берушінің кірістерінің сомасына төленген салықтардың сомасының пайыздық қатынасы;

17) уәкілетті өкіл – веб-порталға қатысушының бірінші басшысының тиісті шешімімен веб-порталда барлық іс-қимылдарды атқаруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық құжаттардың көшірмелерін куәландыруға уәкілеттілік берілген веб-порталға қатысушының қолданушысы;

18) форматтық-логикалық бақылау – веб-порталда белгіленетін, веб-порталды пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалық шектеулер кешені;

19) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

20) электрондық сауда алаңы – уәкілетті органмен келісім бойынша бірыңғай оператор айқындайтын талаптарға сәйкес келетін, сатып алуға қатысушыларға электрондық дүкен арқылы веб-порталдың қызметтеріне қолжеткізуді ұсынатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйе;

21) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Қағидаларда пайдаланатын басқа да ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолданылады.

2-тарау. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау

5. Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді мемлекеттік сатып алудың бекітілген немесе нақтыланған жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жоспары) негізінде қабылдайды.

6. Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнайы мемлекеттік қорынан бөлінген ақша немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде осы

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мерзімдері мен көлемі белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық ұсыныста, техникалық-экономикалық негіздемеде, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көрсетілген қаржыландыру мерзімдері мен көлемдеріне сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Тиісті бюджеттік комиссияның оң ұсынысы негізінде тапсырыс беруші тиісті бюджет бекітілгенге (нақтыланғанға) дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар болып табылатын тапсырыс берушілер даму жоспары немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілгенге дейін мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

Көрсетілген жағдайларда мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілгенге дейінгі сатыларда да, нақтыланғанға дейінгі сатыларда да жеке әзірленеді және бекітіледі.

8. Мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілгенге (нақтыланғанға) дейін қолданылады.

9. Мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында көзделген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына ауысады.

10. Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді (нақтылайды).

11. Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 21) 22), 23) және 24) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) енгізілуге жатпайды.

12. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (Мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) мемлекеттік сатып алудың сәйкестендіру коды;

2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомаларды, оның ішінде қосылған құн салығын есепке алмағанда алдын ала төлемнің (аванстың) мөлшерін қоса

алғанда, анықтамалыққа сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын;

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері;

4) Заңның 17-бабында көзделген жағдайларда, әрбір қаржы жылына бөлінген және көзделген сомалар шегінде, графикке сәйкес және жылдар бойынша бөле отырып, тауарлар жеткізудің, жұмыстар орындаудың, қызметтер көрсетудің мерзімдері;

5) Заңның 27-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру шарттары;

6) мемлекеттік сатып алу нысанасының белгісі.

13. Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) конкурс;

2) аукцион;

3) баға ұсыныстарын сұрату;

4) бір көзден алу;

5) электрондық дүкен арқылы.

Бұл ретте, осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Қағидаларда көзделген ерекшеліктермен жүзеге асырылады, оның ішінде:

1) біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс;

2) рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс;

3) толық бітіріп берілетін құрылыс бойынша конкурс.

Тізбесі мен көлемін Заңның 27-бабының 7-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларда көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеу кезінде тапсырыс беруші Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті, бұған мыналар жатпайды:

1) өзара байланысты жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кешенін көздейтін жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

Тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің кемінде бес орны болған жағдайда лотта тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің бірнеше орындарын көрсетуге жол беріледі.

15. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бюджетке (даму жоспарына), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнайы мемлекеттік қорынан бөлінген ақшаға немесе шарттар жасасу талап етілетін экономикалық сыныптаманың (шығыстар баптары) жиынтық ерекшеліктері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес келмейтін көлемде бекітуге (нақтылауға) жол берілмейді.

Егер қаржыландыру көзі республикалық және жергілікті бюджеттерден тұратын болса, тапсырыс беруші бөлінген қаражаттың бар екенін растайтын тиісті бюджет комиссиясының және (немесе) мәслихаттың шешімін веб-порталға орналастырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, оны веб-порталда орналастыруға міндетті.

17. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына осы Қағидалардың 28-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, айына екі реттен асырмай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

18. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды веб-порталда орналастыруға міндетті.

19. Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 21, 22), 23) және 24) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

20. Конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде бірыңғай оператор Заңның 15-бабы 5-тармағының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарының (бастапқы бағаларының) құпиялылығын қамтамасыз етеді.

21. Заңның 6-бабының 10-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджетті, бюджет жобасын нақтылау (түзету) кезінде болған, бекітілген (нақтыланған) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, тапсырыс берушінің бюджетіне (даму жоспарына) немесе жеке қаржыландыру жоспарына бекітілген (нақтыланған) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігін жоққа шығаратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда, бюджетті (даму жоспарына сәйкес ақшаны), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнайы мемлекеттік қорынан бөлінген ақшаны немесе жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес ақшаны басқа тапсырыс берушіге қайта бөлуге, сол сияқты мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) ағымдағы жылы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тапсырыс беруші не ұйымдастырушы өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысатын тұлғаларды осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы хабардар етуге міндетті.

23. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қоюлар белгіленген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар:

1) қазақстандық тауар өндірушілердің не көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілердің өкілдерінің (дистрибьюторларының немесе дилерлерінің) тізілімінде;

2) сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінде орналасқан жеке және заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушінің осы тармақтың 1) тармақшасында қойылатын талаптарға сәйкестігін веб-портал индустриялық даму саласындағы уәкілетті органның және (немесе) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректері негізінде автоматты түрде айқындайды.

Әлеуетті өнім берушінің осы тармақтың 2) тармақшасында қойылатын талаптарға сәйкестігін веб-портал сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін қалыптастыратын электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органның деректері негізінде автоматты түрде айқындайды.

Ұсынылған өтінімдердің болмауына байланысты мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, мұндай мемлекеттік сатып алу барлық әлеуетті өнім берушілер арасында Заңның 10-бабында айқындалған бәсекелестік тәсілдермен жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) :

1) құрылыс-монтаждау жұмыстарын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қоюлар белгіленген тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қосылған құн салығын есепке алмағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың отыз пайызы мөлшерінде алдын ала төлемді (аванс) көрсетеді.

25. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, оның ішінде өзге тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша алдын ала төлемді (авансты) көрсетуді тапсырыс беруші бюджет заңнамасына сәйкес қаржыландырудың болуына қарай дербес көрсетеді.

26. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушілер веб-порталда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттаманы орналастырады. Бұл ретте, бұл талап "Толық бітіріп берілетін құрылыс" бойынша конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қолданылмайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші веб-порталда осы объект бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарының құнын есептеуді орналастырады.

28. Осы Қағидалардың 17-тармағының талабы:

1) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы;

2) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша, оның ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың, хабарламалардың орындалуы;

3) бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджетті нақтылау (түзету) кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

4) осы Қағидалардың 172-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында және 355-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген шешімді қабылдау;

5) өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

6) өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша үнемдеу есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнайы мемлекеттік қорынан бөлінген ақша есебінен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

8) тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырмасын қарау нәтижелері бойынша әзірленген ескертулерді жою, сондай-ақ ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) ұсыныстары мен ұсынымдарын қабылдау мақсатында тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі жағдайларында қолданылмайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы не бірыңғай оператор Заңның 6-бабының 10-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде әлеуетті өнім берушілердің енгізілген өтінімдерін қамтамасыз етуді қайтарады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнайы мемлекеттік қорының қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік сатып алу осы тарауда және Заңның 6-бабында көзделген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Ұйымдастырушыны және бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау, сондай-ақ орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Ұйымдастырушыны айқындау тәртібі

31. Тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлға ретінде әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші ұйымдастырушыны және тапсырыс берушінің алда болатын мемлекеттік сатып алуда мүдделерін білдіретін лауазымды адамын айқындайды.

32. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындауға жауапты өз құрылымдық бөлімшесінің немесе лауазымды тұлғасының атынан ұйымдастырушы бола алады.

33. Тапсырыс беруші ұйымдастырушы етіп тапсырыс берушінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемесін айқындай алады

34. Тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекеме үшін ұйымдастырушы ретінде әрекет ете алады.

35. Тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекеме үшін олардың арасынан ұйымдастырушыны айқындай алады.

36. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеме, өзіне қатысты мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлға не Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзіне қатысты мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен үлестес тұлға үшін ұйымдастырушы ретінде әрекет ете алады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзіне қатысты мемлекеттік басқару органы, ведомстволар мен ведомстволық бағынысты ұйымдар болып табылатын бірнеше заңды тұлғалар үшін олардың арасында ұйымдастырушыны айқындай алады.

Мемлекеттік кәсіпорын онымен үлестес тұлғалар үшін ұйымдастырушы бола алады

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға онымен үлестес тұлғалар үшін ұйымдастырушы бола алады.

37. Тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғада әлеуетті өнім берушілер, тиісті комиссиялар және сарапшы болатын жағдайларды қоспағанда, ұйымдастырушы оны тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынаста ұсынатын лауазымды адамды айқындайды. Ұйымдастырушының өкілі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері қатарынан айқындалады.

2-параграф. Бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау, сондай-ақ орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

38. Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуларды бірыңғай ұйымдастырушылармен жүзеге асырылады.

39. Уәкілетті орган, олар бойынша бірыңғай ұйымдастырушылар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін айқындайды.

40. Бірыңғай ұйымдастырушы ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуларды қоспағанда, уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

41. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен бірыңғай ұйымдастырушының келісімі болған жағдайда, осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген тізбелерге енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

42. Тапсырыс беруші орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы бірыңғай ұйымдастырушыға осы Қағидалардың 8-тарауының 2-параграфында көзделген мәліметтер мен құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды жүргізуге арналған өтінімді жібереді.

43. Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушіден мемлекеттік сатып алуды жүргізуге өтінім келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны мынадай шешімдердің бірін қабылдай отырып, Заңның, осы Қағидалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды:

1) мемлекеттік сатып алуды жүргізуге арналған өтінім Заңның, осы Қағидалардың, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бас тарту себебін көрсете отырып, мемлекеттік сатып алуды жүргізуге арналған өтінімді қабылдамайды;

2) мемлекеттік сатып алуды жүргізуге арналған өтінім Заңның, осы Қағидалардың, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларының талаптарына сәйкес келген жағдайда осындай өтінімді растайды

44. Бірыңғай ұйымдастырушы осы Қағидалардың 43-тармағының 1) тармақшасында көзделген шешімді қабылдаған жағдайда, тапсырыс беруші үш жұмыс күні ішінде көрсетілген сәйкессіздіктерді жояды және бірыңғай ұйымдастырушының өтінімді қабылдамауының себебі осы мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республика заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін жағдайлар болып табылатын

жағдайларды қоспағанда, бірыңғай ұйымдастырушыға орталықтандырылған сатып алуды жүргізуге арналған өтінімді қайта жібереді. Бұл ретте бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушінің қайта жіберілген өтінімін бес жұмыс күні ішінде қарайды.

45. Бірыңғай ұйымдастырушы осы Қағидалардың 43-тармағының 2) тармақшасында көзделген шешімді қабылдаған жағдайда, бірыңғай ұйымдастырушы бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 115-тармағында көзделген шешімді қабылдайды.

4-тарау. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қойылатын біліктілік талаптары

1-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қойылатын біліктілік талаптары

46. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) қаржылық тұрғыдан орнықты болуы және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай ақ қызметкерлердің алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ сондай ақ қызметкерлердің алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ болуы ;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін жұмыс тәжірибесі мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалған шарттар және олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар өзге де шарттар бойынша ғана ескеріледі.

Заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған жағдайда (қосылу, бірігу) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірінің ең көп жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

47. Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлеріне ұсынылады.

48. Осы Қағидалардың 46-тармағы 4) және 5), қаржылық орнықтылыққа ие болу бөлігінде 2) тармақшаларда көзделген біліктілік талаптары тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қолданылмайды.

49. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңы) сәйкес орналасуға рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда ұйымдастырушы және (немесе) тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілерге тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы талапты белгілеуге міндетті.

2-параграф. Әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігіне ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

50. Айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

51. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған немесе электрондық көшірмесін ұсынады.

52. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын осындай рұқсатының (хабарлама жіберудің) және (немесе) рұқсат беру құжатының кіші түрінің болуы бойынша талаптарды белгілеуге жол берілмейді.

3-параграф. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

53. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талабы:

1) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асатын болса, тауарларды;

2) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, жұмыстарды;

3) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қойылады.

54. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талабы мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасына қарамастан:

1) техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын және қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды;

2) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жөніндегі жұмыстарды;

3) техникалық қадағалау және (немесе) жобаларды басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайларда қойылады.

55. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талабы Заңның 27-бабының 1 – 6 тармақтарына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілерден Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 "Мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32984 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші көмекпен мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз ету үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 293-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген әлеуетті өнім берушілерге олардан Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімінен тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қолданылмайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.08.2025 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтері негізінде веб-порталмен автоматты түрде айқындалады:

1) кірістер;

2) төленген салықтар;

3) негізгі құралдар;

4) еңбек ақы төлеу қоры.

57. Әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында мынадай шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің кірістері мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде екіден бір бөлігін құрайды;

2) төленген салықтардың көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім беруші кірістерінің кемінде үш пайызын құрайды.

Төленген салықтар мен төлемдер қазынашылық органдарының деректеріне сәйкес бюджетке нақты есептеу жүргізілген күнтізбелік жылы көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды қоспағанда, төленген салықтар мен төлемдер салық түсімдерін қамтиды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төленген салықтар көрсеткішінің есебі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің мәліметіне сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТСК = TC / КС \times 100\%,$$

мұнда:

ТСК – төленген салықтардың көрсеткіші;

ТС – есептелетін үш жылдық кезең ішінде төленген салықтарының сомасы;

КС - есептелетін үш жылдық кезең ішінде әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

3) әлеуетті өнім берушінің негізгі құралдарының құны мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қоры мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Тауарларды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

58-1. Салық кодексінің 293-бабы 1-тармағының б)-тармақшасында көрсетілген және тауарларды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы

Қағидалардың 57-тармағының 1)-тармақшасында көзделген шартқа сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Ескерту. 58-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 17.06.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Жанар-жағармай материалдарын бөлшек және көтерме саудада өткізу бойынша мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, сондай-ақ индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен көлік құралдарын және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан әлеуетті өнім беруші, егер оның осы Қағидалардың 57-тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелетін төленген салықтардың көрсеткіші оның кірістерінің кемінде бір пайызын құраса, қаржылық орнықты деп танылады.

60. Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

60-1. Салық кодексінің 293-бабы 1-тармағының 6)-тармақшасында көрсетілген және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1) және 4)-тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Ескерту. 60-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 17.06.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін жүзеге асыратын әлеуетті өнім беруші сақтандыру қызметтері бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде, егер ол жиынтықта осы Қағидалардың 57-тармағы 1) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

62. Қаржы лизингі бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

63. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

64. Техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын және қала құрылысы жобаларын, сондай-ақ объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды

әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 57-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

65. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – Салық кодексінің қолданысқа енгізу туралы заң) 57-4-бабына сәйкес арнаулы салық режимін қолданатын және микрокәсіпкерлік немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері деп танылатын, салық төлеуден босатылған әлеуетті өнім берушілер, егер олардың осы Қағидалардың 57-тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелетін, төленген салықтарының көрсеткіші оның кірістерінің кемінде үш пайызын құраса, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңге қаржылық орнықты деп танылады.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тұлғалардың салық төлеуден босатылған кезеңіне есептелген салық сомасы төленген салықтардың көрсеткішін есептеу кезінде төлем ретінде есепке алынады.

Мұндай тұлғалардың мәртебесін мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

66. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі біліктілік талабын тапсырыс беруші Заңның 5-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидастарын сақтай отырып айқындайды.

Бұл ретте тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Қағидалардың 56-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

67. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның (құқық мирасқорының) қаржылық орнықтылығы көрсеткіштерін біріктіру, қосу жолымен веб-порталда біріктіру жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін күнтізбелік жыл ішінде бір рет осы мәліметтер қолданылған жылдың алдындағы 1 қазаннан кешіктірілмей веб-порталда жаңартылады.

Заңның 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін негізгі құралдар мен еңбекақы төлеу қоры бойынша көрсеткіштерді қоспағанда, қаржылық орнықтылық көрсеткіштерін біріктіруге жол берілмейді.

Бұл ретте, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның (құқықтық мирасқордың) қаржылық орнықтылығы көрсеткіштерін жаңарту Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші құрылымының бірінші деңгейінде (секциясында) өткен жылдың

алдындағы толық 3 (үш) қаржы жылы ішінде (үздіксіз) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалар қызметінің негізгі түрі сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

Осындай қайта ұйымдастырылған заңды тұлға (құқықтық мирасқор) туралы мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда әлеуетті өнім берушінің өтініші негізінде жаңартылады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67-1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның (құқық мирасқорының) қаржылық орнықтылық көрсеткіші егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың біреуінде Заңның 7-бабы 1-тармағының 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген шектеулер болған жағдайда жаңартылмайды.

Ескерту. Қағидалар 67-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Мемлекеттік кіріс органдары оларды асыра бағалауға әкеп соғатын қаржылық орнықтылық көрсеткіштерінің төмендеу, сондай-ақ бұрмалану және (немесе) көрсетілмеу фактілерін анықтаған жағдайларда, оның ішінде әлеуетті өнім берушілер салық есептілігінің қосымша нысандарын ұсыну және (немесе) салық декларацияларын кері қайтарып алу жолымен уәкілетті орган:

1) мемлекеттік кірістер органдарының нақты деректеріне сәйкес, осындай әлеуетті өнім берушілер бойынша мәліметтерді веб-порталда түзетеді, бұған мыналар кірмейді:

Қағидалардың 254-тармағына сәйкес төленген салықтар көрсеткіші үшін шартты жеңілдік мөлшерін азайтуға әсер етпейтін кірістерді ұлғайту;

Қағидалардың 254-тармағына сәйкес төленген салықтар көрсеткіші үшін шартты жеңілдік мөлшерінің азаюына әсер етпейтін кірістердің төмендеуі;

2) өткен жылдың алдындағы үш жыл кезеңінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған қаржылық орнықтылық көрсеткіштерін негізсіз арттыруға әкеп соғатын салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы мемлекеттік кірістер органдарының хабарламалары бойынша бұзушылықтар жойылғанға дейін осындай әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылық көрсеткіштерін веб-порталда көрсетпейді;

3) Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес I және II топтың негізгі құралдарының сомасы салық төлемдерін уақытылы төлеумен расталған жағдайда, өткен жылдың алдындағы үш жылдағы негізгі құралдардың құнын түзетеді;

4) Заңның 8-бабында көзделген жағдайларда мұндай әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу жөнінде шаралар қабылдайды.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Әлеуетті өнім берушінің салық берешегінің болмауы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

69. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі салық берешегін веб-портал мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде айқындайды.

5-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

70. Әлеуетті өнім берушінің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы бөлігінде біліктілік талабына сәйкестігі банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпарат арқылы айқындалады.

6-параграф. Әлеуетті өнім берушінің материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

71. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу шеңберінде шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары осы Қағидаларға сәйкес біліктілік талаптарында көрсетіледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Егер Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес орындауға (көрсетуге) бірінші немесе екінші санаттағы тиісті рұқсаттың болуы талап етілетін жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылған жағдайда, материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талабы ұсынылмайды.

Құрылыс (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу) саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының рұқсаттар және

167. Қайта мемлекеттік сатып алуды өткізуге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау мерзімін ұлғайтуды қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қайтадан жүзеге асырған жағдайда, ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын веб-порталда өткізілмеген конкурстық құжаттамасының өзгермеуі шартымен, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін орналастырады.

168. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда мемлекеттік сатып алу осы Қағидалардың 163-тармағына сәйкес жүргізіледі.

8-параграф. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау және алдын ала талқылау хаттамасын веб-порталда жариялау

169. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

жағдайларын қоспағанда, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

170. Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін.

171. Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде конкурстық құжаттама бекітілді деп есептеледі.

172. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мынадай шешімдерді қабылдайды:

1) конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) конкурстық құжаттаманың жобасына ескертпелерді қабылдамай, оларды қабылдамау негіздемелері мен себептерін көрсетеді;

3) конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсінік береді.

Конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Қағидалардың 163 және 164-тармақтарымен белгіленген тәртіппен веб-порталда өзгертілген конкурстық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап, конкурстық құжаттама бекітілді деп есептеледі.

173. Ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-порталда конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Бұл ретте конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасы жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша 09.00-ден 18:00-ге дейін) орналастырылады.

Бұл ретте, өтінімдерді қабылдау алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылған күннен кейін келесі жұмыс күні (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден бастап) жүзеге асырылады.

174. Осы Қағидалардың 172-тармағы 1) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда,

ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың жобасын алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасымен бірге конкурстық құжаттаманың бекітілген мәтінін орналастырады.

175. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасы конкурстық құжаттаманың жобасына қатысты келіп түскен ескертпелер туралы ақпаратты және олар бойынша қабылданған шешімдерді қамтиды.

176. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндеттерін атқаратын тұлға, не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

177. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүргізген жағдайда конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы қол қояды.

178. Осы Қағидалардың 33, 35-тармақтары мен 36-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндеттерін атқаратын тұлға, не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

179. Ұйымдастырушы, қажет болған кезде әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына немесе ескертпелеріне жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді осы Қағидалардың 174-тармағымен белгіленген тәртіппен тапсырыс беруші бекітеді.

180. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды қоспағанда бірыңғай ұйымдастырушы, қажет болған кезде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді осы Қағидалардың 161-тармағымен белгіленген тәртіппен бірыңғай ұйымдастырушы бекітеді.

181. Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының (болған жағдайда) жобаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, тапсырыс беруші бекітілген шешімді конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай ұйымдастырушыға жібереді.

Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

182. Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс беруші бекіткен конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы осы Қағидалардың 181-тармағымен көзделген тапсырыс берушінің бекітілген шешімі негізінде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күннен кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының жобасына, техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

183. Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, осы Қағидалардың 172-тармағы 2) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжей негіздемелері көрсетіледі.

184. Әлеуетті өнім берушілерден веб-портал арқылы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар келіп түскен жағдайда, осы Қағидалардың 172-тармағы 3) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

185. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайда, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының (болған кезде) жобаларына ескертулер мен сұрау салуларды қабылдамау тапсырыс беруші жүзеге асырады.

186. Конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелеріне түсіндірме беру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

9-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманы немесе конкурстық құжаттаманың жобасын ұсыну

187. Конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап мүдделі тұлғаларға алдын ала талқылау үшін конкурстық құжаттаманың жобасын немесе бекітілген конкурстық құжаттаманы веб-портал арқылы өтеусіз алу мүмкіндігі беріледі.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарлау сәтіне дейін конкурстық құжаттаманы не конкурстық құжаттаманың жобасын беруге жол берілмейді.

10-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерінің мазмұны және оларды әлеуетті өнім берушілермен беру

189. Конкурсқа қатысуға өтінім электрондық құжат нысанында веб-портал арқылы конкурстық құжаттамада көрсетілген оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен Заңның 7-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісу нысаны болып табылады.

190. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға беретін конкурсқа қатысуға өтінімі, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес конкурстық құжаттаманың нысанында тізбеленген құжаттарды қамтиды, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің:

1) Заңның 7-бабымен көзделген шектеулерді бұзушылықтардың болмағандығы туралы;

2) өзінің және тапсырыс берушінің не ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) арасында Заңмен жол берілмейтін құқықтық (шарттық) қарым-қатынастардың болмағандығы туралы растауды қамтиды.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушінің тиісті хабарламасын веб-порталмен автоматты түрде жіберу сәтінде қабылданған болып есептеледі.

192. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім береді.

193. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа қатысуға бұрын өтінім берген;

2) конкурсқа қатысуға өтінім веб-порталға осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен;

3) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 9) және 13) тармақшаларымен көзделген жағдайларда, веб-портал оны автоматты түрде кері қайтаруға тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кем дегенде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және конкурстық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келеді.

193-1. Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер, заңды тұлғалар болып табылатын конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден кемінде екі өтінім болған жағдайда веб-портал автоматты түрде қабылдамауға тиіс.

Заңды тұлға акцияларының (қатысу үлестерінің) мемлекетке тиесілігі құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаты бойынша не қатысушы/акционер ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, акциялардың мемлекеттік пакеттерін және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану құқықтары берілген орталық мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган көрсетілетін акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме бойынша айқындалады.

Ескерту. 8-тарау 193-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

194. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

195. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде өзі енгізген конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз етуді қайтаруға құқықтарын жоғалтпастан, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

196. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны қайтарып алуға жол берілмейді.

197. Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

198. Әлеуетті өнім берушіге конкурстық құжаттамаға сәйкес талап етілетін мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорға жүгіну арқылы не электрондық нысанды толтырып, веб-порталды пайдалану арқылы алынған жекелеген құжаттарды ұсынуға жол беріледі.

11-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу

199. Конкурса қатысуға өтінімдерді ашуды конкурса қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін веб-портал автоматты түрде бес минут ішінде жүзеге асырады.

200. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес конкурса қатысу өтінімдерді ашу хаттамасын оны ашу жүргізілген кезден бастап веб-портал автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте конкурса қатысуға өтінім берген конкурстық комиссия мүшелеріне, әлеуетті өнім берушілерге веб-портал хабарламаларды автоматты түрде жібереді.

201. Конкурса қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылғаннан кейін конкурстық баға ұсыныстарын қоспағанда, басқа әлеуетті өнім берушілердің осы конкурса қатысуға берген өтінімдерін көруге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-параграф. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау

202. Конкурстық комиссия, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурса қатысуға өтінімдерді қарайды.

203. Конкурса қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы, олар құрылған (тартылған) жағдайда, сараптау комиссиясына не сарапшыға әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерін олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ұсынады.

204. Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) қажет болған кезде веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден конкурса қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелер сұратады;

2) конкурса қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

3) әлеуетті өнім берушілердің конкурса қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

4) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуды және конкурстық комиссияның өзге де әрекеттерін жіберуге жол берілмейді.

205. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқ бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

206. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін, егер:

1) ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) біліктілік талаптарына және Заңда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) ол Заңның 7-бабымен көзделген талаптарды бұзған болса конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушы деп танылмайды) жіберілмейді.

207. Егер әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 206-тармағының 2) тармақшасымен көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамада конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдамау үшін негіз болған, растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, мұндай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамаудың негіздемелері көрсетіледі.

208. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді;

3) конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7 және 7-1-қосымшаларға сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

209. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысының хаттамасына электрондық көшірме нысанындағы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес

келетіні туралы сарапшының қорытындысы, бар болған жағдайда сараптау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі тіркеледі.

210. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1) осы Қағидалардың 204-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның сұрау салулары туралы;

2) конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, олар туралы ақпарат;

3) конкурстық комиссияның конкурстық құжаттамада көзделген конкурстық баға ұсынымына әсер ететін өлшемшарттарды қолдануы туралы;

4) конкурс жеңімпазын айқындау туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1) осы Қағидалардың 204-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның сұрау салулары туралы;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы, олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып;

3) конкурстық комиссияның конкурстық құжаттамада көзделген конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолдануы туралы;

4) жеңімпазды анықтау туралы.

211. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттамаға веб-порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және оны конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы шешім қабылданған күні веб-порталда жариялайды.

212. Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда

әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады;

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбауы;

мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінің негізінде веб-порталмен автоматты түрде анықталатын тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі туралы болуы;

жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болуы;

конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;

конкурстық құжаттамамен белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болмауы;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталса. Бұл ретте мұндай фактіні Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгілеуі мүмкін;

банкроттық не тарату рәсіміне жатса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға 20-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің жиынтығында отыз пайыздан астамын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беру;

конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бермеу;

конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталса. Бұл ретте мұндай фактіні Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгілеуі мүмкін;

3) мемлекеттік сатып алуларға қатысуға байланысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулер болса. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 13) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі веб-порталмен автоматты түрде кері қайтаруына жатады. Заңның 7-бабы 1-тармағының 10), 11), және 12) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша, конкурстық комиссия тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастырады.

213. Егер тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) неғұрлым үздік функционалдык, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің тауарларына, жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне техникалық ерекшеліктің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

214. Егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, ол конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп танылады.

215. Сараптау комиссиясы не сарапшы конкурстық комиссияның төрағасы белгілеген мерзімде, бірақ конкурсқа қатысу өтінімдерді қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) өз құзыретінің шегінде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін олар берген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделуі тұрғысынан қарайды және зерделейді;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын

техникалық ерекшелікке сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы сараптама қорытындысын ресімдейді, оған қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысына ұсынады.

Сараптамалық қорытындыда әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің (олар болған жағдайда) функционалдық мүмкіндіктері, техникалық параметрлері, сапалық сипаттамалары мен пайдалану шарттары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларына қарағанда асып түсетіні туралы ақпаратты қамтиды.

216. Сараптамалық қорытындыға сарапшы ерекше пікірін білдіретін жағдайларды қоспағанда, барлық сарапшылар қол қояды және әр бетіне бұрыштама соғады.

Сараптамалық қорытындыны алғаннан кейін конкурстық комиссияның хатшысы сараптамалық қорытындыны веб-порталда орналастырады және веб-портал арқылы хабарламаларды конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне таратады. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді сараптамалық қорытындыны ескере отырып қарайды.

13-параграф. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар

217. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттар қолданылады:

1) әлеуетті өнім берушіде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) төленген салықтар көрсеткіші;

3) әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы;

4) әлеуетті өнім берушінің аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийіне орналастыруы;

5) тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оған техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар;

6) теріс мәндер;

7) әлеуетті өнім берушінің қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болуы.

Ескерту. 217-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

218. Конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде

жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

219. Конкурса қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 217-тармағына сәйкес конкурса қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

220. Осы Қағидаларда көрсетілген құжаттардан басқа, біріктіру, қосылу және қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін әлеуетті өнім беруші заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен алынған осындай тұлғаларды қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер негізінде веб-портал арқылы растайды.

Заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған жағдайда (қосылу, бірігу) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірінің ең үлкен жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Жұмыс тәжірибесінің тізілімін пайдаланбай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушінің бірігуі, қосылуы және қайта құрылуы жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған жұмыс тәжірибесін қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың қаржылық орнықтылығы көрсеткіштерінің веб-порталында жаңартылғаннан (біріктірілгеннен) кейін конкурстық комиссия қарайды.

221. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жұмыс тәжірибесі мынадай жағдайлардың бірі болған кезде электрондық депозитарийге енгізілмейді, сондай-ақ конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу кезінде ескерілмейді:

1) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі басқа заңды тұлғадан бөлу немесе бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған болса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі қайта ұйымдастырудың бірнеше реттілікті түрлері (бөлу, бөліп шығару, біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса;

3) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі заңды тұлғалардың қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса, мұнда қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірінде Заңның 7-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген шектеулері бар болса;

4) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырудың (біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса, мұнда қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірі мемлекеттік сатып алу нысанасына

сәйкес келетін қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиясынан (рұқсатынан) айырылған болса.

14-параграф. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт ретінде жұмыс тәжірибесін есептеудің жалпы тәртібі

222. Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер бес пайыздан аспайды.

223. Егер жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар бойынша конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер бес пайыздан аспайды.

224. Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер он пайыздан аспайды.

225. Егер жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар бойынша конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер он пайыздан аспайды.

15-параграф. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібі

226. Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, веб-портал әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік автоматты түрде береді.

227. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болса, веб-портал сатып алынатын жұмыстар нарығында, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік автоматты түрде береді.

Ескерту. 227-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228. Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста, оның ішінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша бірнеше құрылыс объектісінде сатып алынатын жұмыстарды орындаған жағдайда, веб-портал әрбір келесі құрылыс объектісі үшін 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер осы жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде орындаған болса, конкурстық комиссия әрбір келесі құрылыс объектісі үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжат Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына сәйкес жұмыс тәжірибесі тізіліміне енгізілетін құжаттардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Ескерту. 228-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228-1. Қағидалардың 226, 227 және 228-тармақтарында көзделген жағдайларда жұмыс тәжірибесі жылына үш нысаннан артық емес ескеріледі.

Ескерту. Қағидалар 228-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228-2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретіндегі жұмыс тәжірибесі тапсырыс берушілері мемлекеттік емес заңды тұлғалар болып табылатын объектілер бойынша техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі деп жатқызылған объектілер (ғимараттар мен құрылыстардың жаңа құрылысы), сондай-ақ олардың кешендері, инженерлік және көлік коммуникациялары бойынша ғана ескеріледі.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретіндегі жұмыс тәжірибесі осы нысандар бойынша ескерілмейді.

Ескерту. Қағидалар 228-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

228-3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциум) енгізген жұмыс тәжірибесі консорциумның консорциалдық келісімде айқындалған негізгі қатысушысына қатысты ғана ескеріледі.

Ескерту. Қағидалар 228-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

229. Егер конкурстың мәні жаңа объектілердің құрылысы болып табылған жағдайда, тек жаңа объектілердің құрылысының жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

230. Егер конкурстың мәні автомобиль жолдарының және (немесе) инженерлік желілердің жаңа құрылысы болып табылған жағдайда, автомобиль жолдарын және (немесе) инженерлік желілерді реконструкциялау жөніндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

231. Егер конкурстың мәні кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау болып табылған жағдайда, күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

232. Егер күрделі жөндеу конкурстың нысанасы болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

233. Егер жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар конкурстың мәні болып табылған жағдайда жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

234. Егер конкурстың мәні жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын түзету немесе байланыстыру жөніндегі жұмыстар болып табылған жағдайда, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу, түзету, байланыстыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

235. Құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсатына (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы) және олардың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған техникалық күрделілігіне қарай есептеледі.

236. Құрылыс-монтаждау жұмыстары және әлеуетті өнім берушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

Егер бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар конкурстың нысанасы болып табылған жағдайда, тек бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар конкурстың нысанасы болып табылған жағдайда бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні жауапкершіліктің үшінші (төмендетілген) деңгейінің ғимараттары мен құрылыстары болып табылған жағдайда, бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) жауапкершілік деңгейінің ғимараттары мен құрылыстарының жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар, техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурстың мәні техникалық жағынан күрделі объектілер болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын техникалық жағынан күрделі объектілер мен ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы, олар тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, конкурс нысанасымен Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның бірінші санатындағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің бір тармақшасында болған жағдайда ескеріледі.

Электрмен жабдықтауға, электр жарығына және электр жылытуға байланысты бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы олардың конкурс нысанасымен Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның бірінші санатындағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің әртүрлі тармақшаларында болуына қарамастан ескеріледі.

Автомобиль жолдарының құрылысына байланысты бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы олардың конкурс нысанасымен Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің әртүрлі тармақшаларында болуына қарамастан ескеріледі.

Ескерту. 236-тармақтың 4) тармақшасына орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

237. Инженерлік желілер мен жүйелердің қолданыстағы объектілерін (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) жаңа салу, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және күрделі жөндеу кезіндегі жұмыс тәжірибесі өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкес келетін инженерлік желілер және (немесе) жүйелер түрлерінің кем дегенде біреуінің болуы негізге алына отырып есептеледі.

238. Инженерлік желілерді және (немесе) жүйелерді (инженерлік желілердің және (немесе) жүйелердің бірнеше түрін) қайта құру жөніндегі жұмыс тәжірибесі инженерлік желілерді және (немесе) жүйелерді (инженерлік желілердің және (немесе) жүйелердің бірнеше түрін) жаңа салу кезінде ескеріледі.

239. Қолданыстағы автомобиль жолдары объектілерін және инженерлік желілер мен жүйелерді (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) жаңа салу, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу кезіндегі жұмыс тәжірибесі, жұмыс тәжірибесі автомобиль жолдарының жұмыс тәжірибесінің болуы және инженерлік желілер мен жүйелердің ең болмағанда бір түрінің болуы негізге алына отырып есептеледі.

240. Бір жылдан астам мерзімі бар шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес құрылыс аяқталған жылы танылады.

241. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек конкурстық құжаттамада көрсетілу көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті.

242. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мәліметтерді толтыру бөлігінде мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің өтінімі нысанасына форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып, веб-порталда қалыптастырылады веб-портал автоматты түрде анықтайтын келесі критерийлерге (белгілерге) сәйкестік:

1) "Расталды" мәртебесімен жұмыс тәжірибесі тізіліміндегі әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар;

2) құрылыс объектілерінің жауапкершілік деңгейі;

3) құрылыс объектілерінің техникалық күрделілігі;

4) функционалдық мақсаттағы;

5) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші мәлімдеген жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін Рұқсаттар және

хабарламалар туралы заңының бірінші санатындағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлері;

б) құрылыс түрі;

7) құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар бойынша әлеуетті өнім берушінің мәртебесі (бас мердігер (жобалаушы), қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы)).

243. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "расталған" мәртебесімен жұмыс тәжірибесінің тізіліміндегі әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды веб-портал автоматты түрде есептейді және шағымданады Заңның 25-бабының тәртібімен жатпайды.

16-параграф. Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібі

Ескерту. 16-параграфтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

244. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушіде осы Параграфқа сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты жеңілдік береді.

Ескерту. 244-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

245. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында, автомобиль жолын орташа жөндеу бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін 1 (бір) пайыз мөлшерінде, бірақ 10 (он) пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, автомобиль жолдарын орташа жөндеу бойынша бірнеше жұмысты орындаған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын әрбір келесі орындалған жұмыс үшін 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыз мөлшерінде, бірақ жалпы алғанда 1 (бір) пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы тапсырыс берушілер мемлекеттік емес заңды тұлғалар болып табылатын объектілер бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде қолданылмайды.

Ескерту. 245-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

246. Автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарына мемлекеттік сатып алу бойынша қосалқы мердігер ретіндегі жұмыс тәжірибесі есепке алынбайды.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

247. Егер конкурстың мәні автомобиль жолын орташа жөндеу болып табылса, онда құрылыс-монтаждау жұмыстарының және автомобиль жолдарын орташа жөндеудің жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

248. Егер әлеуетті өнім беруші құрылыс-монтаждау жұмыстарының жұмыс тәжірибесін мәлімдеген болса, жұмыс тәжірибесін растайтын құжат Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына сәйкес жұмыс тәжірибесінің тізіліміне енгізілетін құжаттардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Бұл ретте мұндай жұмыс тәжірибесі ол туралы "Расталды" мәртебесімен жұмыс тәжірибесі тізіліміндегі мәліметтер мен құжаттар болған кезде ескеріледі.

249. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар тапсырыс берушілер болып табылатын объектілер бойынша орындалған жұмыстар актілерінің тиісті электрондық көшірмелері автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады заңды тұлғалар.

250. Орындау мерзімі бір жылдан асатын жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде орындалған жұмыстар актісінің күніне сәйкес жұмыстар аяқталған жыл не объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес құрылыс аяқталған жыл танылады.

17-параграф. Қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібі

251. Веб-портал әлеуетті өнім берушінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын техникалық қадағалау бойынша сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін 1 (бір) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді, бірақ 5 (бес) пайыздан аспайды.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына сәйкес жұмыс тәжірибесінің тізіліміне енгізілетін құжаттардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мәліметтерді толтыру бөлігінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік

қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің өтінімі форматты-логикалық бақылауды ескере отырып, веб-порталда автоматты түрде қалыптастырылады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін тапсырыс берушілері мемлекеттік емес заңды тұлғалар болып табылатын объектілер бойынша әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі деп жатқызылған объектілер (ғимараттар мен құрылыстардың жаңа құрылысы), сондай-ақ олардың кешендері, инженерлік және көлік коммуникациялары бойынша ғана ескеріледі.

Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

252. Құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тізілімде тұрған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі "расталды" мәртебесімен жұмыс тәжірибесі веб-порталмен автоматты түрде есептеледі және Заңның 25-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайды.

253. Қызмет көрсету мерзімімен бір жылдан астам жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес қызмет аяқталған жылы танылады.

18-параграф. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде төленген салықтар көрсеткішін есептеу тәртібі

254. Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші үш пайыздан асқан жағдайда, веб-портал автоматты түрде әрбір оннан бір (0,1) пайыздан асатын, бірақ үш пайыздан аспайтын мөлшерде шартты жеңілдік береді.

19-параграф. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды есептеу тәртібі

255. Өлшемшарт – тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптама комиссиясының не сарапшының (ол болған кезде) қорытындысына сәйкес қолданылады. Конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер он пайыздан аспайды.

256. Егер конкурсқа қатысуға өтінімде әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың функционалдық сипаттамалары конкурстық

құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлар мүмкіндіктерінің шегінен асып кеткен жағдайда, конкурстық комиссия әрбір мүмкіндік үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Конкурса қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер үш пайыздан (3%) аспайды.

257. Егер конкурса қатысуға өтінімде әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың техникалық сипаттамалары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлардың параметрлерінен асып кеткен (жақсартылған) жағдайда, конкурстық комиссия әрбір асып кеткен параметр үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Конкурса қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер үш пайыздан (3%) аспайды.

258. Егер конкурса қатысуға өтінімде әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың сапалық сипаттамалары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптардан және тауардың мақсатынан асып кетсе (жақсартса), конкурстық комиссия осы сипаттама үшін бес пайызды (5%) белгілейді.

259. Егер конкурса қатысуға өтінімде әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшелікте Белгіленген тауарлардың пайдалану сипаттамалары (пайдалану мерзімі, тасымалдау, сақтау шарттары, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар) конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген шарттардан асып кеткен (жақсартылған) жағдайда, конкурстық комиссия нөл бүтін бесті белгілейді әрбір асып кеткен шарт үшін пайыздың оннан бір бөлігі (0,5%). Конкурса қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсер үш пайыздан (3%) аспайды.

260. Сараптама комиссиясының немесе сарапшының қорытындысы болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 256, 257, 258 және 259-тармақтарымен көзделген өлшемшарттарды конкурс комиссиясы қолданбайды.

20-параграф. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуетті өнім берушінің болуын есептеу тәртібі

261. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсаттары үшін жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуетті өнім берушінің болуы түріндегі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт осы Қағидаларға 8 -қосымшаға сәйкес қолданылады.

Егер жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома осы Қағидалардың 8-қосымшасында көзделген мемлекеттік сатып

алу сомасының шегінен аспаған және әлеуетті өнім беруші облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтер орны бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болған жағдайда, онда мұндай әлеуетті өнім берушіге екі пайыздық шартты жеңілдік (2 %) тағайындалады.

262. Әлеуетті өнім берушінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында болуын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын айқындау мақсаттары үшін осы мәліметтерді қолдану жылының алдындағы 1 қазаннан кешіктірмей ұсынылған үш жылдық кезеңнің соңғы есептелген жылы үшін бастапқы/кезекті салық есептілігін тапсыру орны бойынша мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері негізінде конкурсқа қатысуға өтінім беру сәтінде веб-портал деректерді автоматты түрде айқындайды.

Мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын айқындау мақсаттары үшін осы мәліметтер қолданылатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей күнтізбелік жыл ішінде веб-порталда бір рет жаңартылады.

263. Осы Қағидалардың 261 және 262-тармақтарының ережесі жаңарту күніне дейін салық есептілігін ұсынбаған әлеуетті өнім берушілерге қатысты қолданылмайды.

21-параграф. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде теріс мәндерді есептеу тәртібі

264. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін теріс мән осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылады.

265. Егер әлеуетті өнім берушінің орындауында ағымдағы қаржы жылында жасалған өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкес келетін шарт болса, веб-портал әрбір осындай шарт үшін осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлердің шартты жеңілдіктерінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан екі пайызын (0,2 %) автоматты түрде алып тастайды.

266. Рейтингік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде веб-портал әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлердің шартты жеңілдігінің жалпы сомасының 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыз осындай әлеуетті өнім беруші өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәніне сәйкес келетін жеңімпаз болып айқындалған ағымдағы қаржы жылының қорытындылары туралы хаттамадағы әрбір лот үшін автоматты түрде алып қояды.

Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

266-1. Егер әлеуетті өнім беруші өтінімдерді қабылдау күнінің алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде Заңның 8-бабының 7-тармағының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болған жағдайда, веб-портал осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың шартты шегерімінің жалпы сомасынан автоматты түрде 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыз алып тастайды.

Бұл ретте, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін осы теріс мән әлеуетті өнім берушінің белгіленген кезеңде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болу жағдайларының санына қарамастан, бір рет қолданылады.

Ескерту. Қағидалар 266-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 21.08.2025 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-параграф. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық есептілік депозитарийінде аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті орналастыру түріндегі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшартты есептеу тәртібі

267. Қаржылық есептілік депозитарийінде аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті орналастыру түріндегі өлшемшарт мемлекеттік сатып алу сомасы тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен асқан кезде құрылыс-монтаждау жұмыстарын мемлекеттік сатып алуда қолданылады.

268. Әлеуетті өнім берушінің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі өткен жылдың алдындағы кемінде үш жыл үшін есепке алынады.

Әлеуетті өнім берушінің жылдық қаржылық есептілігінің аудитін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 231 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10875 болып тіркелген) Міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең аз талаптардың 4-тармағына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген) қаулысының талаптарына сәйкес Қазақстан қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

Ескерту. 268-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

269. Аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийінде орналастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, сондай-ақ аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес 30 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап ескеріледі.

Ескерту. 269-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

270. Әлеуетті өнім берушінің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін уәкілетті органның ақпараттық-есепке алу орталығының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

271. Көрсетілген кезеңдегі қаржылық есептілік депозитарийіне аудиттелген жылдық қаржылық есептілік болған жағдайда, веб-портал автоматты түрде әлеуетті өнім берушіге 2 (екі) пайызға дейінгі мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсатында аудиттелген жылдық қаржылық есептілік өлшемшарттарын есептеу осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес формула бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 271-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

271-1. Әлеуетті өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген жағдайда, веб-портал автоматты түрде 3 (үш) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Бұл ретте, осы өлшемшарттар сатып алынатын тауардың алғашқы 6 (алты) санының коды әлеуетті өнім берушінің индустриялық сертификатында көрсетілген экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішіне сәйкес келген кезде қолданылады.

Ескерту. Қағидалар 271-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-параграф. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру

272. Конкурстық баға ұсынысын веб-портал Заңның 15-бабы 5-тармағының талаптарын ескере отырып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша автоматты түрде ашады.

273. Веб-портал конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және конкурс жеңімпазын анықтайды.

274. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы ең төмен шартты бағадан кейінгі шартты баға негізінде айқындалады.

275. Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайтын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының үлкен көрсеткіші бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеуді веб-портал осы Қағидаларға 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласы бойынша мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайды.

Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері тең болған кезде ағымдағы қаржы жылында жасалған өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәніне сәйкес келетін мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың ең аз жалпы сомасы бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Ағымдағы қаржы жылында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың жалпы сомасы тең болған кезде өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкес келетін мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың ең аз саны бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Ағымдағы қаржы жылында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы шарттар саны тең болған кезде конкурсқа қатысушы, басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын келіп түскен қатысуға өтінім жеңімпаз болып танылады.

276. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері осы Қағидалардың 210-тармағына сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

24-параграф. Конкурсты өткізілмеді деп танудың негіздері мен салдары

277. Конкурс мынадай негіздердің бірі бойынша өтпеді деп танылады:

- 1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы;
- 2) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 3) егер конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің екі және одан да көп өтінімдері ұсынылған жағдайда.

278. Егер конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір өтінім ұсынылған жағдайда конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілді деп танылады. Бұл ретте жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысынан аспауға тиіс.

279. Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту туралы және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы.

Конкурс тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алу конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші Заңның 15-бабының 4-тармағына сәйкес бұндай мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады.

280. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Қағидалардың 277-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өтпеді деп танылған жағдайларда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға жол берілмейді. Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстары ашылмайды.

9-тарау. Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурсты жүзеге асыру тәртібі

281. Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілі уәкілетті орган бекіткен тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

282. Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс мынадай реттілігімен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде біліктілік органы білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастырады;

2) екінші кезеңде білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім берушілер арасында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

283. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізу үшін осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес шарттарға сәйкес келу қажет.

284. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесі біліктілік органымен тиісті ақпараттық жүйелердің мәліметтерінің негізінде автоматты түрде қалыптасады.

Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне Заңның 7-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 13) тармақшаларында көзделген шектеулері бар әлеуетті өнім берушілер енгізілмейді.

285. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

286. Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) мемлекеттік сатып алу біліктілікті алдын ала іріктей отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес әлеуетті өнім берушінің қызмет саласы;

2) білікті әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат:

әлеуетті өнім берушінің атауы;

әлеуетті өнім берушінің елі;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) (заңды тұлға үшін), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (жеке тұлға үшін);

Ресей Федерациясының резиденттері үшін – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) (заңды тұлғалар үшін), жеке дербес шоттың сақтандыру нөмірі (ЖДШСН) (жеке тұлғалар үшін);

Беларусь Республикасының резиденттері үшін – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (заңды тұлғалар үшін);

3) әлеуетті өнім берушіні Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізуге негіз болған құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні.

287. Әлеуетті өнім берушілер Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесінен мынадай:

1) әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген;

2) Заңның 7-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 13) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері болған жағдайларда автоматты түрде шығарылады.

288. Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурстың екінші кезеңін жүзеге асыру кезінде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі пайдаланылады.

10-тарау. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурсты жүзеге асыру тәртібі

289. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып өткізілетін конкурс осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

290. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып өткізілетін конкурс осы тарауда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

291. Рейтингітік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссия құрылмайды.

292. Рейтингітік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін веб-портал осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастырылады және орналастырылады.

293. Веб-портал конкурстық баға ұсыныстарын және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды автоматты түрде салыстырады және жеңімпазды айқындайды.

294. Конкурстың жеңімпазы мен екінші орын алған қатысушысын айқындау тәртібі осы Қағидалармен айқындалады.

295. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар және оларды есептеу осы Қағидалармен айқындалады.

296. Конкурстық құжаттамаға, алдын ала талқылауға, хабарлауға, конкурсқа қатысуға өтінімге, оны қамтамасыз етуге, шартты жасасуға, өзгертуге және орындауға қойылатын талаптар осы тарауда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Заңмен және осы Қағидалармен айқындалады.

Осы Қағидалардың 212-тармағында көзделген талаптар осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып айқындалады.

297. Рейтингік-балдық жүйені пайдалана отырып жүргізілген конкурстың қорытындылары Заңның 25-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайды.

11-тарау. "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" бойынша мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілмен жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" бойынша конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды ұйымдастыру тәртібі

298. "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" жөніндегі конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленген құрылымдық элементтердің сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері бойынша айқындалған құрылыстың есептік сметалық құны негізінде техникалық күрделі ғимараттар мен құрылыстардың жобаларын іске асыру кезінде жүзеге асырылады.

299. "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" жөніндегі жұмыстарға конкурс сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес құрылыс саласындағы кешенді жұмыстарға бірыңғай лот құрамында мемлекеттік сатып алуды өткізуді қамтиды.

300. "Толық бітіріп берілетін құрылыс" конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге келесідей біліктілік талаптары қойылады:

- 1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында жобалау қызметін және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыруға рұқсаттың (лицензияның) болуы;
- 2) Заңның 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаржылық орнықты болуға және салық берешегі болмауға.

Ескерту. 300-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

301. "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" бойынша конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурс қорытындыларына әсер ететін мынадай бағалық емес критерийлер қолданылады:

1) әлеуетті өнім берушіде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде 50 (елу) пайызын құрайтын құрылыс-монтаж жұмыстарының сомасы орындалған шарттар бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге әрбір өткізілген осындай объект үшін 1 (бір) балл беріледі, осы өлшемшарттың конкурсындағы баллдардың жиынтық саны 5 (бес) балдан аспайды.

Бұл ретте қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі ескерілмейді.

2) сала бойынша орташа көрсеткіштен асатын жергілікті қамту үлесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме (жобалауға арналған тапсырмада көрсетілген).

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында сала бойынша орташа көрсеткіштен (жобалауға арналған тапсырмада көрсетілген) асатын жергілікті қамтудың үлесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені қабылдаса, мұндай әлеуетті өнім берушіге жергілікті қамтудың әрбір қосымша 10 (он) пайызы үшін 1 (бір) балл беріледі;

3) құрылыс объектісі бойынша сапа кепілдігі:

негізгі құрылымдарға;

инженерлік желілерге;

жабдыққа.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында құрылыс объектісі бойынша сапа кепілдігіне келісім берген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге:

негізгі конструкцияларға кепілдік үшін кепілдіктің әрбір жылы үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл, осы өлшемшарттың конкурсындағы баллдардың жиынтық саны 5 (бес) балдан аспайды;

инженерлік желілерге кепілдіктің әрбір жылы үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) осы өлшемшарттың конкурсындағы баллдардың жиынтық саны 2 (екі) балдан аспайды;

жабдыққа кепілдіктің әрбір жылы үшін 0,1 балл, осы өлшемшарттың конкурсындағы баллдардың жиынтық саны 1 (бір) балдан аспайды;

4) қаржыландыру шарттарын қабылдау:

аванстан бас тарту;

объектіні пайдалануға бергенге дейін орындалған жұмыстар актілеріне аралық ақы төлеуден бас тарту;

сметалық құнын ұлғайту жағына қарай түзетуден бас тарту.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында аванстан бас тарту туралы міндеттеме қабылдаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге 1 (бір) балл беріледі.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында объектіні пайдалануға беру аяқталғанға дейін орындалған жұмыстардың аралық актілеріне ақы төлеуден бас тарту туралы келісім берген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге 5 (бес) балл беріледі.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында құнын ұлғайту жағына қарай түзетуден бас тарту туралы келісім берген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге 2 (екі) балл беріледі.

5) объектінің энергия тиімділігі сыныбын қамтамасыз ету.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында объектінің энергия тиімділігі сыныбын қамтамасыз етуге кепілдік берген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге жобалауға арналған тапсырмада белгіленгенге қатысты әрбір арттыру пункті үшін 1 (бір) балл беріледі;

6) жобаны өз қаражаты есебінен іске асыру (демеуші).

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында жобаны өз қаражаты есебінен іске асыруға кепілдік берген жағдайда (демеуші), мұндай әлеуетті өнім берушіге 50 (елу) балл беріледі.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 301-тармағында көзделген қалған критерийлер қолданылмайды;

7) объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, жобаны өз қаражаты есебінен іске асыру.

Егер әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында объектіні сенімгерлік басқаруға берудің үлгілік шарты талаптарында объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, өз қаражаты есебінен объектіні іске асыруға кепілдік берген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге 48 (қырық сегіз) балл беріледі.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 301-тармағында көзделген қалған критерийлер қолданылмайды.

Баға емес критерийлер балдарының саны тең болған кезде Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайтын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының үлкен көрсеткіші бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылық көрсеткіші тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. 301-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

302. Конкурстық комиссия конкурстың қорытындыларына әсер ететін конкурстық бағалық емес өлшемдерді автоматты түрде салыстырады және жеңімпазды айқындайды.

Ескерту. 302-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

303. Конкурс жеңімпазын және екінші орын алған қатысушысын айқындау тәртібі осы Қағидалармен айқындалады.

304. Конкурстық құжаттамаға, алдын ала талқылауға, хабарлауға, хаттамаларды қалыптастыруға, конкурсқа қатысуға өтінімге, оны қамтамасыз етуге, шартты жасауға, өзгертуге және орындауға қойылатын талаптар осы тарауда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Қағидаларға сәйкес айқындалады.

305. Осы Қағидалардың 301-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген әлеуетті өнім берушінің кепілдіктері мен міндеттемелері тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Егер өнім беруші көрсетілген талаптардың бірін орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші осындай өнім берушімен жасалған шартты бұзады.

Осы тарау 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жарияланған сатып алуға қолданылады.

Ескерту. 305-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-тарау. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу

306. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу мынадай реттілікпен іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің ұйымдастырушыны, бірыңғай ұйымдастырушыны және алдағы мемлекеттік сатып алуларда соңғысының мүдделерін білдіретін тапсырыс берушінің уәкілетті өкілін айқындауы;

2) тапсырыс берушінің веб-портал арқылы ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға аукционды ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды жүргізуге өтінім беруі;

3) аукциондық комиссияның құрамын, сараптау комиссиясының құрамын не сарапшыны (қажет болғанда) айқындау және бекіту, аукциондық комиссияның хатшысын айқындау;

4) аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту;

5) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың мәтінін веб-порталға орналастыру;

6) аукциондық құжаттаманың жобасын веб-портал арқылы алдын ала талқылау және аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылаудың хаттамасын, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың мәтінін веб-порталға орналастыру;

7) әлеуетті өнім берушілердің электрондық құжат нысанындағы аукционға қатысуға өтінімдерін ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

8) өтінімдерді автоматты түрде ашу және тиісті ашу хаттамасын веб-порталда жариялау;

9) аукциондық комиссияның веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға арналған өтінімдерін біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарауы, сондай-ақ Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің болмауы;

10) біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды аукционға қатысушылар деп тану;

11) веб-порталдың аукционға қатысушылардың бастапқы бағаларын автоматты түрде салыстыруы, аукционның ең төменгі бастапқы бағасын айқындауы;

12) аукционды веб-портал арқылы өткізу;

13) аукцион қорытындылары туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастыру және веб-порталда орналастыру.

307. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте аукцион нысанасы тауар болып табылады.

308. Тауарды жеткізудің бірнеше орны болған жағдайда, аукцион тәсілімен өткізілетін лотта тауарды жеткізудің бірнеше орнын көрсетуге жол беріледі.

2-параграф. Тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға аукционды ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды ұсынуы

309. Ұйымдастырушы мен тапсырыс беруші бір тұлға болатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші аукционды өткізу үшін ұйымдастырушыға жылдық жоспардың тармағы туралы мәліметтерді қамтитын өтінімді, техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының (бар болса) жобаларын қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

310. Аукциондық құжаттамада тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамалардағы нұсқамалардың, мынадай жағдайларды қоспағанда, болуына жол берілмейді:

1) негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толық жинақтау, жаңғырту және толық жарактандыру;

2) егер олар дәрігерлік консилиумдар қорытындыларының және медициналық-генетикалық қорытындылардың нәтижелері бойынша белгіленген медициналық айғақтары (жеке төзбеушілік, өмірлік айғақтары бойынша) бар пациенттерге қатысты қолдану үшін сатып алынса, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, кохлеарлық импланттарды, дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік тамақ өнімдерін сатып алу.

311. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайларда аукционды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы не орталық органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам, не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндеттерін атқаратын тұлға қол қоятын мемлекеттік сатып алуды өткізуге тапсырыс берушінің қазақ және орыс тілдерінде және ол жылдық жоспардың тармағы, бекітілген техникалық ерекшеліктің, шарттың және аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптарының (бар болса) жобалары туралы мәліметтер, сондай-ақ ол құрылған (тартылған) жағдайда сараптама комиссиясының не сарапшының құрамы олардың біліктілігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтінім беруі негізінде жүзеге асырады.

3-параграф. Аукциондық комиссияның құрамын айқындау және бекіту

312. Аукционды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы әрбір аукционға жеке аукциондық комиссияны бекітеді және аукциондық комиссияның хатшысын айқындайды.

313. Аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

314. Егер тапсырыс берушінің өзі тікелей не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесі (лауазымды адамы) атынан ұйымдастырушы болған жағдайда, аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы адам қабылдайды.

315. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырған жағдайда аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

316. Сатып алынатын тауарлардың техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін тапсырыс беруші қажет болған кезде сараптама комиссиясын құрады не сарапшыны тартады.

317. Аукциондық комиссияның төрағасы және басқа да мүшелері аукциондық комиссияның мүшелері болып табылады. Аукциондық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және оның міндетін атқарушы тұлғаның болуын қоспағанда, ауыстыруға құқығынсыз дауыс беруге қатысады.

318. Аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және кемінде үш адам болуға тиіс.

319. Осы Қағидалардың 33, 35 және 36-тармақтарында көзделген жағдайларда аукциондық комиссияның төрағасы болып ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға айқындалады.

320. Осы Қағидалардың 32 және 34-тармақтарында көзделген жағдайда, тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам аукциондық комиссияның төрағасы болып айқындалады.

321. Аукциондық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда аукциондық комиссияның құрамы қайта бекітіледі. Бұл ретте аукциондық комиссияның төрағасы болып бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, ал ол болмаған жағдайда – бірінші басшы айқындалады.

322. Бірыңғай ұйымдастырушы құрған аукциондық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, аукциондық комиссия төрағасының кандидатурасы қайта бекітіледі. Бұл ретте, аукциондық комиссияның төрағасы болып бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысының міндетін атқаратын лауазымды адам не бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары айқындалады.

323. Аукциондық комиссияның төрағасы:

- 1) аукциондық комиссияның қызметіне басшылық жасайды;
- 2) осы Қағидада көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

324. Аукциондық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған күні өз қызметін тоқтатады.

325. Аукциондық комиссияның шешімі веб-портал арқылы дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда аукциондық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

326. Аукциондық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы аукциондық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол аукционға қатысуға рұқсат беру хаттамасына қоса беріледі және құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

327. Аукциондық комиссия төрағасының қолын қоспағанда, аукциондық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда аукциондық комиссияның хатшысы аукциондық комиссияның тиісті хаттамаларында қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

4-параграф. Аукциондық комиссияның хатшысын айқындау

328. Аукциондық комиссияның ұйымдастырушылық қызметін аукциондық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Аукциондық комиссияның хатшысы аукциондық комиссияның мүшесі болып табылмайды және аукциондық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

329. Аукциондық комиссияның хатшысы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдары қатарынан айқындалады.

330. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырған жағдайда аукциондық комиссияның хатшысы бірыңғай ұйымдастырушының лауазымды адамдары қатарынан айқындалады.

331. Аукциондық комиссияның хатшысы:

1) аукциондық құжаттаманың жобасын қалыптастырады және веб-порталда орналастырады;

2) веб-порталда аукцион өткізу туралы хабарландыруды, аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, аукционға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын, аукционға жіберу хаттамасын, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ олар болған кезде веб-порталда басқа да құжаттарды орналастырады;

3) веб-порталда бар болған жағдайда сараптау комиссиясының немесе сарапшының қорытындысын жариялайды;

4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-параграф. Аукциондық комиссияның не сарапшының (қажет болған жағдайда) құрамын айқындау және бекіту

332. Аукционды ұйымдастыру және өткізу кезінде ұйымдастырушы не онымен бір тұлға болатын тапсырыс беруші қажет болған кезде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын

тауарлардың аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін сараптама комиссиясын құрады не сарапшыны айқындайды.

333. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін сараптама комиссиясын не сарапшыны бекітеді.

334. Сараптама комиссиясын құру не сарапшыны тарту туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы адам қабылдайды.

Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайларда сараптама комиссиясын құру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

335. Аукцион өткізу басталғанға дейін аукциондық комиссияның мүшелері, аукциондық комиссияның хатшысы, сондай-ақ сараптау комиссиясы не сарапшы бекітілген аукциондық құжаттаманың жобасымен және оған қосымшалармен танысады.

336. Сараптау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары және басқа да мүшелері сараптау комиссиясының мүшелері болып табылады. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары орындайды. Сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.

337. Аукционды ұйымдастыру және өткізу кезінде сараптау комиссиясы не сарапшы әлеуетті өнім берушілер аукционда ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне сараптамалық қорытынды береді және аукциондық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

338. Сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын аукциондық комиссия, егер ол аукциондық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана міндетті түрде ескереді. Сараптамалық қорытындыға сараптамалық комиссия құрмай сарапшы айқындалған жағдайда сараптама комиссиясының мүшелері не сарапшы қол қояды және аукциондық комиссия хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшының қорытындысына сарапшының біліктілігін растайтын құжаттар (білімі туралы диплом, сертификат, аттестат не өзге де құжат) міндетті түрде қоса беріледі.

339. Сараптау комиссиясының әлеуетті өнім берушілер аукционда ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан айқындауы ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады және егер оған сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

340. Дауыстар тең болған жағдайда сараптама комиссиясының төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

341. Сараптамалық комиссияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, осы сараптамалық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол сараптамалық комиссияның қорытындысына қоса беріледі және веб-порталда орналастырылады.

342. Тиісті сараптамалық қорытындыға сараптама комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда аукциондық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

6-параграф. Аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту және оны веб-порталда орналастыру

343. Ұйымдастырушы не бірыңғай ұйымдастырушы аукционды өткізу шарттары мен тәртібін айқындау үшін веб-порталда осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде аукциондық құжаттаманы қалыптастырады және оны тапсырыс берушімен келіседі, бұған:

1) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін;

2) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырады.

344. Ұйымдастырушы әзірлеген аукциондық құжаттаманың жобасын тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

345. Осы Қағидалардың 40-тармағына сәйкес айқындалатын бірыңғай ұйымдастырушы әзірлеген аукциондық құжаттаманың жобасын бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

346. Бірыңғай ұйымдастырушы әзірлеген және бекіткен аукциондық құжаттаманың жобасы аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің, шарттың жобаларын және сараптама комиссиясының не сарапшының (бар болса) құрамын қамтиды.

7-параграф. Аукцион өткізу туралы хабарлама

347. Ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманың жобасы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін, сондай-ақ бекітілген аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын орналастырады.

348. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынуының соңғы күнінің мерзімі аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасы

және бекітілген аукциондық құжаттаманың мәтіні орналастырылған күннен бастап кемінде бес жұмыс күнін құрайды.

349. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өз бастамасы бойынша аукциондық құжаттамаға өзгерістер енгізе алады. Мұндай жағдайларда аукциондық құжаттама осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен алдын ала талқылауға жатады.

350. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырған жағдайда ұйымдастырушы аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын веб-порталда өткізілмеген аукционның аукциондық құжаттамасы өзгермеген жағдайда аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін орналастырады. қайта мемлекеттік сатып алуды өткізуге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін ұлғайтуды қоспағанда.

351. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда мемлекеттік сатып алу осы Қағидалардың 347-тармағына сәйкес жүргізіледі.

8-параграф. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау және алдын ала талқылау хаттамасын веб-порталда орналастыру

352. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы аукциондық құжаттаманы бекітудің міндетті шарты болып табылады.

353. Әлеуетті өнім берушілер аукциондық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін.

354. Ескертулер, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың жобасына аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде аукциондық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

355. Ескертулер, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) аукциондық құжаттаманың жобасына олардың қабылданбау себептерінің негіздемелерін көрсете отырып, ескертулерді қабылдамайды;

3) аукциондық құжаттаманың ережелеріне түсініктеме береді.

Аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда осы Қағидалардың 352, 353-тармақтарында белгіленген тәртіппен веб-порталда өзгертілген аукциондық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап аукциондық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

356. Ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы аукциондық құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Аукциондық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасы жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша 09:00-ден 18:00-ге дейін) орналастырылады.

Бұл ретте өтінімдерді қабылдау алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылған күннен кейін келесі жұмыс күні (Астана қаласының уақыты бойынша 09.00-ден бастап) жүзеге асырылады.

357. Осы Қағидалардың 355-тармағының 1) тармақшасына сәйкес аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманың жобасын алған веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, аукциондық құжаттаманың бекітілген мәтінін аукциондық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге орналастырады.

358. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасы аукциондық құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпаратты қамтиды.

359. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

360. Бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды жүргізген жағдайда аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы қол қояды.

Осы Қағидалардың 33, 35 және 36-тармақтарында көзделген жағдайларда аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

361. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 357-тармағында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

362. Бірыңғай ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде аукциондық құжаттаманың жобасына, аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының (болған кезде) жобаларына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоспағанда, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің және шарттың жобаларына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоспағанда, аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді бірыңғай ұйымдастырушы осы Қағидалардың 357-тармағында белгіленген тәртіппен бекітеді.

363. Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің немесе шарттың жобаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда тапсырыс беруші бекітілген шешімді аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай ұйымдастырушыға жібереді.

364. Бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс беруші бекіткен аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің немесе шарттың жобаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешімнің негізінде аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының (болған кезде) жобаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

365. Осы Қағидалардың 355-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аукциондық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

366. Осы Қағидалардың 355-тармағының 3) тармақшасына сәйкес веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтіні аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында веб-порталда автоматты түрде орналастырылады.

367. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайда, аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын ережелерді түсіндіруді және (немесе)

техникалық ерекшеліктің, шарттың және біліктілік талаптарының жобаларына ескертулер мен сұрау салуларды қабылдамаған жағдайда тапсырыс беруші жүзеге асырады.

Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік жобаларының, шарттың және біліктілік талаптарының (болған жағдайда) ережелерін түсіндіру мәтіні аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

9-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын ұсыну

368. Аукцион өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап барлық ниет білдірушілерге аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын веб-порталда тегін алу мүмкіндігі беріледі.

369. Аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын веб-порталда аукцион өткізу туралы хабарланған кезге дейін ұсынуға жол берілмейді.

10-параграф. Аукционға қатысуға өтінімдердің мазмұны және ұсынылуы

370. Аукционға қатысуға өтінім аукциондық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің ол туралы біліктілік талаптары мен Заңның 7-бабымен белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

371. Ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға аукционға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұсынатын аукционға қатысуға өтінім аукциондық құжаттамада көрсетілген құжаттарды қамтуға, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің:

1) Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің жоқтығы туралы;

2) өзі мен тапсырыс беруші, ұйымдастырушы не бірыңғай ұйымдастырушы арасында Заңда тыйым салынған қатынастардың жоқтығы туралы.

372. Аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте аукционға қатысуға өтінім қабылданды деп есептеледі.

373. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға бір ғана өтінім береді.

374. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімін веб-портал мынадай жағдайларда автоматты түрде қабылдамауға тиіс:

1) әлеуетті өнім беруші осы аукционға қатысуға бұрын өтінім берген;

2) аукционға қатысуға өтінім осы аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін веб-порталға келіп түскен;

3) бастапқы баға осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 13) тармақшаларында көзделгенде.

Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысу үшін ұсынатын аукционға қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі аукционға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және аукциондық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келуге тиіс.

374-1. Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер, заңды тұлғалар болып табылатын аукционға қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден кемінде екі өтінім болған жағдайда веб-портал автоматты түрде қабылдамауға тиіс.

Заңды тұлға акцияларының (қатысу үлестерінің) мемлекетке тиесілігі құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаты бойынша не қатысушы/акционер ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, акциялардың мемлекеттік пакеттерін және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану құқықтары берілген орталық мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган көрсетілетін акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме бойынша айқындалады.

Ескерту. 12-тарау 374-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

375. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімі веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

376. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде өзі енгізген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің аукционға қатысуға өтінімін өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

377. Аукционға қатысуға өтінімді оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін кері қайтарып алуға жол берілмейді.

378. Аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

379. Әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамаға сәйкес талап етілетін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорға жүгіну арқылы не веб-порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы алынатын жекелеген құжаттарды ұсынуына жол беріледі.

11-параграф. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашу

380. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді.

381. Егер аукционға (лотқа) аукционға (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда мұндай өтінім де осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

382. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес ашылған күні автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал аукциондық комиссия мүшелеріне, аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты хабарламалар жібереді.

383. Аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге ашу хаттамасы орналастырылғаннан кейін бастапқы бағаларды қоспағанда, басқа әлеуетті өнім берушілердің осы аукционға қатысуға өтінімдерін қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

12-параграф. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау

384. Аукциондық комиссия веб-портал арқылы аукциондық құжаттаманың біліктілік талаптары мен талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында аукционға қатысуға өтінімдерді қарайды және әлеуетті өнім берушілерді аукционға қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды (аукционға қатысушылар деп таниды).

385. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аукционға қатысуға өтінімдерді қарау кезінде аукциондық комиссия:

1) веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелер сұратады;

2) аукционға қатысуға өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

3) әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

4) біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды.

Аукционға қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, аукционға қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты аукциондық комиссияның сұрау салуын және өзге де іс-қимылдарын жіберуге жол берілмейді.

386. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей аукциондық комиссияның хатшысы сараптамалық комиссияның не ол

құрылған (тартылған) жағдайда сарапшының қарауына әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында өтінімде ұсынатын тауарлар бойынша техникалық ерекшеліктерді ұсынады.

387. Аукционға қатысуға рұқсат берудің тиісті хаттамасына аукциондық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда аукциондық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

388. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы бөлігінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында аукциондық комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

389. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға жіберілмейді (аукционға қатысушы деп танылған), егер:

1) ол Заңда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған;

2) Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері бар болса.

390. Егер әлеуетті өнім беруші Заңның 7-бабында көзделген негіздер бойынша аукционға қатысуға жіберілмесе, онда аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада бас тарту үшін негіз болған растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, осындай әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімінің бас тарту негіздемесі көрсетіледі.

391. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия:

1) біліктілік талаптары мен аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және аукционға қатысушылар деп таниды;

2) әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынуының соңғы мерзімінен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

392. Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1) осы Қағидалардың 391-тармағына сәйкес аукциондық комиссияның сұрау салулары туралы;

2) аукционға қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы, олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып.

393. Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға веб-порталда аукциондық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және аукциондық комиссияның хатшысы аукционға қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, шешім қабылданған күні веб-порталда орналастырады.

394. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға жіберілмейді (аукционға қатысушы деп таныла алмайды), егер:

1) ол мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған:

рұқсаттардың (хабарламалардың) не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін ұсынбау. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын салық берешегінің болуы, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайтын қаржылық орнықтылыққа сәйкес келмеуі;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі арқылы автоматты түрде айқындалатын қызметкерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болуы;

аукциондық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық ұсынбау;

біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған;

банкроттық не таратылу рәсіміне жатады;

2) егер оның аукционға қатысуға өтінімі аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіндігі мынадай негіздер бойынша айқындалса:

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сол сияқты техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

аукциондық құжаттама мен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбау;

аукциондық құжаттаманың талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған;

3) Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері бар болса. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8) 9) және 13)

тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімін веб-портал автоматты түрде қабылдамауға тиіс. Заңның 7-бабы 1-тармағының 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша аукциондық комиссия ақпаратты тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында қарайды.

395. Сараптама комиссиясы не сарапшы аукциондық комиссияның төрағасы белгілеген мерзімдерде, бірақ аукционға қатысуға өтінімдерді қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) өз құзыреті шегінде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін олар берген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделуі тұрғысынан қарайды және зерделейді;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы сараптама қорытындысын ресімдейді, оған қол қояды және аукциондық комиссияның хатшысына ұсынады.

396. Сараптамалық қорытындыға сарапшы ерекше пікірін білдіретін жағдайларды қоспағанда, барлық сарапшылар қол қояды және әр бетіне бұрыштама соғады.

Сараптамалық қорытындыны алғаннан кейін аукциондық комиссияның хатшысы сараптамалық қорытындыны веб-порталда орналастырады және веб-портал арқылы хабарламаларды аукциондық комиссияның барлық мүшелеріне таратады. Аукциондық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді сараптамалық қорытындыны ескере отырып қарайды.

13-Параграф. Аукцион өткізу

397. Аукцион аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген күні және уақытта веб-порталда өткізіледі.

Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттама орналастырылғаннан кейінгі жұмыс күні аукцион өткізілетін күн болып табылады.

Аукцион басталатын уақыт Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірілмей белгіленеді.

398. Аукцион, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан бастап, баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету жолымен өткізіледі.

399. Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасының жарты пайызынан бес пайызына дейін құрайды.

400. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушыларға аукционға қатысуға өтінімдер беру күні мен уақытына байланысты нөмір беріледі.

401. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін беру күні мен уақыты аукцион хаттамасында белгіленеді.

402. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар аукцион адымы шегіндегі шамаға баға туралы ағымдағы ең төменгі ұсынысты төмендетуді көздейтін, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныстар береді.

Бұл ретте, бірыңғай оператор аукционды өткізу кезінде аукционды өткізу мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушілердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

403. Аукционды өткізу кезінде аукционның кез келген қатысушысы ағымдағы ең төмен ұсыныс болмаған жағдайда аукцион адымына қарамастан, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан төмендетілген, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс беруге құқылы.

404. Егер өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы осындай ұсынысты аукционға осы қатысушы берген жағдайда, аукционға қатысушы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ағымдағы ең төменгі ұсыныстан төмен өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс беруге құқылы емес.

405. Өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы аукционға қатысушылардың ұсыныстарын қабылдау уақыты аукцион өткізу басталғаннан бастап отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейін он минутты құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың неғұрлым төмен бағасы туралы бірде-бір ұсыныс келіп түспесе, аукцион аяқталады.

406. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама автоматты түрде осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукционды өткізу аяқталған күні веб-порталда қалыптастырылады және орналастырылады.

Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада ең төмен баға негізінде жеңімпазды айқындау туралы ақпарат қамтылады.

407. Егер өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың аукционға басқа қатысушы ұсынған бастапқы бағаға тең бастапқы бағасы ұсынылған жағдайда, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен тауардың бастапқы бағасы ең төмен бастапқы баға деп танылады.

408. Егер аукционды өткізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың бірде-бірі өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс бермесе, бастапқы бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім беруші бірінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші болып танылады.

409. Егер аукционға қатысуға әлеуетті өнім берушінің аукциондық комиссияның қарау нәтижелері бойынша біліктілік талаптары мен аукциондық құжаттама

талаптарына сәйкес деп танылған бір ғана өтінімі берілген жағдайда, аукцион тәсілімен мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес өтті деп танылады және веб-портал аукциондық комиссияның барлық мүшелерін және аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіні электрондық пошта арқылы бір мезгілде хабардар ете отырып, біліктілік талаптарына және (немесе) аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау аяқталған күні аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастырады және орналастырады.

13-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

Параграф 1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері

410. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі. Бұл жағдайда баға шешуші шарт болып табылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемін олардың біреуі осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделгеннен аз бөліктерге, мөлшерге бөлуге жол берілмейді.

2-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарлама

411. Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мынадай мәліметтерді веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде орналастырады:

- 1) бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;
- 2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;
- 4) тауар жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуының басталу және аяқталу мерзімі туралы;

б) техникалық ерекшелігі көрсетілген шарттың жобасы.

Тапсырыс берушілер ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипаттамасында жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылады.

412. Осы Қағидалардың 411-тармағында көзделген, орналастырылатын ақпаратта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді, оған мемлекеттік сатып алуды мынадай:

1) негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтылымды) қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау;

2) тауарды лизингке беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушіні айқындау үшін және лизинг нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау қажеттігі туындаған жағдайда;

3) тапсырыс берушіде бар тауарды жөндеу және (немесе) оған техникалық қызмет көрсету;

4) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, кохлеарлық импланттарды, дәрілік заттарды және емдік тағамның мамандандырылған өнімдерін сатып алу, егер олар дәрігерлік консилиумдар мен медициналық-генетикалық қорытындылары бойынша белгіленген медициналық көрсетілімдері (жеке төзімсіздігі, өмірлік көрсеткіштері бойынша) бар пациенттерге қатысты қолдану үшін сатып алынса;

5) жылдық көлемінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайтын, нарықта ұсынылған және қолжетімді біртекті тауарларды сатып алу жүзеге асыру жағдайлары қосылмайды.

Аталған тармақша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

Ескерту. 412-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуы

413. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда көзделген мәліметтерді қамтитын бір ғана баға ұсынысын ұсынады, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Әлеуетті өнім берушілер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін берілген баға ұсыныстарын қайтаруға рұқсат етіледі. Бұл ретте баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткенге дейінгі енгізілген өзгерістермен баға ұсыныстарын қайта ұсынуға жол беріледі.

414. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады

415. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысында тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар кіреді.

416. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысын ұйымдастырушыға веб-портал арқылы хабарландыруда көрсеткен баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

417. Баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданды деп саналады.

418. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету осы Қағидалардың 7-тарауында көзделген тәртіппен және мөлшерде енгізіледі.

Бұл ретте банк кепілдігі түріндегі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынады.

4-параграф. Баға ұсыныстарын салыстыру және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын шығару

419. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткеннен кейін веб-портал автоматты түрде баға ұсыныстарын салыстыруды және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысын шығаруды жүргізеді.

420. Ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады

421. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға негізінде айқындалады.

422. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған болса, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрынырақ келіп түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

423. Ұйымдастырушы мен әлеуетті өнім берушінің арасында веб-портал арқылы не веб-портал қолданылмай өзге де тәсілдермен оның баға ұсынысына қатысты келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

424. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушінің бір ғана баға ұсынысы ұсынылған болса, веб-портал мұндай мемлекеттік сатып алуды автоматты түрде өткізілмеді деп таниды және ұйымдастырушы осы баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіден бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Бұл ретте жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспауға тиіс.

425. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушілердің бірде-бір баға ұсынысы ұсынылмаса, мұндай мемлекеттік сатып алу веб-порталмен автоматты түрде өтпеді деп танылады және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

426. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы:

1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

2) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларда веб-портал автоматты түрде қабылдамайды.

Өзге де негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамауға жол берілмейді.

427. Егер осы Қағидалардың 426-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын веб-портал автоматты түрде қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің екеуден аз баға ұсынысы қалған болса, онда мұндай мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылады және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырады.

Ескерту. 427-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

428. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысының осы Қағидалардың 25-қосымшасының нысанына сәйкес хаттамасы ол шығарылғаннан кейін веб-порталда автоматты түрде орналастырылады.

14-тарау. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

429. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Бұл ретте электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алудың мәні тауар болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

430-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

430. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу бірыңғай оператор қалыптастыратын тауарлардың электрондық каталогын пайдалана отырып, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары негізінде жүзеге асырылады.

431. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу тапсырыс арқылы жүзеге асырылады, онда келесі мәліметтер болуы керек:

- 1) бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылатын тауардың маркасы мен саны;
- 2) сатып алынатын тауардың толық сипаттамасы;
- 3) тауарды жеткізу орны және тауарды жеткізу шарты;
- 4) тауарды жеткізудің талап етілетін мерзімдері;
- 5) қосалқы қызметтер.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушінің тапсырысты растауы тапсырыста және шарттың үлгілік жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді жүзеге асыруға оның келісімін білдіру нысаны болып табылады.

432. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларға жүргізіледі.

Электрондық дүкен арқылы әдісті қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемін олардың біреуінің мөлшері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделгеннен аз бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

432-1 Бірыңғай оператор электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін электрондық сауда алаңдары мен олардың әлеуетті өнім берушілерінің тізімін қалыптастырады. Әлеуетті өнім берушінің тауарға баға ұсынысын тек бір электрондық сауда алаңынан беруіне жол беріледі.

Ескерту. 14-тарау 432-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

433. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу мынадай реттіліктің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Алдын ала тапсырыссыз тапсырысты рәсімдеу;
2. Алдын ала тапсырыс беру арқылы тапсырысты рәсімдеу.

Ескерту. 433-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

433-1. Алдын ала тапсырыссыз тапсырысты рәсімдеу мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс беруші электрондық сауда алаңында тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін тауарлардың бір немесе одан да көп моделін таңдайды және осындай тауарларды сатып алуға тапсырыс рәсімдейді. Рәсімделген тапсырысқа тапсырыс берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылады;

2) электрондық сауда алаңы тапсырысты электронды дүкенге жібереді;

3) электрондық дүкен ағымдағы баға ұсыныстарын ұсыну үшін барлық электрондық сауда алаңдарына тапсырыс туралы хабарлайды;

4) электрондық сауда алаңдары электрондық дүкен хабарлама жіберген сәттен бастап он бес минут ішінде тапсырыс беруші таңдаған тауар үлгілері бойынша өнім берушілер және олардың өзекті бағалары туралы ақпаратты қалыптастырады және оларды электрондық дүкенге жібереді;

5) электрондық дүкен осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар туралы алдын ала хаттамасын қалыптастырады.

Қорытындылардың алдын ала хаттамасын қалыптастырғаннан кейін электрондық сауда алаңдарының тапсырыс бойынша ақпарат беруіне жол берілмейді;

6) электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және тапсырысты тауардың бағасы межелі жерге дейін жеткізу құнын ескере отырып, тауардың бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушіге электрондық сауда алаңы арқылы жібереді;

7) тапсырыс алған әлеуетті өнім беруші электрондық сауда арқылы электрондық дүкенге жолданатын тапсырысты растау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды;

8) әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған жағдайда электрондық дүкен осы Қағидаларға 26-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар хаттамасын қалыптастырады, ол веб-порталда жарияланады;

9) жеңімпаз шарт жасасады.

Ескерту. Қағидалар 433-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

433-2. Алдын ала тапсырыс беру арқылы тапсырысты рәсімдеу мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс беруші электрондық сауда алаңында тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін тауарлардың бір немесе одан да көп моделін таңдайды және осындай тауарларды сатып алуға тапсырыс рәсімдейді. Рәсімделген тапсырысқа тапсырыс берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылады;

2) электрондық сауда-саттық алаңы тапсырысты рәсімдеу күнін көрсете отырып, электрондық дүкенге тапсырысты жібереді;

3) электрондық дүкен баға ұсыныстарын беру мерзімі жұмыс күндері аяқтала отырып, 24 сағат ішінде тауарға баға ұсыныстарын беруге алдын ала тапсырыс жасайды;

4) әлеуетті өнім берушілер алдын ала тапсырыста баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін электрондық сауда алаңдары арқылы тауарға баға ұсыныстарын орналастырады;

5) алдын ала тапсырыста баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін электрондық дүкен осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылардың алдын ала хаттамасын қалыптастырады.

Қорытындылардың алдын ала хаттамасын қалыптастырғаннан кейін электрондық сауда алаңдарының тапсырыс бойынша ақпарат беруіне жол берілмейді;

6) электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және тапсырысты тауардың бағасы межелі жерге дейін жеткізу құнын ескере отырып, тауардың бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушіге электрондық сауда алаңы арқылы жібереді;

7) тапсырыс алған әлеуетті өнім беруші электрондық сауда арқылы электрондық дүкенге жолданатын тапсырысты растау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды;

8) әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған жағдайда электрондық дүкен осы Қағидаларға 26-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар хаттамасын қалыптастырады, ол веб-порталда жарияланады;

9) жеңімпаз шарт жасасады.

Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, тапсырыс тек алдын ала тапсырыс беру арқылы ресімделеді.

Ескерту. Қағидалар 433-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

434. Тапсырыс беруші таңдаған тауарға тапсырысты ресімдеуге осы Қағидалардың 442-тармағында көзделген шектеулері жоқ екі әлеуетті өнім берушінің қолданыстағы кемінде екі баға ұсынысы болған кезде жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, тапсырыс беруші таңдаған тауарға тапсырысты ресімдеуге қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде тұрған және осы Қағидалардың 442-тармағында көзделген шектеулері жоқ әлеуетті өнім берушіден кемінде бір қолданыстағы баға ұсынысы болған кезде жол беріледі.

Бұл ретте тауар туралы ақпарат электрондық дүкенде орналастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін электрондық дүкенде тапсырысты ресімдеу үшін қолжетімді болады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

434-тармақтың төртінші абзацы 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

Ескерту. 434-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

434-1. 433-1-тармақтың 2) тармақшасына сәйкес электрондық сауда-саттық алаңының тапсырысты жөнелтуі Астана қаласының уақыты бойынша сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте электрондық дүкеннің тапсырыс туралы ақпаратты алған уақыты тапсырысты ресімдеу уақыты болып есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 434-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

435. Электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және тауардың бағасы межелі жерге дейін жеткізу құнын ескере отырып, тауардың бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушіге тапсырысты жібереді.

Ескерту. 435-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

435-1. Егер тауарға тапсырысты ресімдеу кезінде сауда алаңдары осы Қағидалардың 442-тармағының шарттарына сәйкес келетін екіден аз баға ұсынысын ұсынған жағдайда немесе бірде-бір баға ұсынысын ұсынбаса, тапсырыс беруші жұмыс күндері 24 (жиырма төрт) сағат өткеннен кейін тапсырысты рәсімдеу күнін көрсете отырып, осындай тауарға баға ұсыныстарын беру үшін алдын ала тапсырысты жариялайды.

Бұл ретте, егер көрсетілген уақытта осы Қағидалардың 442-тармағының талаптарын ескере отырып, кемінде екі баға ұсынысы жиналса, электрондық дүкен тапсырысты автоматты түрде қалыптастырады, өзге жағдайда сатып алу өтпеді деп танылады.

Электрондық сауда алаңдары арқылы әлеуетті өнім берушілер тапсырысқа қатысу үшін осындай тауарға баға ұсыныстарын орналастыра алады.

Ескерту. 14-тарау 435-1-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

435-2. Электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің барлық расталған және расталмаған тапсырыстар есебін жүргізеді.

Егер, әлеуетті өнім берушінің тапсырыстарды растамау пайызы соңғы айда сексен пайыздан асқан кезде, бестен астам тапсырыс алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші сауда алаңдарының өнім берушілерінің тізімінен он бес күнтізбелік күнге шығарылады.

Ескерту. 14-тарау 435-2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

435-3. Тауар өндіруші және оның ресми өкілдері (дилерлер немесе дистрибьюторлар) туралы ақпарат электрондық сауда алаңында көрсетіледі және бірыңғай оператор бекітетін электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеу және олардың электрондық дүкенмен өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес электрондық дүкенге беріледі.

Тауар өндіруші мен оның ресми өкілдері (дилерлер немесе дистрибьюторлар) арасындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының тауар белгілері саласындағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Ескерту. 14-тарау 435-3-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

436. Тапсырысты әлеуетті өнім беруші хабарламаны жұмыс күндері жұмыс уақытында жіберген сәттен бастап 3 (үш) сағат ішінде (Астана қаласының уақыты бойынша 09:00-ден 18:00-ге дейін) расталады. Егер тапсырысты растау туралы хабарлама Астана уақытымен сағат 15:00-ден кейін жіберілсе, сағат 18:00-де тоқтайды. Тапсырысты растау үшін қалған уақыт келесі жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден бастап қайта басталады.

437. Әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

438. Тапсырыс беруші электрондық дүкенде бір тапсырыста бірлесіп қолданылатын, біріктірілген лотқа енгізілетін тауарлардың бірнеше түрін таңдауға құқылы және тапсырыстағы тауарлардың ең аз жиынтық құнын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастаулар белгіленген тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайын қоспағанда, сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіштен асатын біріктірілген лот алдын ала тапсырыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық дүкенде біріктірілген лотқа енгізілетін тауарларды, егер мұндай тауарлар бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастаулар белгіленген тауарларды және осындай алып тастаулар

белгіленбеген тауарларды қамтитын болса, бір тапсырысқа орналастыруға жол берілмейді.

Бұрын электрондық дүкен арқылы сатып алынбаған тауарларды біріктірілген лотқа енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 438-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

439-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

439. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша:

1) тапсырыс беруші осы Қағидалармен айқындалған тәртіпте және мерзімдерде веб-портал шарт жасасады.

Бұл ретте шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелік тауарлардың электрондық каталогында орналастырылған фотосуреттерді қоса алғанда, тауардың барлық техникалық сипаттамалары негізінде қалыптастырылады;

2) осы Қағидаларға 26-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар туралы хаттамасы автоматты түрде қалыптастырылады.

Ескерту. 439-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

440. Бір тапсырыста әртүрлі қаржы кезеңдерінде қаржыландыру көзделген тауарларды көрсетуге жол берілмейді.

441. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын электрондық дүкенге берілген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Егер әлеуетті өнім берушілердің ең төмен баға ұсыныстары бір мезгілде электрондық дүкенге берілген жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын электрондық сауда алаңында орналастырылған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Біріктірілген лотта бірнеше тауар болған жағдайда, біріктірілген лотқа енгізілген барлық тауарлардың ішінен сауда алаңында орналастырудың ең аз күні мен уақыты ескеріледі.

Ескерту. 441-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

442. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы келесі жағдайларда электрондық дүкенде автоматты түрде қабылданбауға жатады:

- 1) егер тауардың құны осы тауарларды сатып алуға бөлінген сомадан асып кеткен;
- 2) Заңның 7-бабының 1-тармағы 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген;

3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы осы Қағидалардың 99-тармағына сәйкес демпингтік баға деп танылған;

4) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы бірнеше рет және (немесе) әртүрлі электрондық сауда алаңдарынан берілген.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамауға жол берілмейді.

Ескерту. 442-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

443. Тапсырыс белгіленген мерзім ішінде бас тартылған немесе расталмаған жағдайда тапсырыс тауардың бағасы межелі пунктке дейін тауарды жеткізу құнын ескере отырып, ең төмен бағадан кейінгі болып табылатын әлеуетті өнім берушіге автоматты түрде жіберіледі.

Ескерту. 443-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

444. Егер екі жұмыс күні ішінде тапсырысты әлеуетті өнім берушілердің бірде-бірі растамаса, электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады.

445. Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші мынадай:

1) электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) мемлекеттік сатып алуды Заңның 10-бабында айқындалған өзге де бәсекелес тәсілдермен жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

446. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі талаптар құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын шарттар бойынша өнім берушілерге қолданылмайды.

15-тарау. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері

447. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар болып табылатын тапсырыс берушілер қолданады.

448. Біліктілік талаптарын белгілейтін, сондай-ақ Заңда көзделген мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдері мен мерзімдерін регламенттейтін нормаларды қоспағанда, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Заңға және осы Қағидаларға сәйкес веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

449. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттама осы тарауда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

450. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

451. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар бойынша қызметін жарғылық мақсаттарға сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары қатысады.

452. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген норма бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды өткізу жөніндегі конкурстарға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

453. Бір қаржы жылынан астам мерзімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде Заңда және осы Қағидаларда көзделген талаптардан басқа, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушінің материалдық-техникалық базасының сипаттамасы мен оған қойылатын талаптар қамтылады.

454. Ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде бес жұмыс күні ішінде веб-порталда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін орналастырады.

455. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін қайта Мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын веб-порталда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін қайта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін орналастырады.

456. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада көрсеткен өтінімдерді ұсынудың түпкілікті күні мен уақыты келгенде веб-портал автоматты түрде жүзеге асырады.

457. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес ашылған күні веб-порталда автоматты түрде орналастырылады.

458. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды өткізу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

459. Егер әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі конкурстық құжаттама талаптарына, оның ішінде осы Қағидалардың 453-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, бір қаржы жылынан астам мерзімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды өткізу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия конкурстық өтінімді қабылдамайды.

460. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Ескерту. 460-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 21.08.2025 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

461. Конкурстық өтінімдері осы Қағидалардың 460-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттардың бірі бойынша 0 (нөл) балл жинаған әлеуетті өнім берушілер жиналған баллдардың жалпы санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

462. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін баллдарды есептейді;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін конкурстық комиссия берген баллдардың санына қарай бағаларды шартты азайтуды қолданады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 28-қосымшаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу нөмірі) ресімдейді.

463. Конкурстық комиссия барлық өлшемшарттар бойынша қойған баллдарды веб-портал автоматты түрде жинақтайды, оның нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушіге оның техникалық ерекшелігінің баллдармен көрсетілген қорытынды бағасы қойылады.

464. Конкурсқа қатысуға өтінімі қорытынды бағасы 9 балдан төмен әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

465. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия олардың техникалық ерекшеліктерін бағалау үшін тиісті баллдарды есептемейді.

466. Әлеуетті өнім берушілер өздерінің техникалық ерекшеліктерін бағалау үшін ұсынған талаптар шартқа енгізіледі.

467. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың және олардың конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалаудың талаптарына сәйкестігі мәнін қарастыру нәтижелері бойынша конкурстық ұсыныстардың мынадай шартты азайтулары қолданылады:

1) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 12-ден 17 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 10% азаяды;

2) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 18-ден 23 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 20% азаяды;

3) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 24-тен 28 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30% азаяды.

468. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген балдарды конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде есептейді.

469. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына, конкурсқа қатысуға бір өтінім жіберілгенін қоспағанда, бағаларды шартты азайтуды қолданады.

470. Веб-портал конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

471. Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі көп конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

472. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтер шартының жобасы осы Қағидалардың 519-тармағында көзделген талаптарға сәйкес жасалады.

473. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу мынадай негіздердің бірі бойынша:

- 1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы;
- 2) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 3) егер конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің екі және одан да көп өтінімдері ұсынылған жағдайда.

474. Егер конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін бір өтінім ұсынылған жағдайда, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу өткізілді деп танылады. Бұл ретте жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысынан аспауға тиіс.

475. Егер мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай:

- 1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

476. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін қайта мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, Тапсырыс беруші Заңның 15-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

477. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде:

- 1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді;

2) конкурстық комиссия осы Қағидалардың 217-тармағында көзделген конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданбайды;

3) Егер ұсынылған конкурстық баға ұсынысы осы Қағидалардың 92-тармағына сәйкес демпингтік деп танылса, әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілмейді;

4) тапсырыс берушілер мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін берушілерден қаржылық есептерді талап етпейді.

478. Егер осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу жөніндегі конкурсты жүзеге асыру кезінде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі пайдаланылады.

16-тарау. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері

479. Ұйымдастырушы жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды әлеуетті өнім берушілердің-тұрғынжай жеке меншік құқығымен тиесілі кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтінімдерін ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде кешіктірмей қазақ және орыс тілдерінде орналастырады және онда мынадай ақпарат болады:

1) сатып алынатын тұрғынжайдың болуы тиіс елді мекеннің (қала, қаладағы аудан, кент, ауыл) атауы;

2) тұрғын үйді мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген ақша қаражатының сомасы туралы;

3) сатып алынатын тұрғынжайдың талап етілетін сипаттамаларының сипаттамасы және тұрғынжайды сатып алу мерзімі;

4) әлеуетті өнім берушілердің сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсынуының басталу және аяқталу мерзімі туралы;

480. Әлеуетті өнім берушінің – кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын, өзіне жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға жеке тұлғаның өтінімі (бұдан әрі – өтінім – тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында ұсынылады және әлеуетті өнім берушінің өзіне жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда көрсетілген шарттарда сатуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

481. Тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімде мыналар бар:

1) жеке тұлғаның жеке куәлігінің электрондық көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың, оның ішінде техникалық паспорттың электрондық көшірмелері;

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен ерте емес берілген тұрғын үйге ауыртпалықтың жоқтығы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

4) тұрғын үйдің ағымдағы жай-күйінің фото-суреттерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген жылжымайтын мүлік (тұрғын үй) объектісін бағалау туралы есептің көшірмесі;

5) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы;

6) жұбайының нотариат куәландырған келісімінің электрондық көшірмесі не некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмағаны туралы нотариат куәландырған анықтаманың электрондық көшірмесі немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе жесірлігін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі.

482. Әлеуетті өнім беруші өзіне жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға бір ғана өтінім береді.

483. Тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді веб-портал мынадай жағдайларда автоматты түрде қабылдамауға тиіс:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім берсе;

2) мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім веб-порталға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түсті;

3) баға ұсынысы тұрғын үй сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен жағдайларда жол беріледі.

484. Осы Қағидаларға сәйкес берілген тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім автоматты түрде веб-порталда тіркеледі.

485. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде тұрғын үйді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта оны мемлекеттік сатып алуға қатысуға өзінің өтінімін өзгертеді немесе кері қайтарып алады. Конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны қайтарып алуға жол берілмейді.

486. Жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды Мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді, оның қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ашу хаттамасы қалыптастырылады.

487. Ұйымдастырушы тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді оның хабарландыруда көзделген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім келесі:

1) хабарландыруда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген (тұрғын үйдің талап етілетін сипаттамаларға сәйкес келмеуі, жеке меншік құқығын растайтын құжаттардың болмауы);

2) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы жылжымайтын мүлік (тұрғын үй) объектісін бағалау туралы есепте айқындалған құннан асып түскен жағдайларда қабылданбауға жатады.

488. Веб-портал рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты салыстыруды жүргізеді және ең төмен баға ұсынысын берген жеңімпазды айқындайды.

489. Егер белгіленген мерзім ішінде тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға бірде-бір өтінім ұсынылмаса не олар қабылданбағаннан кейін осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға бірде-бір өтінім жіберілмеген болса, онда мұндай мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылады және тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы шешім қабылданады.

490. Егер әлеуетті өнім берушінің тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға кемінде бір өтінімі жіберілген болса, тұрғынжайды мемлекеттік сатып алу өтті деп танылады. Бұл ретте қатысуға өтінімі жалғыз жол берілген болып табылатын әлеуетті өнім беруші осы мемлекеттік сатып алуда веб-портал жеңімпаз деп танылады.

491. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ұйымдастырушы осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес тұрғынжайды мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді қарау мерзімі ішінде веб-порталда орналастырады. Бұл ретте веб-портал осы мемлекеттік сатып алуға қатысуға өз өтінімдерін берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарламалар жібереді.

492. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалады.

492-1. Әлеуетті өнім беруші Заңның 25-бабына және қағидалардың 19-тарауына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, тұрғын үйді мемлекеттік сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шағымдануға құқылы.

Ескерту. Қағидалар 492-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 21.08.2025 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-тарау. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Жүргізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

493. Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді тапсырыс беруші жүзеге асырады және веб-порталда мынадай кезекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) мемлекеттік сатып алудың осы тәсілін қолдану негіздемесімен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы тапсырыс берушінің шешім қабылдауы;

2) Тапсырыс берушінің осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыруды веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге жіберуі;

3) әлеуетті өнім берушінің шақыруда көзделген құжаттарды қоса, осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес бір көзден мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы келісімді веб-портал арқылы ұйымдастырушыға жіберуі;

4) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қатысуға оларға ұсынылатын баға негіздемесі, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілмеді деп танылған мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, ұйымдастырушының веб-портал арқылы өнім беруші ұсынған өнім берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды қарауы;

5) веб порталда бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың орналастырылуы;

6) тапсырыс берушінің бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде әлеуетті өнім берушімен шарт жасасуы;

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 5) және 6) тармақшаларының талаптары Заңның 15-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

Ескерту. 493-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

494. Тапсырыс беруші бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізу туралы шешімді Заңда және осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізілмеді деп танылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылдайды. Тапсырыс берушінің белгіленген мерзім өткеннен кейін шешім қабылдауына жол берілмейді

495. Жүргізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде ұйымдастырушы осы Қағидаларда

көзделген мерзімдерде веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

Әлеуетті өнім берушіге шақыру жіберу, оларға веб-портал арқылы қажетті ақпарат беру және сатып алуды ұйымдастырушының бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталға орналастыруы туралы талаптар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпия туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

496. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұйымдастырған және жүргізген кезде, конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілмеді деп танылған жағдайда, әлеуетті өнім берушіні айқындауды және әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыруды жіберуді тапсырыс беруші Заңға және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

497. Жүргізілмеген конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде, ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға шақырылған конкурсқа, аукционға қатысушы, егер ол осы конкурсқа, аукционға жіберілген жағдайда, осы конкурсқа, аукционға қатысушының біліктілік талаптарына және конкурстық, аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды сол ұйымдастырушыға қайта табыс етпеуге құқылы.

Бұл ретте шақыруда қамтылған мәліметтер конкурстың, өткізілмеген деп танылған аукционның конкурстық, аукциондық құжаттамасының шарттарына сәйкес келуге тиіс. Ағымдағы қаржы жылы шегінде жүргізілмеді деп танылған конкурстың (аукционның) конкурстық (аукциондық) құжаттамасында көзделген тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерінен асуына жол беріледі, бірақ бұл мерзім бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға кеткен мерзімнен аспауға тиіс.

498. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттардың біліктілік талаптарына және конкурстық (аукциондық) құжаттаманың талаптарына сәйкестігі мәніне, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, қарайды.

499. Ұйымдастырушы сұратылған ақпаратты әлеуетті өнім беруші ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда қалыптастырады және орналастырады.

500. Осы конкурсқа, аукционға қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы себебінен конкурс, аукцион тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алу өткізілмеген деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып

алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді.

501. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген мерзім ішінде әлеуетті өнім берушінің бір ғана баға ұсынысы ұсынылған жағдайда, веб-портал қорытындылар хаттамасы орналастырылған күні автоматты түрде осы баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді. Бұл ретте Заңның 15-бабының 6-тармағына сәйкес шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспауға тиіс.

502. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген мерзім ішінде әлеуетті өнім берушілердің бірде-бір баға ұсынысы ұсынылмаған жағдайда, тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді.

503. Осы Қағидалардың 501 және 502-тармақтарында көзделген жағдайларда, әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға келіскен кезде осы әлеуетті өнім беруші екі жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға веб-портал арқылы шақыруда көрсетілген құжаттарды қоса, қатысу туралы өз растауын жібереді.

504. Осы Қағидалардың 500-тармағымен көзделген жағдайларда әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға келіскен кезде, бұл әлеуетті өнім беруші екі жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға веб-портал арқылы шақыруда көрсетілген құжаттарды қоса, қатысу туралы өз растауын жібереді.

2-параграф. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізілмеді деп тану негіздері

505. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілмеген баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, егер әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмеген;

2) егер әлеуетті өнім берушіде Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер болған;

3) егер әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысудан бас тартқан жағдайларда өтпеді деп танылады.

Егер бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Қағидалардың осы тармағының негізінде жүргізілмеді деп танылған жағдайда, мемлекеттік сатып алу Заңда және осы Қағидаларда көзделген бәсекелестік тәсілдермен жүзеге асырылады.

3-параграф. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не тапсырыс берушінің аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

510. Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алынған мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастырады.

511. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепте мыналар қамтылуға тиіс:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдаған лауазымды адам туралы мәліметтер;

2) өнім берушіні таңдау негіздемесі;

3) мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт бағасының негіздемесі, сондай-ақ шарттың өзге де талаптары көрсетілуге тиіс.

512. Заңның 16-бабы 3-тармағының 5), 18), 32), 35), 36), 38) және 39) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жарнамасындағы,

каталогтарындағы, сипаттамаларындағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес көпшілік оферта болып танылған белгісіз тұлғалар тобына арналған басқа ұсыныстардағы жалпыға қол жетімді ақпарат көздерін зерделеу арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде ұқсас тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салуларды веб-портал арқылы жібереді.

513. Әлеуетті өнім берушіге жіберілетін коммерциялық ұсыныстар беруге сұрау салу осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы ресімделеді.

514. Әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары жеткізілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамалары көрсетілген прайс-парақтар және басқа да растайтын құжаттар түрінде ұсынылуы мүмкін.

515. Осы Қағидалардың 512-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бастамасы бойынша коммерциялық ұсыныстар веб-портал арқылы ұсынылады.

Осы Қағидалардың 512-тармағында көзделген жағдайларда тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бастамасы бойынша ұсынылған коммерциялық ұсыныстардың негізінде Заңның 5-бабының 1-тармағы 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, тапсырыс беруші шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін әлеуетті өнім берушіні айқындайды.

516. Заңның 16-бабының 3-тармағының 1), 5), 10), 19), 20), 25), 26), 36) және 41) тармақшаларына сәйкес көзделген негіздер бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып уәкілетті орган қалыптастыратын тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілердің тізімі (бұдан әрі – Тізім) бойынша жүзеге асырылады.

Тапсырыс берушілер мен әлеуетті өнім берушілерді Тізімге енгізуді уәкілетті орган тапсырыс берушінің немесе әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға 36 немесе 37-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша осы тізімге енгізу туралы өтініші негізінде жүзеге асырады.

Өтінішке тапсырыс берушінің немесе әлеуетті өнім берушінің өкілеттіктерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарға, орындалатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Бұл ретте растау Заңның 16-бабы 3-тармағының тиісті негіздемесінің талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Өтінішті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды.

Осы тармақпен көзделген тізімді уәкілетті орган өзектендіреді және бірыңғай оператор веб-порталда орналастырады.

Ескерту. 516-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

517. Тапсырыс беруші шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін әлеуетті өнім берушіні айқындау жөніндегі шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде шартты жасасу мақсатында веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден әдісті таңдау негіздемесін тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын құру кезінде көрсетеді.

Әлеуетті өнім беруші шарттың жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды (электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады), бірақ "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) сәйкес камералдық бақылау жүргізуден бұрын емес.

518. Егер әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 517-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қоймаса (электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырмаса), Тапсырыс беруші осы әлеуетті өнім берушіге жіберілген шарттың жобасын кері қайтарып алады.

18-тарау. Шарт

1-параграф. Шарт жасасу

519. Заңның 7-бабы 1-тармағының 2), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген шектеулері бар тұлғаны қоспағанда, тапсырыс беруші жеңімпазға веб-портал арқылы осы Қағидаларға 38, 39-1, 40, 41, 42 және 43-қосымшаларға сәйкес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарттарға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын:

1) конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2) рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы айқындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.

Ескерту. 519-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

520. Веб-портал арқылы шарт жасасу бойынша талаптар Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 11), 12), 13), 14), 15) 17), 21), 22), 23), 24) және 27) тармақшаларында және 26-бабында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттарды жасасу мерзімі шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Ескерту. 520-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

521. Егер шарт көрсетілген шарт бойынша туындаған немесе туындауы мүмкін дауларды төреліктің қарауына беруді көздеген жағдайда, оған тиісті саланың уәкілетті органының (республикалық мүлікке қатысты) немесе жергілікті атқарушы органның (коммуналдық мүлікке қатысты) төрелік келісімді жасасуға жазбаша келісімі қоса берілуге тиіс.

522. Өнім беруші ақшалай талапты (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан жағдайда, мемлекеттік мекемелермен жасалған шарттарды қоспағанда, өнім беруші шартта ақша алушы ретінде фактордың ұйымдастырылуын және оның банктік деректемелерін көрсетуге құқылы.

523. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен шарт жасалған жағдайларда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда шартты қағаз тасығышта ресімдеуге жол беріледі.

Тапсырыс беруші жеңімпазды анықтаған және (немесе) өтпеді деп танылған сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге тапсырыс беруші қол қоятын және тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі әрбір парағына қол қоятын шарт жобасының екі данасын жібереді, бұған тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі тағайындалмайды.

Бұл ретте осы тармақта көзделген шарттарды жасасу мерзімі әлеуетті өнім берушіге шарттың жобасын жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

524. Өнім берушіні таңдау рәсімі, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шеңберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысына шағым жасау рәсімі тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілгенге

дейін аяқталған жағдайларда, шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

525. Егер мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары негізінде мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүзеге асырылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді алу шығындары тиісті бюджетте бекітілмесе (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары), шарттың жобасы жеңімпазға жіберілмейді. Бұл ретте Заңның 6-бабы 10-тармағында айқындалған тәртіппен мемлекеттік сатып алудан бас тарту жүзеге асырылады.

526. Шарт жобасын конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы веб-порталда шарт жобасын қоса бере отырып хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

527. Тапсырыс беруші конкурс, аукцион тәсілдерімен мемлекеттік сатып алулардың қорытындысы туралы хаттамаға шағым беру мерзімі өткен күннен бастап не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын айқындаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы жеңімпазға шартты ресімдеу үшін шартқа қол қоятын тұлға және өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерді сұратуды жібереді.

528. Әлеуетті өнім беруші веб-порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және өнім берушінің деректемелерін толтырады және растайды.

Әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоятын тұлға және оның деректемелері туралы мәліметтерді растауы болмаған жағдайда, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің веб-порталда орналастырылған тіркеу деректеріне сәйкес шартқа қол қояды.

529. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 528-тармағына сәйкес мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

530. Өнім беруші осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы Шартқа электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

531. Егер жеңімпаз болып айқындалған әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 526-тармағында белгіленген мерзімде шарт жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеңімпазға үш жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қою қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Егер әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса, тапсырыс

беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді.

532. Егер жеңімпаз болып айқындалған әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші көрсетілген қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жібереді.

533. Егер өнім беруші веб-портал арқылы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші:

1) осы шартты бұзу туралы хабарлама жібереді;

2) осы шартты біржақты тәртіппен бұзады;

3) екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді.

534. Шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші оған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

535. Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаса, тапсырыс беруші Заңның 10-бабында көзделген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

536. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім берушінің Заңның 7-бабы 1-тармағының 2) 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген шектеулері болса, тапсырыс беруші осы Қағидалардың 533-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Ескерту. Қағидалар 536-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

536. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

537. Өнім беруші шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз етуді енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

Ескерту. 537-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

538. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап мыналарға қолданылмайды:

1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілердің кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді;

2) құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша жасалған шарттар бойынша өнім берушілерді;

3) Заңның 16-бабы 3-тармағының 19) және 41) тармақшаларының негізінде жасалған шарттарды қоспағанда, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жасалған шарттар бойынша өнім берушілерді;

4) қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі өнім берушілерді;

5) осы Қағидалардың 301-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда өнім берушілерге.

Ескерту. 538-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

539. Авансты қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі талап мыналарға қолданылмайды:

1) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде шарттар жасалған өнім берушілер;

2) қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі өнім берушілерді қамтуға тиіс.

Ескерту. 539-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

540. Заңның 2-тармағы 2) тармақшасының және 16-бабы 3-тармағының негізінде жүзеге асырылған бір көзден баға ұсыныстарын сұрату қорытындылары бойынша шарт жасалған жағдайда, тапсырыс беруші авансты қамтамасыз етуді енгізу туралы талапты белгілей алады.

541. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз етуді өнім беруші онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық көлемде және тиісінше орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

542. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін тапсырыс беруші, ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шартты қамтамасыз ету мөлшері бес пайызды құрайды.

543. Егер шартта аванс төлеу көзделген жағдайда, әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

544. Өнім беруші аванстың толық сомасынан не аванстың бір бөлігінен бас тартуға құқылы. Аванстан ішінара бас тартылған жағдайда, өнім беруші аванстың алынатын бөлігіне тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

545. Қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын шарт жасалған жағдайда ағымдағы қаржы жылына шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып есептеледі. Өнім беруші келесі қаржы жылында шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа тиісті қаржы жылында міндеттемелер қабылдауға арналған қосымша келісімді қазынашылық органында тіркеген кезден бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді.

546. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің және авансты қамтамасыз етудің (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) мынадай түрлерінің бірін таңдай алады:

1) өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақшасы;

2) осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында ұсынылатын банк кепілдігін қамтуға тиіс. Банктік кепілдікті қағаз тасығышта беруге Заңның 16-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 22), 23), 26), 31), 32), 35), 40) және 41) және 27-бабымен көзделген жағдайларда жол беріледі;

3) осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынылатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсаттары үшін өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде тапсырыс берушіге келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүддесі сақтандыру шартының объектісі болып табылады.

Тапсырыс берушінің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсаттары үшін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

Сақтандыру сомасы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсаттары үшін сақтандыру шартымен айқындалады және Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем болмауға тиіс.

547. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда тұтастай не электрондық

әмияндағы ақшаның бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

548. Бірыңғай оператордың өнім беруші енгізген электрондық әмияндағы ақшаны заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

549. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты қамтамасыз ету сомасы (бар болса), тиындармен есептелген демпингке қарсы сома (бар болса) дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

550. Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген демпингке қарсы соманы (бар болса) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ өнім беруші шарттың қолданылу кезеңінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда қайтарады.

Бұл ретте, тауарды лизингке беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарды толық көлемде жеткізген жағдайда, көрсетілген қызметтердің бекітілген актісі негізінде электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, демпингке қарсы соманы (бар болса) қайтаруға жол беріледі.

Ескерту. 550-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 17.06.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

551. Бірыңғай оператор өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өнім берушінің электрондық әмиянына өзі бұғаттаған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, демпингке қарсы соманы (бар болса) автоматты түрде ашады және қайтаруды жүзеге асырады.

Тауарларды лизингке беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде бірыңғай оператор өнім берушінің өзі бұғаттаған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, демпингке қарсы соманы (бар болса) толық көлемде тауарды лизингке беру жөніндегі көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық әмиянына қайтаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 551-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 17.06.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

552. Шарттың сомасы азайған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің сұрау салуы және тапсырыс берушінің қайтаруды растауы бойынша жасалған шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді төмендетілген сомаға пропорционалды мөлшерде қайтарады.

Өнім беруші шарт сомасын ұлғайтуға келіскен жағдайда, өнім беруші жасалған шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге ұлғайған сомаға пропорционалды мөлшерде электрондық банк кепілдігі түрінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қосымша енгізеді.

553. Өнім берушінің сұратуы бойынша шарттың сомасы азайған және тапсырыс беруші қайтаруды растаған жағдайда, бірыңғай оператор жасалған шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өнім берушінің енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді төмендетілген сомаға пропорционалды мөлшерде бұғаттаудан шығарады.

Өнім беруші шарт сомасын ұлғайтуға келіскен жағдайда, өнім беруші жасалған шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге ұлғайған сомаға пропорционалды мөлшерде электрондық әмияндағы ақшадан шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қосымша енгізеді.

554. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай тапсырыс беруші бес жұмыс күні ішінде өнім берушінің сұрау салуы бойынша шартта көзделген орындалған міндеттемелерге пропорционалды мөлшерде электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін азайтады.

555. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай бірыңғай оператор үш жұмыс күні ішінде өнім берушінің сұрау салуы және тапсырыс берушінің қайтаруды растауы бойынша веб-портал арқылы шартта көзделген орындалған міндеттемелерге пропорционалды мөлшерде электрондық әмияннан енгізілген авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін бұғаттаудан шығарады.

556. Өнім беруші шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған кезде тапсырыс беруші не бірыңғай оператор енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса), жиынтығында мынадай талаптар сақталған кезде қайтарады:

- 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;
- 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;
- 3) тапсырыс берушінің қайтаруды растауы шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз ету.

557. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты қамтамасыз ету (бар болса), демпингке қарсы сома (бар болса) тиісті бюджеттің, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорынның, заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

558. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар

болса) өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіге қайтармайды.

559. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты қамтамасыз ету (болған кезде), электрондық әмиян арқылы енгізілген демпингке қарсы соманы (болған кезде) бірыңғай оператор бұғаттайды және өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған (шарттың қолданылу мерзімі өткен) жағдайда өнім берушіге қайтарылмайды.

560. Бірыңғай оператор веб-портал арқылы тапсырыс берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты (бар болса), демпингке қарсы соманы (бар болса) қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны Тапсырыс берушінің өтініште көрсетілген шотына жеткізушінің электрондық әмиянынан аударуды жүзеге асырады.

561. Шарт Заңның 17-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) көздейді. Тұрақсыздық айыбының мөлшері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады

562. Шарт бір қаржы жылына арналған мерзімге жасалады. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында бір қаржы жылынан астам мерзімге шарт жасасуға жол беріледі.

563. Келесі жылдарға арналған бекітілген (нақтыланған) бюджетте (даму жоспарында) тиісті қаржыландыру болған кезде бір қаржы жылынан астам мерзімге шарт жасасуға жол беріледі.

564. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар іс-шараларды орындау үшін қажетті ұзақ мерзімді шартты басқару органы немесе аталған тұлғалардың жоғары органы бекіткен даму жоспарында белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқтау мерзімімен жасаса алады.

565. Тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында соңғысы конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 559 бұйрығымен бекітілген Конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34962 болып тіркелген) күн сайынғы немесе апта сайынғы қажеттіліктегі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартының қолданысын ұзартады.

Бұл ретте мұндай мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішінде Тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ екі айдан аспайтын осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

566. Шарт Заңның 18-бабының 4-тармағында көзделген оқиғалар туындаған жағдайда кез келген кезеңде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзу туралы талапты қамтиды.

Ескерту. 566-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

567. Заңның 17-бабының 6-тармағына сәйкес шарт осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде тауарларды жеткізгені, жұмыстарды орындағаны не қызметтер көрсеткені үшін толық ақы төлеу туралы талаптарды қамтиды.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Ескерту. 567-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

568. Шартта Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығы мен акциздерді төлеу талаптары қамтылады.

569. Заңның 17-бабының 6-тармағына сәйкес шарт бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің ең аз мерзімі тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге жұмсалатын мерзімнен кем емес, бірақ күнтізбелік 15 (он бес) күннен кем емес мерзімді құрайды.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, шарт бойынша тауарларды жеткізудің ең аз мерзімі кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күнді құрайды.

Ескерту. 569-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

570. Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

571. Жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің

шекті көлемдері Заңның 17-бабы 8-тармағына сәйкес жиынтығында орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің отыз пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) бермейді.

572. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарына қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) сотталғандарды және (немесе) өтегендерді жұмысқа орналастыру мақсатында Тапсырыс берушімен жасалған шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің үштен бірінен аспайтын көлемде тауарлар өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға жол беріледі жаза мерзімі не пробация қызметінде есепте тұрғандар.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарту Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

573. Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

574. Егер бас мердігер ретінде жұмыстарды орындайтын өнім берушінің міндеттемелерін тиісінше орындамау салдарынан шарттық міндеттемелерді тиісінше орындау мүмкін болмаса, техникалық және (немесе) авторлық қадағалау қызметтерін көрсететін өнім берушіден тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алынбайды.

575. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есепке жатқызылады.

576. Өнім беруші ақшалай талапты (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде не мемлекеттік мекемелермен жасалған шарттарды қоспағанда, банктік шотты ауыстыру мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы шартқа ақша қаражатын алушының деректемелерін өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауға құқылы.

Өнім берушінің ақшалай талапты (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқаны туралы ақпарат алған жағдайда тапсырыс беруші бір жұмыс күні ішінде өнім беруші ұсынған деректер негізінде шартқа өзгерістер енгізуді жүзеге асырады және мемлекеттік мекемелермен жасалған шарттарды қоспағанда, қол қойылған шартты өнім берушіге жібереді.

2-параграф. Шартты орындау

577. Шартты орындау кезінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, оларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) орны мен мерзімі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

578. Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттың орындалғаны туралы құжаттар (тауарды қабылдап алу-беру актісі, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура, жүкқұжат) электрондық нысанда ресімделеді.

579. Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

580 Тауарларды жеткізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) тауарды тауардың межелі пунктіне жеткізу;

2) өнім берушінің веб-портал арқылы қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжаттың электрондық нысанын және бірегей кодын (бар болса) көрсете отырып, тауарды қабылдап алу-беру актісін ресімдеуі;

3) тапсырыс берушінің немесе оның өкілінің осы Қағидалардың 46-қосымшасына сәйкес электрондық сенімхат нысаны бойынша тауарды қабылдауы;

4) "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу және оның нысандар" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18583 болып тіркелген) (бұдан әрі – электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидалары);

5) тапсырыс берушінің жеткізілген тауар үшін төлеуі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының талаптары электр және жылу энергиясын жеткізуге байланысты шарттарға қолданылмайды.

581. Тауар өкімдік құжаттар (талондар/отын карталары) бойынша бензин мен дизель отынын мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс берушінің бензинге және (немесе) дизель отынына арналған тауар өкімдік құжаттарды веб-Порталда қалыптастырылатын және қол қойылатын тауар өкімдік құжаттарды қабылдау-беру актісі бойынша бензин немесе дизель отынын жеткізуге мәлімделген санына сәйкес номиналда алуы;

2) тапсырыс берушінің немесе оның өкілінің автожанармай құю станцияларында осы Қағидалардың 47-қосымшасына сәйкес электрондық сенімхат нысаны бойынша бензинді және (немесе) дизель отынын қабылдауы;

3) өнім берушінің веб-портал арқылы үшінші тұлғаға тауарлық-материалдық қорларды шығаруға арналған шот-фактураның электрондық нысанын және электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесі арқылы ресімделген және ресімделген электрондық шот-фактураны жіберуі.

Электрондық шот-фактуралар Салық кодексінде белгіленген мерзімдерде беріледі;

4) тапсырыс берушінің жеткізілген бензин және (немесе) дизель отыны үшін тараптар қол қойған тарапқа қорларды босатуға арналған жүккүжат және электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық шот-фактура негізінде төлеуі.

Ескерту. 581-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 28.07.2025 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

582. Жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) кезінде шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) веб-портал арқылы орындалған жұмыстар (қызметтер көрсету) актісін ресімдеу;

2) орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) тапсыру және қабылдау;

3) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу;

4) тапсырысшының орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) үшін төлеуі.

583. Осы Қағидалардың 582-тармағының талаптары Салық кодексінің 397-бабында көзделген қызметтерді көрсетуге байланысты шарттарға қолданылмайды.

584. Осы Қағидалардың 582-тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары есепке алу сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптары), оның ішінде коммуналдық қызметтер (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтері арқылы жүргізілетін қызметтерді көрсетуге байланысты шарттарға қолданылмайды.

585. Өнім беруші веб-портал арқылы тапсырыс берушіге электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорларды тарапқа босатуға арналған жүккүжатты (бұдан әрі – қорды тарапқа босатуға арналған жүккүжат), 48-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша тауарларды қабылдау-беру актісін (бұдан әрі-тауарларды қабылдау-беру актісі), тауарды өкімдік құжаттарды қабылдау-беру актісін жібереді 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – орындалған жұмыстар актісі), осы Қағидаларға тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді толтыра отырып, 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісі (бұдан әрі – көрсетілген қызметтер актісі).

586. Өнім беруші тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен, орындалған жұмыстар , көрсетілген қызметтер актілерімен бір мезгілде тапсырыс берушіге веб-портал арқылы осы Қағидаларға 52 және 53-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі туралы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген есепті жібереді.

587. Тапсырыс беруші веб-порталда өнім берушінің тауар өкімдік құжаттарды қабылдау беру актісін, тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжатты, тауарды қабылдау-беру актісін, жұмыстарды орындауды, Қызметтерді көрсетуді ресімдегені туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей актіде шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не тауар өкімдік құжаттарды қабылдаудан бас тартады дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, құжаттарды, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

19-тарау. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану тәртібі

588. Әлеуетті өнім беруші Заңның 25-бабына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шағымдануға құқылы, аукцион.

Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған жағдайда, шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

589. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы тиісті хаттаманы қабылдаған Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының атына веб-портал арқылы беріледі.

590. Шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер)шегінде шағымдарды қарауға жауапты тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі не лауазымды адамы қарайды.

591. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес камералдық бақылау шеңберінде қарауға жататын шағымның дәлелдері осы тарауда және Заңның 25-бабында көзделген тәртіппен қаралмайды.

592. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, Бірыңғай ұйымдастырушы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімге тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не оның орынбасары не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

593. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабының 1-бөлігінде көзделген тыңдау рәсімі осы тарауда және Заңның 25-бабында көзделген ережелерге қатысты ӘРПК-нің 73-бабы 2-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес қолданылмайды.

594. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің шағымын қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, конкурстық (аукциондық) комиссия тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының тиісті шешімі қабылданған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде конкурстың (аукционның) қорытындыларын қайта қарауды жүзеге асырады.

595. Әлеуетті өнім берушінің шағымын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы осы Қағидалардың 592-тармағында көзделген мерзімдерде осы шешімді бас тарту себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, веб-порталда орналастырады.

Ескерту. 595-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

596. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымда:

1) шешімдеріне шағым жасалатын заңды тұлғаның, сарапшының атауы, орналасқан жері, әрекеттері (әрекетсіздігі);

2) шағым берген тұлғаның атауы, орналасқан жері;

3) шеңберінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзушылықтар жасалған мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер;

4) қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілеріне нұсқау;

5) тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың шағымданған әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері.

Шағымға шағым берген адамның дәлелдерін растайтын құжаттар қоса берілуі мүмкін.

597. Шағымға оны берген адам немесе оның өкілі қол қояды. Өкіл берген шағымға сенімхат немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат қоса берілуге тиіс

598. Шағым келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны берген адамға қараусыз қайтарылады, егер:

1) шағым осы Қағидалардың 596-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе ;

2) шағымға қол қойылмаған не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойған

599. Осы Қағидалардың 588-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін берілген шағым қарауға жатпайды.

600. Қабылдау мерзімі 2024 жылы басталып, 2025 жылы аяқталатын шағымдар осы тарауда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралуға тиіс.

Ескерту. 19-тарау 600-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2024 № 809 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша

_____ жылға мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары/ _____ жылға мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары (көрсетілген мәндердің бірін таңдаңыз)

Жалпы мәліметтер

Тапсырыс берушінің БСН	Мемлекеттік мекемелер үшін		Тапсырыс берушінің атауы	Қаржы жылы
	ММ коды	Бюджеттің түрі		
1	2	3	4	5

Мемлекеттік сатып алу жоспары

№	Жоспар тармағының түрі	Мемлекеттік мекемелер үшін					Сатып алу мәнінің түрі
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Бағдарлама *	К і ш і бағдарлама *	Ерекшелік *	Қаржыландыру көзі	
1	2	3	4	5	6	7	8

Тауардың, жұмыстың,	Сатып алынатын тауарлардың,	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін		
---------------------	-----------------------------	--	--	--

көрсетілетін қызметтің коды	жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттауы)	Қосымша сипаттамасы (қазақ тілінде)	Қосымша сипаттамасы (орыс тілінде)
9	10	11	12	13

Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бір бірлігі үшін баға, теңге	Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге	Үш жылдық кезеңнің бірінші жылына бекітілген сома, теңге	Үш жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома, теңге	Үш жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома, теңге
14	15	16	17	18	19	20	21

Сатып алуды хабарлаудың жоспарланған мерзімі (ай)	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (қазақ тілінде)	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (орыс тілінде)	ӘАОС	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (қазақ тілінде)	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (орыс тілінде)	Аванстық төлемнің мөлшері, %	Өнім берушінің белгісі
22	23	24	25	26	27	28	29

Жалпы мәліметтер:

1) "Тапсырыс берушінің БСН" деген жолақта – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте көрсетілген ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі (он екі мәндегі код);

2) "ММ коды" деген жолақта – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган беретін мемлекеттік мекеменің коды (жеті мәндегі код) көрсетіледі;

3) "Бюджеттің түрі" деген жолақта – оның қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджеттің түрін білдіретін мән көрсетіледі (республикалық бюджет; облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандық бюджет, облыстық маңызы бар қала бюджеті);

4) "Тапсырыс берушінің атауы" деген жолақта – ұйымның толық атауы көрсетіледі;

5) "Қаржы жылы" деген жолақта – мемлекеттік сатып алу жоспары жасалатын қаржы жылы.

Мемлекеттік сатып алу жоспары:

1) "№" деген жолақта – веб-портал айқындайтын мемлекеттік сатып алудың сәйкестендіру коды;

2) "Жоспар тармағының түрі" деген жолақта – жоспар тармағы түрлерінің мынадай мәндерінің бірі көрсетіледі:

Қаржы жылынан асып кетпейтін сатып алу;

Қаржы жылынан асып кететін сатып алу;

Шартты үнемдеу есебінен сатып алу;

3) "Әкімшінің коды" деген жолақта – бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган беретін Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;

4) "Бағдарлама" деген жолақта – оның шеңберінде мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды функционалдық жіктеудің бюджеттік бағдарламасының коды;

5) "Кіші бағдарлама" деген жолақта – оның шеңберінде мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды функционалдық жіктеудің бюджеттік кіші бағдарламасының коды;

6) "Ерекшелік" деген жолақта – оның шеңберінде мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды экономикалық жіктеудің ерекшелігі коды;

7) "Қаржыландыру көзі" деген жолақта – түскен тізімнен мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру көзін көрсету қажет:

үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен;

үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражаты есебінен;

мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақша есебінен;

демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаты есебінен;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер есебінен;

8) "Сатып алу мәнінің түрі" деген жолақта – мемлекеттік сатып алу мәнінің түрі көрсетіледі (тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет);

9) "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолақта – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығына сәйкес тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

10) "Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі;

11) "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттауы)" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттауы) көрсетіледі;

12) "Қосымша сипаттамасы (қазақ тілінде)" деген жолақта – сатып алу мәнінің қазақ тіліндегі қосымша сипаттамасы көрсетіледі (міндетті емес жол);

13) "Қосымша сипаттамасы (орыс тілінде)" деген жолақта – сатып алу мәнінің орыс тіліндегі қосымша сипаттамасы көрсетіледі (міндетті емес жол);

- 14) "Сатып алу тәсілі" деген жолақта – мемлекеттік сатып алу өткізу тәсілі көрсетіледі;
- 15) "Өлшем бірлігі" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес мемлекеттік сатып алу мәнінің өлшем бірлігі көрсетіледі;
- 16) "Саны, көлемі" деген жолақта – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің саны немесе көлемі көрсетіледі;
- 17) "Бір бірлігі үшін баға, теңге" деген жолақта – теңгеде мемлекеттік сатып алу мәнінің бірлігі үшін баға көрсетіледі;
- 18) "Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге" деген жолақта – "Саны, көлемі" деген жолақты "Бір бірлігі үшін баға, теңге" деген жолаққа көбейту арқылы есептеледі және сатып алуды жүргізу жоспарланатын соманы білдіреді;
- 19) "Үш жылдық кезеңнің бірінші жылына бекітілген сома, теңге" деген жолақта – теңгеде үш жылдық кезеңнің бірінші жылына жоспарланған сома көрсетіледі;
- 20) "Үш жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде үш жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 21) "Үш жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде үш жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 22) "Сатып алуды хабарлаудың жоспарланған мерзімі (ай)" деген жолақта – мемлекеттік сатып алуды жүргізу жоспарланған ай көрсетіледі;
- 23) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (қазақ тілінде)" деген жолақта – қазақ тілінде тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі көрсетіледі;
- 24) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (орыс тілінде)" деген жолақта – орыс тілінде тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі көрсетіледі;
- 25) "ӘАОС" деген жолақта – "Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы" анықтамалығына сәйкес сандық мәнде елді мекеннің коды көрсетіледі;
- 26) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (қазақ тілінде)" деген жолақта – қазақ тілінде тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны көрсетіледі;
- 27) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (орыс тілінде)" деген жолақта – орыс тілінде тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны көрсетіледі;
- 28) "Аванстық төлемнің мөлшері, %" деген жолақта – жоспарланған аванстық төлем мөлшері көрсетіледі;

29) "Өнім берушінің белгісі" деген жолақта – әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарында сатып алуды жүргізу белгісі көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға олардың біртекті түрлері және оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша бөлу талап етілмейтін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы
1. Тауарлар	
1	Кеңсе тауарлары
2	Шаруашылық тауарлары
3	Жуу құралдары
4	Азық-түлік тағамдары
5	Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар
6	Құрылыс материалдары
7	Электр тауарлары
8	Сантехникалық тауарлар
9	Қосалқы бөлшектер
10	Жеңіл өнеркәсіп тауарлары
11	Жиһаз өнімі
2. Қызметтер	
1	Күзет және өрт дабылы қызметтері
2	Ғимаратқа техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер (үй-жайларды жинау және аумақты абаттандыру, жылыту жүйелерін тығыздау және жуу, электрмонтаждау және сантехникалық жұмыстар, ағаш ұстасы көрсететін қызметтер)
3	Полиграфиялық қызметтер
4	Қараусыз қалған және қаңғыбас үй жануарларының санын реттеу жөніндегі қызметтер (аулау, ұстау, вакцинациялау, стерилизациялау, кастрациялау, сәйкестендіру)
3. Жұмыстар	
1	Үй маңындағы аумақтарды күтіп ұстау бойынша жұмыстар

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша
Бекітемін:

(тапсырыс берушінің (бірыңғай ұйымдастырушының) толық атауы

(конкурстық құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә. (ол бар болса))

Шешім № _____ Күні _____

КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА

(сатып алу мәнінің түрі)

(конкурстың атауы)

Тапсырыс беруші (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді)

(атауы, орналасқан жері, БСН көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің өкілі (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді)

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Ұйымдастырушы (бірыңғай ұйымдастырушы)

(атауы, орналасқан жері, БСН көрсетіледі)

Ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) өкілі

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Конкурстық комиссияның хатшысы

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс қоса берілген лоттардың тізбесіне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы конкурстық құжаттама (бұдан әрі – КҚ) мыналарды қамтиды:

1) осы КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына сәйкес лоттардың тізбесі және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету шарттарын;

2) осы КҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді;

3) осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысының нысанын;

4) осы КҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес бенефициарлық иелену туралы ақпарат;

5) осы КҚ-ға 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес біліктілік талаптарының нысандарын;

6) осы КҚ-ға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер нысандарын;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар көрсетілген техникалық ерекшеліктердің нысандарын қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде осы КҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі;

бұл ретте сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігінде өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылады. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге әлеуетті өнім берушінің әрбір жинақтаушы тауар туралы жеке техникалық ерекшелік беруі туралы талап көрсетіледі;

әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден не олардың дилерлерінен немесе дистрибьюторларынан алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі;

егер техникалық паспорттар, өнімнің сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін басқа да құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілгенде, онда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу кезінде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хат ұсынады;

8) осы КҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа жеке ұсынатын сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінің нысанын;

9) осы КҚ-ға 18-қосымшаға сәйкес бірлескен қызмет туралы шарттың (консорциалдық келісім) нысанын;

10) осы КҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу үшін банк кепілдігінің нысанын;

11) осы КҚ-ға 20-қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер нысанын, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлерін қамтиды;

12) осы КҚ-ның 21-қосымшасына сәйкес Қағидалардың 467-тармағына сәйкес неғұрлым сапалы қызмет ұсынатын конкурстың жеңімпазын айқындау үшін конкурстық комиссия ескеретін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау үшін міндетті өлшемшарттардың тізбесі;

13) осы КҚ-ға 2-1-қосымшаға сәйкес "Толық дайын түрінде берілетін құрылыс" шарты бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі әлеуетті өнім берушінің келісімі (міндеттемелері).

14) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленген және бекітілген, "Толық бітіріп берілетін құрылыс" конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жобалауға арналған тапсырма.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша осы конкурс үшін бөлінген сома _____ теңгені құрайды. Осы конкурс үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды:

лот №	Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы)	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)	
(лот №)	(тауардың _____ жұмыстың _____ көрсетілетін қызметтің атауы)	(лот бойынша _____ бөлінген _____ сома)	

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді төменде санамаланған нысандардың біріне енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы КҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

"Толық бітіріп берілетін құрылыс бойынша конкурс" тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өтінімді қамтамасыз ету сомасы үш пайызды құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Конкурсқа қатысу өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өзінің мерзімінен кем болмауға тиіс.

2. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіруі

6. КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды қамтитын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде жүзеге асырылмайды.

7. КҚ-ның жобасына ескертулерді, сондай-ақ КҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер веб-портал арқылы тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберулері мүмкін.

8. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде КҚ-ның жобасына ескертулер, сондай-ақ КҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде КҚ бекітілген болып саналады.

9. Ескертулер, сондай-ақ КҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау мерзімі біткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мынадай шешімдерді қабылдайды:

1) КҚ-ның жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) оларды қабылдамауына негіздемелерін көрсете отырып, КҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамайды;

3) КҚ-ның ережелеріне түсіндірме береді.

КҚ-ның жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, КҚ-ны бекіткен сияқты тәртіппен веб-порталда өзгертілген КҚ-ны бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап КҚ бекітілген болып саналады.

10. Ұйымдастырушы КҚ бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастыруға міндетті

КҚ-ның жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, веб-портал қатысушысы болып табылатын әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасымен бірге КҚ-ның бекітілген мәтінін де орналастырады.

11. КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында КҚ-ның жобасына келіп түскен ескертулер мен олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпаратты қамтиды.

12. КҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

13. КҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден сұрау салулар келіп түскен кезде КҚ-ның ережелеріне түсіндіру мәтіні КҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрініс табады.

14. Алдын ала талқылау нәтижелері бойынша тапсырыс берушінің шешімі Заңда айқындалған тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

3. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

15. Конкурсқа қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге) келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және Заңның 7-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімі болып табылады.

16. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы КҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

17. Консорциум ретінде конкурсқа қатысуға ниет білдірген заңды тұлғалар өтінім берер алдында осы КҚ-ға 18-қосымшаға сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартты (консорциалдық келісім) ресімдейді және веб-порталда жасайды.

18. Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтиды:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттар:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, сертификаттар, басқа да құжаттар;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама. Егер заңды тұлға қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен бекітілген үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Жарғы;

құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаты (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер болмаса) не акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме;

растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурста сатып алынатын қызметтерге ұқсас соңғы он бес жыл ішінде әлеуетті өнім беруші көрсеткен қызметтердің көлемі туралы мәліметтер;

растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер (бұл талап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін бір қаржы жылынан астам мерзімге мемлекеттік сатып алған жағдайда белгіленеді);

Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына сәйкес әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар туралы мәліметтер (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17314 болып тіркелген).

осы КҚ-ға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

осы КҚ-ға 20-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстардың (құрылыс құнының), көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің жиынтығында отыз пайыздан астамын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге тыйым салу шарты.

Егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарының талаптары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты жүзеге асыру кезінде қолданылады.

2) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық

стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілер Индустриялық сертификатқа сәйкес тек қана өз өндірісінің тауарына техникалық ерекшелік беру қажет.

Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі;

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес әрбір жинақтаушы тауар туралы техникалық ерекшелікті жеке ұсынады.

3) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді заңнамада белгіленген мөлшерде, мынадай:

осы КҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік;

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

4) осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасы;

5) осы КҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес бенефициарлық иелену туралы ақпарат, ол өтініміміз жеңімпаз деп танылған жағдайда қорытындылар туралы хаттамада ашылуға тиіс;

6) осы КҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы шарт;

7) осы КҚ 2-1-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің "Толық бітіріп берілетін құрылыс" туралы шарты бойынша жұмыстарды орындауға келісімі (міндеттемелері).

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

19. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды

20. Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс.

21. Конкурса қатысуға өтінім, сондай-ақ конкурса қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және беріледі.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда оларға дәл (нотариалдық расталған) аудармасы қоса беріледі.

4. Конкурса қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі

22. Конкурса қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші веб-порталды пайдалана отырып, ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында береді.

23. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурса қатысуға өтінімдер веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

24. Конкурса қатысуға өтінім берген өнім берушіге тиісті хабарламаны веб-порталмен автоматты түрде жіберген сәтте конкурса қатысуға берілген өтінім қабылданған болып есептеледі.

25. Әлеуетті өнім берушінің конкурса қатысуға берген өтінімі мынадай:

- 1) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурса қатысуға өтінім берген;
- 2) конкурса қатысуға берілген өтінім осы конкурса қатысуға берілетін өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін түскен;
- 3) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;
- 4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 11) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларында веб-порталдан автоматты түрде кері қайтарылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы теңгемен көрсетіледі.

5. Конкурса қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

27. Әлеуетті өнім беруші конкурса қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталатын күннен кешіктірмей мыналарға:

- 1) енгізілген конкурса қатысуға өтінімін өзгертуге және (немесе) толықтыруға;
- 2) өзі енгізген конкурса қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурса қатысуға өтінімін қайтарып алуға құқылы.

28. Конкурса қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі біткеннен кейін конкурса қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

29. Әлеуетті өнім беруші, оның конкурсқа қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) конкурстың қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

6. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу

30. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың түпкілікті мерзімінің күні мен уақыты басталғаннан кейін бес минуттың ішінде веб-портал конкурсқа қатысуға өтінімдерді автоматты түрде ашуды жүргізеді.

Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім конкурсқа (лотқа) ұсынылған болса, онда мұндай өтінім де ашылады және қаралады.

31. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын ашылған күні веб-портал автоматты түрде жариялайды. Бұл ретте веб-портал Конкурстық комиссияның мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарламалар таратады.

7. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау

32. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, біліктілік талаптары мен КҚ-ның талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

33. Конкурстық комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді веб-портал арқылы сұрайды;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұрайды.

34. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) осы КҚ талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттар негізінде балдарды есептейді:

әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

әлеуетті өнім беруші қызметінің мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске

асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салаларға сәйкестігі;

әлеуетті өнім берушінің "үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың өтілі мен біліктілігі;

жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың осы тармақшасында көзделген критерийлер бойынша балдарды есептеу КҚ-ға 21-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Конкурстық өтінімдері осы тармақтың 2) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген өлшемшарттар бойынша бір балдан кем жинаған әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Конкурсқа қатысуға өтінімі 9 балдан кем қорытынды бағасы бар әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Әлеуетті өнім беруші көрсетілген өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия олардың конкурсқа қатысуға өтінімдерін бағалау үшін тиісті балдарды есептемейді.

Конкурсқа қатысуға өз өтінімдерін бағалау үшін әлеуетті өнім берушілер ұсынған шарттар шартқа енгізіледі.

3) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін конкурстық комиссия берген балдардың санына қарай бағалардың шартты азаюын қолданады.

35. Конкурстық комиссия барлық өлшемшарттар бойынша қойған балдарды веб-портал автоматты түрде жинақтайды, оның нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушіге оның конкурсқа қатысуға өтінімінің балдармен көрсетілген қорытынды бағасы қойылады.

36. Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін қарау және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдерін бағалау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге конкурстық ұсыныстарды мынадай шартты түрде азайту қолданылады:

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қорытынды бағасы қоса алғанда 12-ден 17 балға дейін болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 10%-ға азаяды;

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қорытынды бағасы қоса алғанда 18-ден 23 балға дейін болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 20%-ға азаяды;

егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қорытынды бағасы қоса алғанда 24-тен 28 балға дейін болса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30%-ға азаяды.

37. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде қатысты ұпайларды есептейді.

38. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына, конкурсқа қатысуға бір өтінім жіберілген кезде қоспағанда, бағалардың шартты төмендеуін қолданады.

39. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссия қорытындылар туралы хаттаманы ресімдейді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурсқа қатысуға өтінімді КҚ талаптарына жауап беретін ретінде қарайды.

40. Конкурстық комиссия КҚ талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда таниды:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған жағдайда;

2) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиісінше ресімделмеуі, ол конкурстық комиссияға белгілеуге мүмкіндік бермейтін мәліметтер болмаған кезде көрсетіледі:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлға;

конкурсқа қатысу үшін банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурстың атауы мен нөмірі;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі, оны беру шарттары, банк кепілдігі түрінде ұсынылған және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлға;

3) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету конкурсқа бөлінген соманың бір пайызынан, ал "Толық бітіріп берілетін құрылыс" бойынша конкурсы өткізілген жағдайда үш пайыздан аз мөлшерде енгізілген;

Тиындарда есептелген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Өзге негіздер бойынша электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді КҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа бөлінген соманың бір пайызынан, ал "Толық бітіріп берілетін құрылыс" бойынша конкурсы өткізілген жағдайда үш пайыздан аз мөлшерде енгізген кезде әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын КҚ талаптарына сәйкес келтіру мақсатында конкурсқа қатысуға өтінімді Қағидаларда көзделген түрдің бірінде қосымша қамтамасыз етуді енгізуге құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келтіру үшін құқық берілмейді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылған), егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып айқындалса;

2) Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері бар. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) 8), 9), 11) және 13) тармақшаларда көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін веб-портал автоматты түрде қабылдамауға тиіс. Заңның 7-бабы 1-тармағының 2), 10), және 12) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша конкурстық комиссия ақпаратты тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында қарайды;

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі КҚ талаптарына сәйкес келмейтін болып айқындалған, оның ішінде егер ол қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаған болса.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған

жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген өлшемшарттарға сәйкес шартты жеңілдіктерді айқындайды.

44. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу тәртібі қағидалармен айқындалады.

45. Егер тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) неғұрлым жақсы функционалдық техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің тауарларына, жұмыстарына және көрсетілетін қызметтеріне техникалық ерекшеліктің КҚ-да көрсетілген тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

46. Егер конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурсқа қатысуға өтінім КҚ талаптарына сай деп танылады.

47. Талаптар осы КҚ-ның 34, 35, 36, 37 және 38-тармақтарымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты жүзеге асыру кезінде қолданылады.

8. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және конкурстың жеңімпазын айқындау

48. Конкурстық баға ұсынысы конкурсқа қатысуға өтінімнің біліктілік талаптарына және КҚ талаптары мәніне қарау қорытындылары бойынша веб-порталда автоматты түрде ашылады.

49. Веб-портал конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын автоматты түрде бағалауды және салыстыруды жүргізеді:

Қағидаларға сәйкес айқындалатын демпингтік баға есептеледі;

конкурсқа қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, ең төмен шартты баға негізінде конкурс жеңімпазы, сондай-ақ ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші айқындалады;

конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде жеңімпаз Қағидаларға сәйкес айқындалады.

50. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

9. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

51. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастыру;

2) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы айқындаған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюы және ол заңның 13-бабына сәйкес Шарттың және (немесе) соманың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі (бар болса).

52. Бірыңғай оператор әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысуға өтінімді бұғатталған қамтамасыз етуді автоматты түрде мынадай жағдайларда ашады:

1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алған;

2) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы айқындаған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюы және ол заңның 13-бабына сәйкес Шарттың және (немесе) соманың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі (бар болса).

53. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы қайтармайды, егер:

1) конкурстың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, Заңның 13-бабына сәйкес шартты және (немесе) соманы орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы КҚ-да белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған.

54. Электрондық әмиян арқылы енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бірыңғай оператор бұғаттайды және мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды:

1) конкурстың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, Заңның 13-бабына сәйкес шартты және (немесе) соманы орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы КҚ-да белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайда.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт

55. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) Заңда және Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған Тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасындағы веб-портал арқылы жасалады.

56. Шарт жобасын жіберу, шарт жасасу, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәртібі мен мерзімдері және (немесе) Заңның 13-бабына сәйкес сомалар (бар болса), сондай-ақ шартқа өзге де талаптар қағидаларда айқындалады.

11. Әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірибесі болуы бөлігінде қойылатын талаптар

57. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары Қағидаларда көзделген жағдайларда белгіленеді.

Конкурстық құжаттамаға
1-қосымша

Лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары (бекітілген жылдық жоспар негізінде қалыптастырылады)

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы*	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Жеткізу шарты (ИНКОТЕРМС 2010-ға сәйкес)	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Лот бойынша бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

* Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің толық сипаты мен сипаттамасы техникалық ерекшеліктерде көрсетіледі.

Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Конкурсқа қатысу туралы келісім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осымен конкурс тәсілімен осы мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреміз және КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (ларды) жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) жүзеге

асыруға келісім, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Заңның 6-бабында белгіленген біліктілік талаптарына және шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіреміз.

Егер КҚ техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыса, осы жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындауға келісім береміз.

Осы арқылы Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзушылықтардың жоқтығын, сондай-ақ мен (әлеуетті өнім беруші) мен Тапсырыс беруші және (немесе) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы арасында заңмен рұқсат етілмейтін қатынастардың жоқтығын растаймыз және Қағидаларда көрсетілген фактілер анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу туралы Шартты бұзуға келісім береміз.

Конкурстық құжаттамамен танысқанымызды растаймыз және Ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауар (лар), орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы анық мәліметтерді, авторлық және сабақтас құқықтардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеміз.

Конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ конкурсқа қатысушылардың бізге белгілі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы дереу хабардар ету жөнінде өзімізге міндеттеме аламыз.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзуға әкеп соқтыратын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз.

Біздің конкурсқа қатысу өтініміміз конкурстық құжаттамада талап етілетін мерзім ішінде қолданылатын болады.

Біздің өтініміміз жеңімпаз деп танылған жағдайда, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес* қорытындылар туралы хаттамада өзінің барлық бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты ашуға келісім береміз.

Біздің конкурсқа қатысуға өтініміміз жеңіп шықты деп танылған және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ Заңның 13-бабына сәйкес соманы (бар болса) конкурстық құжаттамада көрсетілген мөлшерде енгіземіз және мемлекеттік сатып алу

туралы шартты (тауарды беруге арналған жүкқұжат (акт)) орындауға байланысты ақпаратты ашуға келісім білдіреміз.

Ескертпе:

*Бенефициарлық меншік иесі – Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі, клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын, оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

Конкурстық құжаттамаға
2-1-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің "Толық бітіріп берілетін құрылыс" шарты бойынша жұмыстарды орындауға келісімі (міндеттемелері)

Ескерту. Конкурстық құжаттама 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Тапсырыс берушінің атауы _____

Тапсырыс берушінің Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

№	Атауы	Иә	Жоқ	Ескертпе
1.	Орташа салалық көрсеткіштен асатын жергілікті қамту үлесін қамтамасыз ету міндеттемесі (жобалау тапсырмасында көрсетілген) (пайызбен үлесі көрсетіледі)			
	Құрылыс объектісінің сапасына кепілдік беру міндеті:			

2.	негізгі құрылымдарға			
	инженерлік желілерге			
	жабдықтарға			
3.	Қаржыландыру шарттары:			
	аванстық төлемнен бас тарту			
	объект пайдалануға берілгенге дейін орындалған жұмыстардың актісіне аралық төлемнен бас тарту			
4.	сметалық құнын жоғарылатуға түзетуден бас тарту			
	Жобалық тапсырмада белгіленгенге қатысты әрбір арттыру нүктесі үшін объектінің энергия тиімділігі сыныбын қамтамасыз ету міндеті			
5.	Меншікті қаражат есебінен жобаны іске асыруға міндеттеме (демеуші)			
6.	Объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, меншікті қаражат есебінен жобаны іске асыруға міндеттеме			

Ескертпе:

Біздің конкурсқа қатысуға өтініміміз жеңімпаз деп танылған және бізбен шарт жасасқан жағдайда, жоғарыда аталған барлық шарттар мен міндеттемелерді орындау бойынша міндеттемені өзімізге қабылдаймыз.

Конкурстық құжаттамаға
3-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы (әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)

Конкурстың № _____
 Конкурстың атауы _____
 Лоттың № _____
 Лоттың атауы _____
 Өнім берушінің атауы _____
 БСН/ЖСН/СЖН/ТБН _____
 Баға ұсынысының валюта атауы _____
 Өлшем бірлігі _____
 Барлық шығыстарды және жеңілдіктерді есепке алғандағы бірлік бағасы _____

Саны (көлемі) _____
 ИНКОТЕРМС 2010 тауар жеткізу шарттары _____
 Жалпы саны (санын бірлік үшін бағаға көбейту) _____

Біз конкурстық құжаттамада айтылған Сіздердің төлем шарттарыңызбен келісеміз.

- Аббревиатураларды таратып жазу:
 БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
 ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
 ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
 ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
 Т.А.Ө. – тегі аты әкесінің аты (ол бар болса).

Конкурстық құжаттамаға
 4-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық иелігі туралы ақпарат (әлеуетті өнім беруші толтырады)

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс берушінің атауы _____
 Ұйымдастырушының атауы _____
 Конкурстың № _____
 Конкурстың атауы _____
 Лоттың № _____
 Лоттың атауы _____
 БСН/ЖСН/СТН/УНП және әлеуетті өнім берушінің атауы _____

		Жеке тұлғаны куәландыра	Акциялардың 25% немесе одан көп бөлігін	Дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға	Директорлар кеңесінің (немесе соған ұқсас басқарушы	Бірде-бір бенефициар иесі	Бенефициарлық иеленушіні анықтау
--	--	-------------------------	---	---	---	---------------------------	----------------------------------

№	Бенефициарлық иесінің Т. А. Ә.	тын құжат (құжаттың нөмірі мен берілген күнін көрсету)	(жарғылық капиталға қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену	қатысу үлестерінің) 25% немесе одан да көбін тікелей немесе жанама иелену	органның көптеген мүшелерін тағайындауға тікелей немесе жанама құқық беру	алдыңғы шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келмейді	мүмкін еместігі туралы ақпарат (құжаттың қосымшасы)
			Иә/жоқ	Иә/жоқ	Иә/жоқ		Иә

Ескертпе:

Әлеуетті өнім берушінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) иелік ететін немесе мынадай шарттардың біреуі немесе бірнешеуі сақталған кезде оның қызметін бақылайтын кез келген жеке тұлға бенефициарлық иеленуші деп танылады:

тікелей немесе жанама түрде 25 (жиырма бес) пайыз немесе одан да көп акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) иелік етеді;

тікелей немесе жанама түрде 25 (жиырма бес) пайыз немесе одан да көп дауыс беретін акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелік етеді;

тікелей немесе жанама түрде әлеуетті өнім берушінің директорлар кеңесі мүшелерінің немесе соған ұқсас басқарушы органының көпшілігін тағайындауға құқығы бар.

№	Бенефициарлық иесінің Т. А. Ә.	ЖСН/Инкорпорация еліндегі шетелдік тұлғаның сәйкестендіру нөмірі	Бенефициарлық меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжат (құжаттың нөмірін, азаматтығын көрсету)	Бенефициарлық меншік иесінің үлесінің мөлшері*
---	--------------------------------	--	---	--

Ескертпе:

*Бенефициарлық меншік иесі – Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі, клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын, оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе).

Конкурстық құжаттамаға
5-қосымша

Тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тауарларды жеткізуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсатты алуды, хабарламаны жіберуді талап еткен жағдайда мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды)

3. Банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы

Материалдық ресурстардың болуы	Талап етілмейді
Еңбек ресурстарының болуы	Талап етілмейді

5. Соңғы он жылда сатып алынатын тауарлардың мәніне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы.

Жұмыс тәжірибесінің болуы	Талап етілмейді
---------------------------	-----------------

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілерге өзге құжаттарда қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Конкурстық құжаттамаға
6-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау бойынша жұмыстар) саласында жұмыстарды орындауға рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы	(Қызмет түрі	Конкурстың нысанасына сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі
1			

2. Қаржылық орнықты болу және республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (веб-порталда мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде анықталады).

3. Банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

4. Материалдық және еңбек ресурстарына ие болу осы қосымшаның 1-тармағында көзделген, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсатпен (хабарламамен) расталады.

5. Құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау жұмыстары) саласында сатып алу бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талабы қойылмайды.

6. Жұмыс тәжірибесі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар ретінде көрсетіледі.

	Құрылыс түрі (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру)	Ғимараттар мен құрылыстардың	Объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын	Функционалдык мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік	Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші мәлімдеген жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін "Рұқсаттар және
--	---	------------------------------	---	--	--

№	Сатып алынатын жұмыстар мәнінің атауы (Лоттың атауы)	, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу)	жауапкершілік деңгейі (біріншісі-жоғары, екіншісі-қалыпты, үшіншісі-төмен)	ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар)	ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі.
---	--	--	--	---	--	--

Ескертпе: Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Конкурстық құжаттамаға
7-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс берушінің атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жұмыстарды орындауға рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер жұмыстарды орындау тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда, мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер жұмыстарды орындау тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (

мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды).

3. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға тиіс.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	Саны
1		

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы (мамандығы / біліктілігі)	Саны	Қызметкердің жұмыс өтілімі (қажет болған жағдайда) үш жылдан аспайтын (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерінде неғұрлым жоғары өтілім көзделген жағдайларды қоспағанда)
1			

5. Соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыс тәжірибесінің болуы.

Егер сатып алынатын жұмыстарды орындауға Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесі бойынша талап қойылмайды.

№	Сатып алынатын жұмыстар мәнінің атауы (Лоттың атауы)	Жылдар саны
1		

Ескертпе:

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әрбір атауы жеке жолмен көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Конкурстық құжаттамаға
8-қосымша

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтерді көрсетуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер қызметтерді көрсету тиісті рұқсатты алуды талап етсе, онда мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
---	--------------------------------

Егер қызметтерді көрсету тиісті рұқсатты алуды, хабарландыру жіберуді талап етпесе, онда осы мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (веб-порталда мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде анықталады).

3. Банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	Саны
---	--------------------------------	------

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы (мамандығы/біліктілігі)	Саны	Қызметкердің жұмыс өтілімі (қажет болған жағдайда) үш жылдан аспайтын (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерінде неғұрлым жоғары өтілім көзделген жағдайларды қоспағанда)
---	---	------	--

5. Сатып алынатын қызметтердің атауына соңғы бес жылда сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы.

Егер сатып алынатын қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесі бойынша талап қойылмайды.

№	Сатып алынатын қызметтер мәнінің атауы (лоттың атауы)	Жыл саны
---	---	----------

Ескерту.

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әрбір атауы жеке жолмен көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тауарларды сатып алу кезіндегі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің (бірлесіп орындаушының) БСН/ЖСН/ССН/СЕН және атауы _____

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайда, рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) бар екені туралы мәліметтер.

№	Рұқсат (хабарлама) атауы	Кызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (лицензияның) электрондық көшірмесі
1.					

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда осы тармақ толтырылады.

2. Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқ екендігі сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары мәліметтерінің негізінде веб-портал автоматты түрде анықтайды.

3. Банкроттық немесе таратылу рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтындығын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды беру үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер.

Материалдық ресурстардың болуы	Талап етілмейді
Еңбек ресурстарының болуы	Талап етілмейді

5. Соңғы он жылда сатып алынатын тауарлардың мәніне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы.

Жұмыс тәжірибесінің болуы	Талап етілмейді
---------------------------	-----------------



Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Осы қосымшада мәліметтер көрсетілмеген жағдайда, мұндай мәліметтер толық емес болып табылады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Конкурстық құжаттамаға

10-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алу кезіндегі конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және өлшемшарттар туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (қосалқы мердігер) толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің (қосалқы мердігердің) БСН/ЖСН/ССН/СЕН және атауы _____

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайда, рұқсаттардың (хабарламаның) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы	Қызмет түрі	Конкурс нысанасына сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген лицензиялана	Ерекше шарттар санаты)	Құжаттың (берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның

			тын қызмет түрінің кіші түрі) электрондық көшірмесі)
1.						

2. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы туралы мәліметтерді веб-портал мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде айқындайды.

3. Банкроттық не тарату рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтынын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Материалдық және еңбек ресурстарына ие болу осы қосымшаның 1-тармағында көзделген Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсатпен (хабарламамен) расталады.

5. Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстардың, конкурста сатып алынатындарға ұқсас (осыған ұқсас) тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға (белгілерге) сәйкестігі тұрғысынан форматтық-логикалық бақылау ескеріле отырып қалыптастырылады.

№	Жұмыс-тың атауы	Құрылыс объектi сi бойынша әлеуеттi өнiм берушi нiң мәртебесi (Құрылыс түрi (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкция	Ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершiлiк деңгейi (Бiрiншi	Объектiлердiң техникалық күрделiлiгi (техникалық жағынан күрделi объектiлерге жататын ғимараттар мен құрылыстар	Функционалды қ мақсат (өнеркәсiптiк объектiлер, өндiрiс тiк ғимараттар, құрылы	Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектiлердегi жұмыстарды қоспағанда, конкурстың нысанына сәйкес келетiн " Рұқсаттар және хабарламалар туралы " Қазақстан Респуб	Жұмысты орындау орны (объектiнiң	Тапсырыс	Объектiнi пайдалануға қабылдау актiсiнiң күнiне	Растайтын құжаттардың атауы, күнi	Растайтын құжаттардың электрондық көшiр
---	-----------------	--	---	---	---	---	-----------------------------------	----------	---	-----------------------------------	---

	бас мердігер, бас жобалаушы/қосалқы мердігер)	ялау, қалпын а келтіру және қолдан ыстағы объект ілерді күрдел і жөнде у)	ісі-жог ары, екінші сі-қал ыпты, үшінші сі-төме н)	және техник алық жағын а н күрдел і объект ілерге жатпай тын ғимара ттар мен құрыл ыстар)	ыстар, тұрғын үй-аза маттық мақсат тағы объект ілер, өзге де құрыл ыстар)	ликасы Заңын ың бірінш і санатт ағы рұқсат тар (лиценз иялар) тізбесі нің 5 және 6 - бөлімд ерінде көздел ген лиценз иялана тын қызмет түрінің кіші түрі	орнала сқан жері)	беруші нің атауы	сәйкес жұмыс тардың аяқтал ған жылы	және нөмірі	месі (сілтеме)
<input type="checkbox"/>	Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Осы қосымшада мәліметтер көрсетілмеген жағдайда, мұндай мәліметтер толық емес болып табылады.										

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Конкурстық құжаттамаға

11-қосымша

Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (қосалқы мердігер) толтырады)

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің (қосалқы мердігердің) БСН/ЖСН/ССН/СЕН және атауы _____

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, рұқсаттардың (хабарламаның) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санат)	Құжатты беру күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

Осы тармақ егер жұмыстарды орындау тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда толтырылады.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы туралы мәліметтерді веб-портал мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде айқындайды.

3. Банкроттық не тарату рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтынын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін материалдық және еңбек ресурстардың болуы туралы мәліметтер.

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жағдайы (жаңа, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1.					

Еңбек ресурстар:

--	--	--	--	--	--

№	Мамандық біліктілік атауы	Қызметкерлердің (Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы растау күні
1.				

5. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

Егер жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талабы қойылмайды.

№	Жұмыстың атауы	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Орындалған жұмыстар актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1.						
<input type="checkbox"/>	Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Осы қосымшада мәліметтер көрсетілмеген жағдайда, мұндай мәліметтер толық емес болып табылады.					

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Конкурстық құжаттамаға

12-қосымша

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және өлшемшарттар туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) толтырады)

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің (бірлесіп орындаушының) БСН/ЖСН/ССН/СЕН және атауы _____

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайда рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (хабарламаның) бар екені туралы мәліметтер.

№	Рұқсат хабарлама) атауы	(Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

Егер қызметтер көрсетуді, тиісті рұқсатты алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда осы тармақ толтырылады.

2. Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқ екендігі сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары мәліметтерінің негізінде веб-портал автоматты түрде анықтайды.

3. Банкроттық немесе таратылу рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтындығын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажет талап етілетін материалдық және еңбек ресурстардың бар екендігі туралы мәліметтер.

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жағдайы (жаңа, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1.					

Еңбек ресурстар:

--	--	--	--	--	--

№	Мамандық (біліктілік) атауы	Қызметкерлердің (Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы растау күні
1.				

5. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

Егер көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талабы қойылмайды.

№	Қызметтің атауы	Қызмет көрсету орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызмет көрсету жылы, айы (___ бастап _ дейін)	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1.						
<input type="checkbox"/>	Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Осы қосымшада мәліметтер көрсетілмеген жағдайда, мұндай мәліметтер толық емес болып табылады.					

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Конкурстық құжаттамаға
13-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	

Тауардың атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жеткізу шарттары (сәйкес ИНКОТЕРМС 2010)*	
Жеткізу мерзімі*	
Жеткізу орны	
Аванстық төлем мөлшері*	
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс*	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы	
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)	
Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (3%) асқан жағдайда, онда әрбір асатын нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайызы мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ЕТҚК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін көрсеткіші.

$$ЕТҚК = ЕТҚ / МСС \times 100\%,$$

мұнда:

ЕТҚ – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішіндегі әлеуетті өнім берушінің еңбекақы төлеу қорының сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (6,6%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

Сатып алу үшін әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу, оның құны:

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды, осы формулаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен төрт жүз мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 2-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен сегіз жүз мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз жүз мыңнан бір миллионға дейінгі алты жүз мың еселенген мөлшері шегінде құрайды, осы формулаға 4-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір миллион алты жүз мың еселенген мөлшерінен үш миллион екі жүз мың еселенген мөлшеріне дейін осы формулаға 5-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш миллион екі жүз еселенген мөлшерінен асады, осы формулаға 6-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
1-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05 %	25 %
2	ТСК	3,0	0,50 %	65 %
3	ЕТҚК	6,6	0,10 %	50 %
	ЖИЫНЫ:			140 %

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
2-қосымша

--	--	--	--	--

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	50%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	70%
	ЖИЫНЫ:			185%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына 3-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	100%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	100%
	ЖИЫНЫ:			265%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына 4-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	200%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	100%
	ЖИЫНЫ:			365%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына 5-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	500%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	100%
	ЖИЫНЫ:			665%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына 6-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	700%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	100%
	ЖИЫНЫ:			865%

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
11-қосымша

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы көрсеткішін есептеу формуласы

$$ҚТК = КК + ТСК + ЕТҚК,$$

мұнда:

ҚТК – әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының көрсеткіші;

КК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін әлеуетті өнім берушінің кіріс көрсеткіші.

$$КК = КС / МСС \times 100\%,$$

мұнда:

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу (лоттың) сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің табыс көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (50%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін жүзден бес пайыз (0,05%) мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ТСК – есептелетін үш жылдық кезең ішінде пайыздық қатынаста төленген салықтардың көрсеткіші, ол мынадай тәртіппен есептеледі.

$$ТСК = ТС / КС \times 100\%,$$

мұнда:

ТС – есептелген үш жылдық кезең ішінде төленген салықтарының сомасы;

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (3%) асқан жағдайда, онда әрбір асатын нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайызы мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ЕТҚК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін көрсеткіші.

$$\text{ЕТҚК} = \text{ЕТҚ} / \text{МСС} \times 100\%,$$

мұнда:

ЕТҚ – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің еңбекақы төлеу қорының сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (6,6%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

Сатып алу үшін әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу, оның құны:

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайды, осы формулаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен сегіз мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 2-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен он алты мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формуланың 3-қосымшасына сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он алты мың еселенген мөлшерінен отыз екі мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 4-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің отыз екі мың еселенген мөлшерінен асады, осы формулаға 5-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
1-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	25%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	50%
	ЖИЫНЫ:			140%

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
2–қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	30%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	55%
	ЖИЫНЫ:			150%

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
3–қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	35%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	60%
	ЖИЫНЫ:			160%

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
4–қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	40%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	65%
	ЖИЫНЫ:			170%

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
5–қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	45%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	70%
	ЖИЫНЫ:			180%

Техникалық қадағалау және (немесе) жобаларды басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласы

$$ҚТК = КК + ТСК + ЕТҚК,$$

мұнда:

ҚТК – әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының көрсеткіші;

КК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін әлеуетті өнім берушінің кіріс көрсеткіші.

$$КК = КС / МСС \times 100\%,$$

мұнда:

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу (лоттың) сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің табыс көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (50%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін жүзден бес пайыз (0,05%) мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ТСК – есептелетін үш жылдық кезең ішінде пайыздық қатынаста төленген салықтардың көрсеткіші, ол мынадай тәртіппен есептеледі.

$$ТСК = ТС / КС \times 100\%,$$

мұнда:

ТС – есептелген үш жылдық кезең ішінде төленген салықтарының сомасы;

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (3%) асқан жағдайда, онда әрбір асатын нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайызы мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ЕТҚК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін көрсеткіші.

$$ЕТҚК = ЕТҚ / МСС \times 100\%,$$

мұнда:

ЕТҚ – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің еңбекақы төлеу қорының сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (6,6%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

Сатып алу үшін әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу, оның құны:

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайды, осы формулаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еседен төрт мың есеге дейінгі мөлшері шегінде жасайды, осы формулаға 2-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен сегіз мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен он алты мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 4-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он алты мың еселенген мөлшерінен отыз екі мың еселенген мөлшеріне дейін құрайды, осы формулаға 5-қосымшаға сәйкес есептеледі.

- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің отыз екі мың еселенген мөлшерінен асады, осы формулаға 6-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
1-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	25%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	50%
	ЖИЫНЫ:			140%

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
2-қосымша

--	--	--	--	--

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	30%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	55%
	ЖИЫНЫ:			150%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына
3-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	35%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	60%
	ЖИЫНЫ:			160%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына
4-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	40%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	65%
	ЖИЫНЫ:			170%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына
5-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір қадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	45%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	70%
	ЖИЫНЫ:			180%

Қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласына
6-қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	50%
2	ТСК	3,0	0,50%	65%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	75%
	ЖИЫНЫ:			190%

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына
13-қосымша

Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласы

$$ҚТК = КК + ТСК + ЕТҚК,$$

мұнда:

ҚТК – әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының көрсеткіші;

КК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін әлеуетті өнім берушінің кіріс көрсеткіші.

$$КК = КС / МСС \times 100\%,$$

мұнда:

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу (лоттың) сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің табыс көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (50%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін жүзден бес пайыз (0,05%) мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ТСК – есептелетін үш жылдық кезең ішінде пайыздық қатынаста төленген салықтардың көрсеткіші, ол мынадай тәртіппен есептеледі.

$$ТСК = ТС / КС \times 100\%,$$

мұнда:

ТС – есептелетін үш жылдық кезең ішінде пайыздық қатынаста төленген салықтардың көрсеткіші, ол мынадай тәртіппен есептеледі;

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (3%) асқан жағдайда, онда әрбір асатын нөл бүтін оннан бір (0,1%)

пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайызы мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

ЕТҚК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін көрсеткіші.

$$\text{ЕТҚК} = \text{ЕТҚ} / \text{МСС} \times 100\%,$$

мұнда:

ЕТҚ – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жылдағы әлеуетті өнім берушінің еңбекақы төлеу қорының сомасы;

МСС – мемлекеттік сатып алу сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (6,6%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз мөлшерінде қосымша пайыз есептейді.

Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы көрсеткішінің есебі осы формулаға қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қаржылық орнықтылық
көрсеткішін есептеу
формуласына
қосымша

№	Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	25%
2	ТСК	3,0	0,50%	25%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	50%
	ЖИЫНЫ:			100%

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
14-қосымша

Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне қосу шарттары

№	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы	Тізбеге қосу шарттары	Ескертпе
1.			

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
15-қосымша

Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесі

(қызмет ету саласы біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесіне сәйкес)

Білікті әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат				
№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	Әлеуетті өнім берушінің елі	БСН, ЖСН(ССН, ЖД СШН, ТЕН)	Әлеуетті өнім беруші Тізбеге қосуға негіз болған құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні

Ескертпе:

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ЖДШСН – жеке дербес шоттың сақтандыру нөмірі.

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
16-қосымша

Мемлекеттік сатып алу рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

№	Атауы
1.	Құрылыс-монтаждау жұмыстары
2.	Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстар
3.	Құрылыс-монтаж жұмыстарын техникалық қадағалау (жобаларды басқару) бойынша инжинирингтік қызметтер

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
17-қосымша

Рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама (конкурс нөмірі) (әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)

Ескерту. 17-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Күні мен уақыты

Тапсырыс беруші* _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Ұйымдастырушының атауы _____

Ұйымдастырушының мекенжайы _____

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі _____

№	Лоттың №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік үшін баға	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
---	----------	--------------	------	------------------	-------------------------------------

Лот № _____

Лот атауы _____

Конкурсқа (лотқа) қатысуға берілген өтінімдер туралы ақпарат:
(хронология бойынша) (өтінімдер саны)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН	Өтінім берілген күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	--------------------	--

Осы конкурсқа қатысуға ұсынылған конкурсқа қатысуға барлық өтінімдерге осы Қағидалардың 217-тармағында тең болған кезде көзделген өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / НП	Шартты жеңілдіктер, %						
			Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдағы жұмыс тәжірибесі	Төленген салықтардың көрсеткіші	Тауарлардың функционалдық сипаттамалары	Тауарлардың техникалық сипаттамалары	Тауарлардың сапалық сипаттамалары	Тауарлардың пайдалану сипаттамалары	Аудиттелген жылдық қаржылық есептілік қаржылық есептілік депозитарийіне орналастыру

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын есептеу:

							Ағымдағы қаржы		
--	--	--	--	--	--	--	----------------	--	--

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ ТЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 13-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдік ескерілген баға	Қаржылық орнықтылық көрсеткіші	жылында жасалған өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәніне сәйкес келетін мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жалпы сомасы	Өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанына сәйкес келетін мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың саны	Өтінімді беру күні мен уақыты
---	-------------------------------	---------------------	---------------	-----------------------	------------------------------	----------------------------	---------------------------------	--------------------------------	---	---	-------------------------------

Автоматты түрде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды салыстыру және жеңімпазды анықтау:

1. № ___ лот бойынша жеңімпаз болып анықталсын: (жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы), екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы).

2. Тапсырыс беруші (тапсырыс берушінің атауы) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген мерзімде (жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы) мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасассын.

Не:

№ ___ лот бойынша мемлекеттік сатып алу (сатып алудың атауы): _____

*байланысты өткізілмеді деп танылсын.

Ескертпе:

*Мынадай мәндердің бірі: "берілген өтінімдердің болмауы.

Не:

Сатып алудың күшін жою жүргізілген, оған мыналар негіз болып табылады: Уәкілетті мемлекеттік органдардың актілері _____ № _____ (нұсқама, хабарлама, ұсыныс, шешім).

Күшін жою туралы шешім қабылдаған орган: (_____).

Не:

Заңның 6-бабы 10-тармағының ___ _ тармақшасына сәйкес сатып алудан бас тартылды.

Ескертпе:

* Егер тапсырыс беруші бірнеше болса, тапсырыс беруші туралы ақпарат көрсетілмейді.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі.

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
18-қосымша
Бекітемін:

(тапсырыс берушінің (бірыңғай ұйымдастырушының) толық атауы)

(аукциондық құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә. (ол бар болса))

Шешім № _____ күні _____

АУКЦИОНДЫҚ ҚҰЖАТТАМА

(аукцион атауы)

Тапсырыс беруші (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) _____

(атауы, орналасқан жері, БСН көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің өкілі (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) _____

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Ұйымдастырушы (бірыңғай ұйымдастырушы) _____

(атауы, орналасқан жері, БСН көрсетіледі)

Ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) өкілі _____

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Аукциондық комиссияның хатшысы _____

(Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

1. Жалпы ережелер

1. Аукцион қоса беріліп отырған аукцион нысанасына (лотына) сәйкес өнім берушіні (лерді) таңдау мақсатында жүргізіледі.

2. Осы аукциондық құжаттама (бұдан әрі – АҚ) өзіне мыналарды:

1) жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес осы АҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарды жеткізу шарттарын;

2) осы АҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес аукционға қатысу туралы келісімді;

3) осы АҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасының нысанын;

4) осы АҚ-ға 3-1-қосымшаға сәйкес бенефициарлық иелену туралы ақпаратын;

5) осы АҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарының нысанын;

6) осы АҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес тауарларды жеткізу үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтің нысанын;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшеліктің нысанын қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, осы АҚ-ға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі;

бұл ретте техникалық ерекшелікте жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылады. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге әлеуетті өнім берушінің әрбір жинақтаушы тауар туралы жеке техникалық ерекшелік беруі туралы талап көрсетіледі;

8) осы АҚ-ға 7-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа жеке-жеке беретін сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінің нысанын;

9) осы АҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес аукционға қатысуға қамтамасыз етуді енгізу үшін банктік кепілдіктің нысанын қамтиды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы аукционға бөлінген сома ___ теңгені құрайды.

4. Аукционға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтініммен бірге төменде тізбеленген нысандардың бірінде тауарларды сатып алуға бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы АҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

5. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі аукционға қатысуға өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болуы мүмкін емес.

2. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің аукциондық құжаттама ережелерін түсіндіруі

6. АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау, олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды қамтитын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде жүзеге асырылмайды.

7. АҚ-ның жобасына ескертулерді, сондай-ақ АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер веб-портал арқылы тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберулері мүмкін.

8. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АҚ-ның жобасына ескертулер, сондай-ақ АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде АҚ бекітілген болып саналады.

9. Ескертулер, сондай-ақ АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) АҚ-ның жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) оларды қабылдамауына негіздемелерін көрсете отырып, АҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамайды;

3) АҚ-ның ережелеріне түсіндірме береді.

АҚ-ның жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, АҚ-ны бекіткен сияқты тәртіппен веб-порталда өзгертілген АҚ-ны бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап АҚ бекітілген болып саналады.

10. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы АҚ бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастыруға міндетті.

АҚ-ның жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, веб-портал қатысушысы болып табылатын әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасымен бірге АҚ-ның бекітілген мәтінін де орналастырады.

11. АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында АҚ-ның жобасына келіп түскен ескертулер мен олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпаратты қамтиды.

12. АҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

13. АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден сұрау салулар келіп түскен кезде АҚ-ның ережелеріне түсіндіру мәтіні АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрініс табады.

14. Алдын ала талқылау нәтижелері бойынша тапсырыс берушінің шешімі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған тәртіппен шағымдануы мүмкін.

3. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

15. Аукционға қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және осы АҚ-да көзделген шарттар мен талаптарға сәйкес тауарды жеткізуге аукционға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ өзі туралы, Заңның 7-бабында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулеріне сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға әлеуетті өнім берушінің келісімі болып табылады.

16. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы АҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес аукционға қатысу туралы келісімді қабылдайды.

17. Аукционға қатысуға өтінім мыналарды:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттарды:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын рұқсаттарды (хабарламаларды) және (немесе) патенттерді, куәліктерді, сертификаттарды, басқа да құжаттарды;

осы АҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс;

2) сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шыққан жерінің атауы мен өндірушінің атауын және өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, осы АҚ-ға 7-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес әрбір жинақтаушы тауар туралы техникалық ерекшелікті жеке ұсынады.

Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерінде әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген өндірушілерден не олардың дилерлерінен немесе дистрибьюторларынан хаттардың (сертификаттардың, куәліктердің), техникалық паспорттардың, өнімнің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер өнімдердің техникалық паспорттары, сәйкестік сертификаттары және басқа тапсырыс беруші талап ететін құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілсе, ондай жағдайда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хатын ұсынуы тиіс;

3) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді Заңда белгіленген мөлшерде мынадай:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

осы АҚ-ға 7-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік түрінде;

4) осы АҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасын қамтиды;

5) осы АҚ-ға 3-1-қосымшаға сәйкес бенефициарлық иелену туралы ақпарат, ол өтініміміз жеңімпаз деп танылған жағдайда қорытындылар туралы хаттамада ашылуға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Аукциондық өтінімнің қолданылу мерзімі аукциондық өтінімдерді ашу күнінен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрауы тиіс.

19. Аукционға қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс.

20. Аукционға қатысуға өтінім, сондай-ақ аукционға қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және беріледі.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда оларға дәл (нотариалдық расталған)

Ескерту. 20-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы министрінің 04.12.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Аукционға қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі

21. Аукционға қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші веб-порталды пайдалана отырып, ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында береді.

22. Әлеуетті өнім берушілер берген аукционға қатысуға өтінімдер автоматты түрде веб-порталда электрондық өтінімдер журналында тіркеледі.

23. Аукционға қатысуға өтінім берген өнім берушіге тиісті хабарламаны веб-порталмен автоматты түрде жіберген сәтте аукционға қатысуға берілген өтінім қабылданған болып есептеледі.

24. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға берген өтінімі мынадай:

1) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы аукционға қатысуға өтінім берген;

2) аукционға қатысуға берілген өтінім осы аукционға қатысуға берілетін өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін түскен;

3) бастапқы баға осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

4) Заңның 7-бабының 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) 8), 9), 11) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларында веб-порталдан автоматты түрде кері қайтарылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасы теңгемен көрсетіледі.

5. Аукционға қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

26. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталатын күннен кешіктірмей мыналарға:

1) енгізілген аукционға қатысуға өтінімін өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) өзі енгізген аукционға қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің аукционға қатысуға өтінімін қайтарып алуға құқылы.

27. Аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі біткеннен кейін аукционға қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

28. Әлеуетті өнім беруші, оның аукционға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, аукциондық комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) аукционның қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді

6. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашу

29. Веб-портал аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған күн мен уақыт басталғаннан кейін бес минут ішінде аукционға қатысуға өтінімдерді автоматты түрде ашады.

Егер аукционға (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда мұндай өтінім де ашылады және қаралады.

30. Аукционға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал ашу күні автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал аукциондық комиссия мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге автоматты хабарламалар жібереді.

31. Аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге бастапқы бағаларды қоспағанда, қорытындылар хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін осы аукционға қатысуға өтінімдерді қарауға басқа әлеуетті өнім берушілердің қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

7. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау

32. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен АҚ-ның талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында аукциондық комиссия жүзеге асырады.

33. Аукциондық комиссия:

1) аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдарды және түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) аукционға қатысуға өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұратады.

34. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау кезінде аукциондық комиссия осы АД 44-тармағында көрсетілген жағдайда аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімнің мәніне әсер етпей түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, аукционға қатысуға өтінімді АҚ талаптарына жауап беретін ретінде қарайды.

35. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімнің енгізілген қамтамасыз етілуін АД талаптарына сәйкес келмейтін деп таниды:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болғанда;

2) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тиісінше ресімдемеу, ол аукциондық комиссияға белгілеуге мүмкіндік бермейтін мәліметтер болмаған кезде көрсетіледі:

аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлға;

банк кепілдігі түрінде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін аукционның атауы мен нөмірі;

аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі, оны беру шарттары, банк кепілдігі түрінде ұсынылған және (немесе) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы;

аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға;

пайдасына аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлға;

3) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету аукционға бөлінген соманың бір пайызынан аз мөлшерде енгізілген жағдайда.

Конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір тенгеге дейін дөңгелектенеді.

Өзге негіздер бойынша электрондық аукционға қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді АҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

36. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға рұқсат беру хаттамасында аукционға қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді АҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тану себебін көрсетеді.

Әлеуетті өнім берушіні Қағидалардың тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету соманың бір және одан да көп пайызы мөлшерінде енгізілген жағдайда осы АД талаптарына сәйкес келетін аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді таниды.

37. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету аукционға бөлінген соманың бір пайызынан аз мөлшерде енгізілген кезде әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын АҚ талаптарына сәйкес келтіру мақсатында аукционға қатысуға өтінімді қосымша қамтамасыз етуді енгізуге құқылы.

38. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға жіберілмейді (аукционға қатысушы деп танылады), егер:

1) өзі және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалған;

2) Заңның 7-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері болған. Заңның 6-бабының 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 8), 9), 11) және 13) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде кері қайтаруына жатады. Заңның 7-бабының 1-

тармағының 2), 10) және 12) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша аукциондық комиссия тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастырады.

3) егер оның аукционға қатысуға өтінімі АҚ талаптарына сәйкес келмейтін болып айқындалса, оның ішінде егер ол АҚ және Қағидалардың талаптарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі нысанында тауарлардың сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды, сараптама комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі, ол болған кезде қоса беріледі.

8. Бастапқы бағаларды бағалау және салыстыру және аукционның ең төменгі бастапқы бағасын анықтау

40. Веб-портал аукционға қатысушылардың бастапқы бағаларын автоматты түрде бағалауды және салыстыруды жүргізеді. Аукционның бастапқы бағасы ең төменгі бастапқы баға негізінде анықталады.

Егер өткізілетін аукционның мәні болып табылатын, аукционның басқа қатысушысы ұсынған бастапқы бағаға тең тауардың бастапқы бағасы ұсынылған жағдайда, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен тауардың бастапқы бағасы ең төмен бастапқы баға деп танылады.

9. Аукционды өткізу

41. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуді мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор қамтамасыз ететін веб-порталда нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.

42. Аукцион веб-порталда аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген күні және уақытта өткізіледі.

Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттама орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні өткеннен кейінгі жұмыс күні аукцион өткізілетін күн болып табылады.

Аукционның басталу уақыты Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірілмей белгіленеді.

43. Аукционға аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілер қатысады.

44. Аукцион, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан бастап, баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету жолымен жүргізіледі.

45. Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасының жарты пайызынан бастап (0,5) бес пайызына дейін құрайды.

46. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар баға туралы ағымдағы ең төменгі ұсынысты аукцион адымы шегіндегі шамаға төмендетуді көздейтін, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныстарын береді.

47. Аукционға қатысушы, егер өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы мұндай ұсынысты аукционның осы қатысушысы берген жағдайда, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ағымдағы ең төмен ұсыныстан төмен болатын ұсынысты беруге құқығы жоқ.

48. Аукционға қатысушылардың өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныстарын қабылдау уақыты аукционды өткізу басталғаннан бастап отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейінгі он минутты құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың неғұрлым төмен бағасы туралы бір де бір ұсыныс келіп түспесе, аукцион аяқталады.

49. Веб-портал аукцион жеңімпазын ең төменгі баға негізінде автоматты түрде анықтайды.

Екінші орын алған аукционға қатысушы ең төмен бағадан кейінгі баға негізінде анықталады.

50. Егер өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың бастапқы бағасы аукционның басқа қатысушысы ұсынған бастапқы бағаға тең ұсынылған жағдайда, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен тауардың бастапқы бағасы ең төмен бастапқы баға деп танылады.

51. Егер аукцион басталғаннан кейін отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың ешқайсысы өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс бермеген жағдайда, бастапқы бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы болып танылады.

52. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукционды өткізу аяқталған күні автоматты түрде қалыптастырылады және веб-порталда орналастырылады.

10. Аукционға қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

53. Ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге электрондық банктік кепілдік түрінде енгізілген аукционға қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді:

1) аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін осы әлеуетті өнім беруші өзінің аукционға қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда аукцион хаттамасын орналастырғанда;

2) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғанда қайтарады. Аталған жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойғанда және оның АҚ-да көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде қайтарады.

54. Бірыңғай оператор әлеуетті өнім берушіге өзі бұғаттаған аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алған;

2) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда автоматты түрде бұғаттан шығарады. Аталған жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойған және ол АҚ-да көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайларда автоматты түрде бұғаттан шығарады.

55. Электрондық банктік кепілдік түрінде енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы мынадай:

1) аукцион жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) аукционның жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, АҚ белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не тиісті түрде, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың біреуі туындаған кезде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды.

56. Электрондық әмиян арқылы енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бірыңғай оператор бұғаттайды және мынадай:

1) аукцион жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

Бұл ретте, жұмыс көлемі қосалқы мердігерлікке берілген жағдайда, Мердігер қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі Қосалқы мердігерге бөлінген соманың 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем төлеуге міндеттенеді.

Аралық төлемдерді Тапсырыс беруші ақшалай қаражатты Мердігердің есеп шотына аудару жолымен төлейді <төлем шарты> Тараптар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстар актілеріне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып төлейді бұрын төленген авансты, сондай-ақ кепілдік жарнаны шарт сомасының 5 (бес) пайызы мөлшерінде, <сома>мөлшерінде ұстап қалуды көздейді.

Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі Қосалқы мердігерге аралық төлемдерді Мердігер бұрын төленген авансты пропорционалды ұстауды ескере отырып, Тапсырыс берушіден Мердігердің есеп айырысу шотына аралық төлемдер түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

Орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші мердігердің есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізеді <төлем шарты> тараптар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей.

Мердігер орындалған жұмыстар үшін қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміндегі қосалқы мердігерге ақы төлеуді Мердігердің есеп шотына Тапсырыс берушіден төлем түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Бір қаржы жылы шеңберінде жұмыстар орындалған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар аяқталғаннан және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде <сома> мөлшерінде шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын төлейді.

Егер жұмыстарды орындау мерзімі бір қаржы жылынан асқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар аяқталғаннан кейін және құрылысы аяқталған соңғы жылы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде <сома> мөлшерінде шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын төлейді.

Ескерту. 3.3.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3.4. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

3.5. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) < аумақтық қазынашылық органында тіркелген / қол қойылған> шарт;

2) орындалған жұмыстар актісі(лері)б;

3) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың актілері (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттайтын, көрсететін электрондық шот-фактура;

б) "Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидалары) 115-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем сертификаты.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы тапсырыс берушілер қазынашылық сүйемелдеу үшін айқындаған объектілерді салуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде <сомаға> теңгеге тең және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарттың мәні бойынша көзделген аванс мөлшеріне тең <сомаға> теңгеге 4, <Сондай-ақ Заңның 13-бабына сәйкес тең сомаға енгізілсін <сома > теңге > 5, бұл жалпы <қамтамасыз ету сомасы> (<жазумен қамтамасыз ету сомасы>) теңгені құрайды:

Мердігердің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 43-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін ол Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып

тіркелген) сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген қандай да бір құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы, шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

9). Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған орындалған жұмыстардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен бекітілген актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы елішілік құндылық туралы есепті ресімдеу және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберу;

10) Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың актісін бекіткеннен кейін электрондық шот-фактураның ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураны жазып берсін- текстуралар;

11) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік сатып алу шотын ашуға;

12) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты инвестициялық жобаны іске асыру кезінде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша қаражатты жұмсауды қазынашылық органдарында ашылған мемлекеттік сатып алу шоттары арқылы жүзеге асыруға;

13) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) қазынашылық органдарында мемлекеттік сатып алу шоттарын ашу

шартымен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға. Мұндай талап тиісті қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындаушылық) шарттарында көрсетіледі;

14) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттар бойынша ол қосалқы мердігерлік шарттарында қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттарына ақшалай қаражат аудару туралы талаптың болуын, сондай-ақ Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес шот-фактураларды жазып беру шартының болуын қамтамасыз етуге;

15) талдау жүргізу үшін Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігерлердің тізбесін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынуға;

16) тәуекелдердің жоқтығы тұрғысынан талдау жүргізілген қосалқы мердігерлердің тізбесін қазынашылық органдарына ұсынуға;

17) қазынашылық сүйемелдеу шеңберіндегі мемлекеттік сатып алу туралы шартта қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттың деректемелерін көрсетуге;

18) қазынашылық органдарында төлем сертификатын ұсынуға, сондай-ақ Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігердің төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге;

19) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар арқылы орындауға міндеттенеді;

20) Шарт күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесін әзірлесіп және Тапсырыс берушіге келісуге ұсынсын;

21) Шарт күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерге сәйкес ұйымдастырушылық-технологиялық құжаттаманы және жұмыс күшінің қозғалыс кестесін әзірлеу;

22) Шарт күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге " Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде 12527 номерімен тіркелген) шарттық бағалар каталогы негізінде орындалатын жұмыстарға мердігердің сметасын (офертасын) ұсыну.

4.2. Мердігер:

1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа 1-қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

1) егер жер учаскесін босатуға байланысты жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген болса, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жер учаскесінен Мердігерге жұмыстарды орындауға кірісуге, оларды жүргізуді және аяқтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілері ауысуға жататын өз бетінше салынған құрылыстардан, өзге де бұрыннан бар үйлерден, құрылыстардан, құрылыс жайлардан үйінділер мен қоқыстардан босатуға;

2) жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының объектіге кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

3) орындалған жұмыстардың сәйкессіздіктері анықталған кезде дереу жазбаша мердігерді хабардар етуге;

4) жұмыстарды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың актісі бекітілсін не мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағында белгіленген мерзімдерде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелері көрсетіле отырып, жұмыстарды қабылдаудан бас тартылсын;

5) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың актісі бекітілгеннен кейін ақпараттық жүйеде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес мердігер электрондық нысанда электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген шот-фактураны қабылдасын электрондық шот-фактуралар;

6) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес мердігерлерге (қосалқы мердігерлерге) инжинирингтік компания беретін төлем сертификатын беруді қамтамасыз етуге;

8) өндірістік жұмыстар басталғанға дейін Мердігерге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795

болып тіркелген) Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына сәйкес барлық қажетті құжаттарды беруге;

9) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді;

10) Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталға Мердігердің байланыс деректері бар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада көзделген негізгі құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен конструкциялар қажеттілігінің жиынтық ведомосын (тізілімін) жүктеуге міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасы қазынашылық қолдап отыру үшін тапсырыс берушілер айқындаған объектілерді салуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

Ескерту. 4.3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4.4. Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

5. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2. Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

5.3. Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде

Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілуге тиіс.

5.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

<№. Жаңа тармақ>*

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

6.1. Өнім берушінің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда Жұмыс орындалды деп саналады.

6.2. Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе электрондық көшірмесі белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер жұмыстар шетелдік шығарылған материалдар мен жабдықтардан орындалған болса-қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген

шығарылған елді айқындау қағидаларының талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

6.3. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес мердігер орындаған және авторлық және техникалық қадағалаумен расталған жұмыстарды тапсыру ай сайын, бірақ есепті айдың 25-күнінен кешіктірілмей, жұмыстарды орындау фактісі бойынша жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың Тараптар қол қоятын актісімен ресімделеді және орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама.

7. Кепілдік. Сапа

7.1. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде объектіге ағымдағы қызмет көрсету мердігер (қосалқы мердігер) беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде

жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі (бар болса) себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету Мердігер беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырысшының талап етуі бойынша Мердігер жұмыстарды орындау нәтижелері сапасының техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

7.2. Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті <кепілдік мерзімі> мерзіміне береді.

7.3. Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға (олар болған кезде) байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті қандай да бір зақымдану түрлерінен немесе жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етеді. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

<№. Жаңа тармақ>*

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2. Секвестр және/немесе мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында/есеп шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты (оның ішінде аванс) Мердігерге Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.

8.3. Жұмыстарды орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындау) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15%-нан аспауға тиіс.

8.4. Мердігер Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолданылуы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші мердігерден/орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құнына төлем жүргізеді.

8.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.6. Егер кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, онда Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұрау салулары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7. Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара біреуге беруіне жол берілмейді.

8.8. Қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Тапсырыс берушімен келісілмеген қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, сондай-ақ қосалқы мердігерге жалпы көлемнің отыз пайызынан астамын берген кезде тапсырыс беруші растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

Өнім беруші қосалқы мердігерлерге жұмыстарды орындау үшін беретін жұмыстардың шекті көлемі жиынтығында орындалатын жұмыстардың жалпы көлемінің отыз пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлер жұмыстарды орындау көлемін өзге қосалқы мердігерлерге бермейді.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға жүргізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді 7,8.

Ескерту. 8.8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8.9. Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты ол бұзылған жағдайда, Заңның 13-бабына сәйкес Мердігер енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

8.10. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда (бар болса) қамтамасыз ету сомасын Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Мердігер Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Мердігерге қайтарады.

<№. Жаңа тармақ>*

9. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

9.1. Шарт <Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін/қол қойған күннен бастап> күшіне енеді және <қолдану мерзімі> жылға дейін қолданылады.

9.2. Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде жұмыс ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соғады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін Жұмыстарды тоқтатуға Мердігерге нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады.

9.3. Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер <күн саны> күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса және егер Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстардың тоқтатыла тұру себептері туралы жазбаша хабарламаса, бұл ретте жұмыстардың тоқтатыла тұру себептерін Тапсырыс беруші Мердігерге байланысты емес деп келісілген болса.

3) Мердігер Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау <күн саны> күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4. Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы.

9.5. Шарт мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған;

3) Мердігер конкурсқа қатысуға мәлімделмеген жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлерді (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыларды) тартқан, сондай-ақ жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерге (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыға) Заңның 17-бабының 8-тармағында белгіленген көлемнен асатын көлемде жұмыстарды (қызметтерді) берген жағдайда;

3) қайта ұйымдастыруды, не жеке тұлға болып табылатын өнім берушінің қайтыс болуын қоспағанда, тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын мердігер таратылған не банкрот болған жағдайда;

4) Мердігер беруші немесе заңды тұлға болып табылатын Мердігер таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

5) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, Мердігер қайтыс болған (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы немесе қайтыс болды деп жариялауы) жағдайда;

6) негізінде шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

7) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Мердігер жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

8) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

9) Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

10) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

Ескерту. 9.5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 04.03.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9.6. Егер Шарт бұзылса, Мердігер дереу Жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді.

9.7. Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

10. Хабарлама

10.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

11. Форс-мажор

11.1. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдаяттар туындаған жағдайда, өзіне

алған міндеттемелерді орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2. Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық растауларды одан алуға құқығы бар.

11.3. Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4. Егер форс-мажор жағдаяты Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

12. Даулы мәселелерді шешу

12.1. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

12.2. Егер келіссөздер процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша туындаған келіспеушіліктерді немесе дауларды шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

13.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

13.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

13.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Өзге де шарттар

14.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

14.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

14.3. Мердігердің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамадағы өзгерістерге байланысты соманың ұлғаюы бөлігінде шартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, шарт сомасын ұлғайту әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу бағасын ұсынған кезде есептелген ең төменгі шекті демпингтік құн ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 14.3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 06.08.2025 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14.4. Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

14.5. Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

14.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<№. жаңа тармақ>*

Ескертпе:

* Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

15. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы>БСН

<Тапсырыс берушінің БСН>БСК

<Тапсырыс берушімен толтырылады> ЖСК

<Тапсырыс берушімен толтырылады>

Банктің атауы

<Тапсырыс берушімен толтырылады>

Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> <Тапсырыс берушінің лауазымы>

<Тапсырыс берушінің ТАӘ (бар болса)>

Өнім беруші

(Өнім беруші ақша талабын (факторингті)

<басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

<Өнім берушінің толық атауы>

<Өнім берушінің толық заңды мекенжайы> БСН/ССН/ТЕН

<Өнім берушінің БСН/ССН/ТЕН>

БСК<Өнім берушімен

толтырылады>ЖСК<Өнім берушімен

толтырылады> Банктің атауы

<Өнім берушімен толтырылады>

Тел.: <Өнім берушінің телефоны>

<Өнім берушінің лауазымы>

<Өнім берушінің ТАӘ (бар болса)>

Ескертпе: Банк деректемелері Тапсырыс берушілермен және Өнім берушілермен толтырылады және осы Шарттың Тараптарына ғана қолжетімді.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты (ол бар болса).

"Толық бітіріп берілетін құрылыс" бойынша мемлекеттік сатып алудың үлгілік шарты

Ескерту. Қағидалар 39-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 14.07.2025 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

< Сәйкестендіру нөмірі >

< Тапсырыс берушінің өңірі > № < шарттың нөмірі > < шарттың күні >

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын <Тапсырыс берушінің толық атауы>, < Тапсырыс берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін <Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің ТАӘ (бар болған жағдайда)> атынан әрекет ететін бір тараптан және бұдан әрі "Мердігер" деп аталатын <Өнім берушінің толық атауы>, < Өнім берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін <Өнім берушінің лауазымы> < Өнім берушінің ТАӘ (бар болған жағдайда)> атынан әрекет ететін екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және <қорытындылардың күні> № <қорытындылардың нөмірі> <сатып алу тәсілі> тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1-тарау. Ұғымдар мен анықтамалар

1.1. Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген) көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) объекті – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

4) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;

5) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар.

*

2-тарау. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (Жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

ерекшелігі бойынша - 1 бойынша шарт мәнінің қысқаша сипаттамасы>**;

2.2. Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттардың тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);
- 4) консорциумдық келісім (Консорциуммен Шарт жасасқан жағдайда).

5) Әлеуетті өнім берушінің "Толық бітіріп берілетін құрылыс" шарты бойынша жұмыстарды орындауға келісімі (міндеттемелері).

2.3. Орындалған жұмыстардың көлемі тараптардың өкілдері қол қойған орындалған жұмысқа қабылдау-тапсыру актісімен расталады.

2.4. Жұмыстар Мердігердің қаражаты есебінен орындалады: егер Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, Орындаушының материалдарымен, күштерімен және құралдарымен және оның тәуекелімен.

2.5. Мердігердің арнайы дағдылары болуы керек және осы жұмыс түрін қамтамасыз етуге құқық қабілеттілігі. Мердігер өз есебінен мердігерге қажетті барлық рұқсат құжаттарын, оның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және шарт бойынша жұмыстар көрсетуге мемлекеттік және өзге де органдардан қоршаған ортаға эмиссияларға арналған рұқсатты, кіру визаларын, тұруға арналған рұқсаттарды, рұқсатты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өзге де рұқсаттарды өз есебінен алуға және толық күшінде және қолданыста ұстануға тиіс шетелдік персонал үшін жұмысқа.

2.6. Мердігер жоғарыда аталған жұмыстарды орындауға міндеттенеді, осы Шарттың талаптарына сәйкес және Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары бойынша орындалған Жұмысты қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Мердігер осы Шартқа қол қою арқылы мынаны растайды:

заңға сәйкес құрылған және жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады; осы Келісімге қол қою үшін ешқандай шектеулер немесе тыйымдар жоқ;

осы Келісімге қол қоймас бұрын оның барлық іскерлік тәуекелдерін бағалады және анықтады.

Мердігердің жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу туралы шарттардың жобаларында мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және олардың мердігерлерінің (бар болған жағдайда) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көрсету туралы талаптар қамтылуға тиіс Индустрия және индустриялық дамуды қолдау.

3-тарау. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа 1-қосымшамен анықталады және <шарттың сомасы> (<сома жазумен>) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, <оның ішінде ҚҚС-ты < ҚҚС сомасын> теңге>/ҚҚС-сыз> (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

3.2. Аумақтық қазынашылық органында Шарт бюджеттік бағдарламасы, кіші бағдарламасы, - () теңге1 ерекшелігі бойынша, теңге/ <____> жылға тіркеуге жатады.

3.3. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді Орындаушы аванстық төлемнен бас тартқан жағдайларды қоспағанда, 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жасайды.

Шарттың жалпы сомасының _____% (____ пайыз) мөлшеріндегі аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және төлеуге шотты ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) осы Қағидалардың 301-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі, аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді.

Шарттың жалпы сомасынан _____% (____ пайыз) мөлшерінде аванстық төлем (алдын ала төлем) Мердігер аванстық төлемді (алдын ала төлемді) және төлемге шот-фактураны қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) аванстық төлемді қайтару үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жатады, ал аванстық төлем (алдын ала төлем) істерден басқа, аванстық төлемді қоспағанда, алдын-ала төлем жасалады.

Жұмыстардың көлемі қосалқы мердігерлікке берілген жағдайда, мердігер қазақстандық тауарөндірушілер тізіліміндегі қосалқы мердігерлікке бөлінген соманың 30 (отыз) пайыз мөлшерінде аванстық төлем төлеуге міндеттенеді.

